Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ӘОЖ 347 (574+410)

Қолжазба құқығында

ОТЫНШИЕВА АЙДАНА АЙТУКЫЗЫ

Қазақстандық және шетелдік заңнама бойынша жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі: Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау

6D030100 – Құқықтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
з.ғ.д., профессор
Ибраева Алуа Саламатовна

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD докторы, профессор,
Кастеллино Джошуа

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР **3**
АНЫҚТАМАЛАР **4**
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР **6**
КІРІСПЕ **7**
1 ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН ТҮСІНУ **17**
1.1 Табиғи құқықтың тұжырымдамасы: мәні және маңызы **17**
1.2 Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің түсінігі және тарихи даму кезеңдері **25**
1.3 Адам құқықтарының топтастырылуы: даму ерекшеліктері және қазіргі жағдайы **34**
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ **46**
2.1 Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің құқықтық негіздері **46**
2.2 Азаматтық – жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізі ретінде **53**
2.3 Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғау жолдары және тиімділігі **71**
3 ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ **79**
3.1 Ағылшын конституциялық құқығы бойынша адам құқықтары мен бостандықтары **79**
3.2 Ұлыбритания заңнамасы бойынша азаматтық институты **89**
3.3 Ұлыбританияда адам құқықтарын қорғау ерекшеліктері **99**
3.4 Ұлыбритания мемлекетінде және Қазақстан Республикасында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне салыстырмалы талдау: ұқсастықтары және өзгешеліктері **109**
ҚОРЫТЫНДЫ **116**
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ **121**

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтеме жасалады:

1. Диссертациялық кеңес туралы ереже Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығы // var/www/kze.docdat.com.
2. «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығы // Егемен Қазақстан 2011 жылғы 20 мамырдағы №207-210 (2612).

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамалармен мен терминдер қолданылды:

Адам – қоғамдық дамудың, өркениеттің нәтижесі, нақтылы тарихи жағдайлармен байланысты еңбек, қарым-қатынас және таным субъектісі болып табылатын индивид.

Азамат – аталмыш елдің азаматтығын алған, Конституцияда көрсетілген құқықтар мен міндеттердің барлық жиынтығына ие адам. Өз қадірін сезінетін, саяси және құқықтық мәдениетті меңгерген, «отанының лайықты ұлы» атағына сай және аталмыш мемлекеттің заңдарына бағынатын адам. Азамат мемлекеттің заңдарын бұлжытпай сақтауға және оның белгілеген міндеттерін орындауға міндетті.

Азаматтық – адамның нақты бір мемлекетке саяси және құқықтық қатысы, мемлекеттің және оның билігіне бағынатын адамның арасындағы өзара қарым-қатынасын білдіреді. Мемлекет өз азаматының заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге, қорғауға және оған шет елде қамқорлық жасауға кепілдік береді.

Билль – англо-саксондық құқықтық жүйеде заң шығарушы органның қарауына ұсынылатын заң жобасы.

Бипатрид – қос азаматтыққа ие адам.

Бостандық – елдің ішкі және сыртқы саясаты саласында әлеуметтік субъектілердің (жеке адамның, топтардың, қоғамдық-саяси ұйымдардың, т.б.) өз мақсаттары мен мүдделеріне орай әрекет жасау еркіндігі; құқықтық мүмкіндіктер аясы.

Декларация – мемлекеттік саясаттың, ұлттық және халықаралық қарым-қатынастардың негізгі қағидаларын салтанатты түрде жариялайтын құқықтық құжат.

Жеке тұлға – белгілі бір әлеуметтік қоғамның өкілі болып табылатын, сондай-ақ, белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, қоршаған ортаға өзінің қатынасын білдіретін және дара ерекшеліктері бар адам.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі - оның қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастардағы оның нақты күйін көрсететін, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, құқық субъектілігін, азаматтығын, заңды жауаптылығын қамтитын адамның құқықтық жағдайы.

Индивид – адамзат қауымдастығының дамыған жеке өкілі, бұл адамдардың психологиялық, әлеуметтік, мәдени, құқықтық және тағы да басқа сипаттамаларының физикалық алып жүрушісі.

Инкорпорациялау – инкорпорацияланған нормативтік актілердің мазмұнына тиіспейтін және объективті болып келетін құқық салаларын ескерусіз іске асатын тәртіпке келтіру түрі (алфавитттік, хронологиялық және нысаналық болуы мүмкін).

Кодификация – мемлекеттік биліктегі заң шығарушы органның белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеу үшін арналған жаңа нормативтік актіні жасауға, құрастыруға бағытталған қызметі.

Конвенция – келісім бойынша уағдаласушы жақтардың, тараптардың құқықтар мен міндеттемелерін негіздейтін құжат.

Конституция – белгілі бір мемлекеттің ең жоғарғы заңдық күші бар құқықтық құжаты.

Конституциялық-құқықтық мәртебе – Конституциямен өзге де конституциялық-құқықтық нормаларда бекітілген, мемлекет таныған және кепілдікке алған, адам және азаматтың негізгі құқықтары, бостандықтары, заңдық мүдделері мен міндеттерінің жиынтығы.

Көпмәдениеттілік – белгілі бір елдегі және әлемдегі мәдени айырмашылықтарды сақтау мен дамытуға бағытталған саясат және идеолоия.

Құқық – мемлекет арқылы қамтамасыз етілетін, әділеттілік туралы адамдардың көзқарастарынан көрініс табатын, жалпыға бірдей міндетті нормалардың жиынтығы.

Құқықтану – заң ғылымы.

Құқықтық мәртебе – құқықтық жағдай.

Магна Карта – 1215 жылы Ұлыбритания мемлекетінде адам мен азамат құқықтарының қорғалуы мақсатында пайда болған Еркіндіктің Ұлы Хартиясы.

Міндет – ол адамдарға заңмен бекітіліп жүктелген, орындалуы еріксіз сипатта өтетін іс-әрекеттер жиынтығы.

Міндеттеме – шартпен ресімделген азаматтық-құқықтық қатынас.

Натурализация – шетелдік азаматтардың белгілі бір елдің азаматтығын қабылдауын білдіретін процесс.

Октроирленген азаматтық – белгілі бір елдің азаматтығын сол мемлекетке сіңірген еңбегі үшін белгілі бір адамға сыйға тарту.

Омбудсмен – адам мен азаматтың құқықтарының, бостандықтарының сақталуы мен қорғалуын ешкімге бағынышты емес тұрғыда, тәуелсіз қадағалай отырып, сондай-ақ өз өкілеттігі шеңберінде бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мақсатында барлық қажетті шараларды жүзеге асырумен айналысатын лауазымды тұлға.

Ратификация – жоғарғы мемлекеттік билік органдарының құзыретті өкілдерінің өзара келісімімен қабылданған халықаралық келісімдер мен шарттарды бекітуі.

Реинтеграция – азаматтықты қалпына келтіру.

Репатриация – оралмандардың, қандас бауырлардың елге тұрақты тұруы үшін қайтып оралуы.

Трансферт – белгілі бір аумақ азаматтарының түгелдей аумақпен бірге келесі бір мемлекеттің азаматтығына автоматты түрде өтуі.

Трансформация – британ құқығы бойынша заң шығарушы органның халықаралық құқық нормаларын ұлттық заңнамаларға Парламент актілері арқылы өзгерту үдерісі.

Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.

Филиация – азаматтықтың тууы бойынша берілуі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АСҚХП (ICCPR) - Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт

АҚЕҚ (ECHR) - Адам құқықтары жөніндегі Европа Конвенциясы

АҚЕС (ECtHR) - Адам құқықтары жөніндегі Европа Соты

АҚШ - Америка Құрама Штаттары

АХҚО - Астана Халықаралық Қаржы Орталығы

БК (UK) - Біріккен Корольдік, Ұлыбритания

БКОА (UKCC) - Біріккен Корольдік және оның отар елдерінің азаматы

БҰҰ (UN) - Біріккен ұлттар ұйымы

ЕӘҚК (ESRC) - Европалық әлеуметтік құқықтар комитеті

ЕӘХ (ESC) - Европалық әлеуметтік хартия

ЕК (EC) - Европалық Кеңес

ЕҚ (EC) - Европа қоғамдастығы

ЕҚЫҰ (OSCE) - Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

ЕО (EU) – Европа Одағы

КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

Қазақ КСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

ҚР - Қазақстан Республикасы

ҚР ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігі

ҚР ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті

НҚА - Нормативтік құқықтық акт

ТМД - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ТР (ILR) - тұрақты тұруға арналған рұқсат

ІІО - Ішкі істер органдары

ҰША (UKBA) - Ұлыбритания Шекара Агенттігі

ХТО - халықаралық төрелік орталығы

ЭӘҚХП (ICESR) - Экономикалық және әлеуметтік құқықтар туралы халықаралық пакт

КІРІСПЕ

Диссертациялық еңбекте Қазақстан Республикасы мен Ұлыбританияның тәжірибесінің негізінде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі жан-жақты пайымдалады. Отандық және шетелдік ғалымдардың жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі ұғымына, оның ішінде адам және азамат құқықтарына, адам құқықтарын қорғау жолдарына байланысты тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасай келе, олардың қол жеткізген маңызды ғылыми көзқарастары, ұстанымдары теориялық және тәжірибелік тұстарынан қарастырылып, зерделенді.

Диссертация тақырыбының өзектілігі. 1990 жылдың 25-ші қазанында қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының "Мемлекеттік егемендігі" туралы Декларация – жаңадан қалыптасып келе жатқан еліміздің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің негізгі бағдарламасы болып бекітілді. [1] Кеңестік заманда, түрлі ғылым салаларында, ең алдымен заң ғылымдарында адам құқықтары идеясының дамуы, қорғалуы мәселелері бірінші кезекте тұрмады деп айтуға әбден болады. Шынайы өмірде адам құқықтары жекелей емес, тек ұжымдық, қоғамдық құқықтардың көлеңкесінде ғана жарияланып, пайда болды. [2]

Жаһандану дәуірінде адамзат өркениетінің өзекті мәселелерін шешудегі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің рөлі артып келеді. Құқықтық мәртебеге адамның және азаматтың құқықтары, мүдделері, бостандықтары мен міндеттері кіреді. Соңғы жылдары әлемдік құқықтық жүйеде және Қазақстанның құқықтық жүйесінде түбегейлі өзгерістер болды. Бұл өзгерістер адам құқықтарын қорғау, сақтау және дамыту үшін негіз болады. Бұл бір жағынан, әлемдік жаһандануға негізделген интеграция және аймақтандыру процесі, екінші жағынан, Қазақстандағы ішкі саяси және либералды реформалар процестері. [3]

Елбасымыздың "Қазақстан-2050" Стратегиясында: «Адамдардың жағдайын түбегейлі өзгертудің, өмір сүру жағдайын жақсартудың өмірлік маңызы бар. Біз демократиялық даму үлгісі негізінде азаматтық қоғам институттарын дәйекті түрде қалыптастырдық. Адам құқықтары жөніндегі Омбудсмен институты құрылды» - деп тұжырымдалған. [4]

Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің бір баяндамасында халықаралық қаржы орталығын халықаралық нарыққа қалай ашу керектігі туралы көзқарасын білдірген болатын. Және де халықаралық нарыққа шығудың ең оңтайлы жолы – бұл ағылшын құқығы екендігін атап өтіп, нақтылады. [5]

Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесін реттеу саласындағы ұлттық заңнаманың дамуына айтарлықтай ықпал ететін бірқатар халықаралық құжаттар бар. Олардың ішінде ең алдымен 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпы декларациясын [6], 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні, 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні [7] атап өту керек. Аталған құқықтық құжаттар негізінде «Құқықтар туралы Билль» жарық көрді. Ол барлық халықтар мен мемлекеттер жүзеге асыруға, ұсынуға, тануға және сақтауға

тырысатын жарияланған идеялар, көзқарастарды қамтиды.

1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы алғаш рет адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының басымдығын жариялады. Кейіннен ол, қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Ата заңымызда жан-жақты кеңейе түсті. Бұл құқықтар мен бостандықтар басқа да конституциялық заңнамаларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтығы туралы заңында көрініс тапты.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларын өз нәрімен сусындататын, зор ауқымды саяси-құқықтық күшті, бойына жинақтаған Қазақстан Республикасының Конституциясының II бөлімі [8] түгелдей дерлік адам және азамат тақырыбына арналған. Конституцияда адам, оның өмірі, құқықтары, міндеттері мен бостандықтары – мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде қарастырылып, бекітілгені барлығына мәлім. Жалпы, кез-келген қоғамда, кез-келген мемлекетте адам мен азаматтың құқықтық жағдайын құқықтық тұрғыдан қорғау өзектілікке ие. Сондықтан, зерттелетін тұстары мен түрлі шеңбер аясынан қарастырылатын мәселелері ауқымды болып келеді.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Ұлт жоспары – бес институционалдық реформасын жүзеге асыру 100 қадамы” [9] мемлекеттік бағдарламасында да адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды жүзеге асырудың басты бағыттарын көрсеткен.

Жаһандану дәуірінде адамзат өркениетінің көкейкесті мәселелерін шешуде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің, соның ішінде адам мен азамат құқықтары, мүдделері мен бостандықтарының, міндеттері мен міндеттемелерінің мәні мен маңызы күннен күнге арта бермек. Десек те, соңғы жылдары елімізде болсын, шет елдерде болсын адам құқықтарының қорғалып, қамтамасыз етіліп, дамуына негіз болатын түбегейлі өзгерістер байқалуда.

Нақтырақ айтқанда, бүгінгі таңда оның қажеттігі мен рөлінің артуына алғышарттар көптеп қалыптасуда. Ол бір жағынан, әлемдік жаһанануға негізделген интеграциялық әрі аймақтандыру үдерісі болса, екінші жағынан, Қазақстандағы ішкі демократиялық және либералдық реформалық үдерістердің жүруі. Осының бәрі адам мен азамат құқықтарының өріс алуына, тамырын терең жаюына әрі оның маңыздылығының артуына ықпал етуде. [10]

Адам құқықтары мен бостандықтары институтының ерекшеліктерімен және оларды іске асырумен, заң ғылымы мен прогрессивті қозғалыстар өзекті, терең ұлттық және құқықтық мәні мен түпнегізін тапты. Құқықтары мен бостандықтарды іске асыру мен қорғаудың барлық мәселесі кешенді, көп қырлы болып келеді, сондықтан заң ғылымының теориясы мен жалпы тәжірибесі үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Диссертациялық жұмыс жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі, оның ішінде адам құқықтары мен бостандықтары, азаматтық институтының мәні және адам құқықтарын қорғау жолдарын кешенді түрде қарастырып, өзара байланысты зерттеуге бағытталған.

Мемлекет жеке тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын, міндеттерін қоғамның экономикалық және саяси даму деңгейіне байланысты заңды түрде бекітіп, ресімдейді. Заң шығарушы орган нақты құқықтарды қорғай отырып,

жүзеге асыру үшін тек қана әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттарды жүзеге асыруға арналған құқықтарды ғана белгілей алады. Яғни, нәтижесінде саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтар туындайды. Адамның жеке құқықтары заң шығарушының «сыйлығы» емес, ол адам үшін белгілі бір өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін әлеуметтік мүмкіндіктер болып саналады. Заң шығарушы адамның құқықтары мен бостандықтарын жасанды түрде «азайтып» немесе «асыра» алмайды; ол адамның әлеуметтік қарым-қатынастары, қоғамның және мемлекеттің экономикалық дамуының жай-күйін негізге алуға арналған. [11]

Адамның және азаматтың құқықтық мәртебесі, соның ішінде оның негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттері өзара қарым-қатынас жасаудың теңгерілген жолдарын құруға және адам, қоғам және мемлекет арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыруға әсер етеді.

Астана Халықаралық Қаржы Орталығын (АХҚО) құру әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына ену құралдарының бірі болып табылады. [12] Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің бір сөзінде «біз бұл міндеттің өте ауқымды екенін түсінеміз және қабылдаймыз. Бұл жаңа сапалы инвестициялар мен технологияларды тарту мен ұстап тұруды қамтамасыз ететін тұрақты жоғары сапалы экономикалық өсуді талап етеді. Алайда, біз реформадан қорықпаймыз. Сондықтан, бұрынғы Кеңес Одағының аумағында тұңғыш рет ағылшын құқығы біздің елімізде ортақ әділет жүйесі аясында сәтті қолданыла бастайды. Мен, ең құрметті және беделді британдық судьялардың құрамынан тұратын АХҚО сотының құрылуы, оған түпкілікті сәттілігін қамтамасыз ететініне сенімдімін. Бүгінгі таңда АХҚО соты мен халықаралық төрелік орталығы (ХТО) өз тарихын жаза бастайды және жергілікті және жаһандық деңгейде сенім элементін дамытады. Біздің бәсекелік артықшылықтарымызды пайдаланатын уақыт жетті», - деген еді. [13]

Халықаралық төрелік орталығы АХҚО-дағы азаматтық және кәсіпкерлік дауларды шешудің ең оңтайлы халықаралық стандарттарына сәйкес әрекет ететін сот ісін жүргізудің тәуелсіз, экономикалық тиімді және жедел баламасын ұсынады. [14]

Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғау жөніндегі заңнаманы және шараларды жетілдіру бойынша негізделген ұсыныстар мен ұсыныстарды қамтитын жаңа ғылыми және теориялық тәсілдерді әзірлеу қажеттілігіне назар аудару қажет. Мемлекеттің басты міндеті адам құқықтарын тиімді қорғау екенін ескере отырып, заң ғылымы алдында адамның құқықтық мәртебесінің негізгі ерекшеліктерін кешенді зерттеу міндеті тұр. [15] Жоғарыда аталғандардың барлығы диссертациялық зерттеудің өзекті екендігін көрсетеді.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін зерделеу философия, әлеуметтану, саясаттану, құқықтану сияқты түрлі салалардың әртүрлі ғылыми бағыттары мен аспектілерінде жүргізілуі мүмкін, ол бұл мәселені жан-жақты және толық зерттеуге мүмкіндік береді.

Осы заманда жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін зерттеген отандық ғалым заңгерлердің легі [16] де қалыптасып үлгерді. Олар: С.С.Сартаев,

С.З.Зиманов, Ғ.С.Сапарғалиев, М.Т.Баймаханов, В.А.Ким, З.К.Кенжалиев, Д.М.Баймаханова, А.С.Ибраева, Г.Р.Усеинова, К.К. Айтхожин, С.К. Амандыкова, З.К. Аюпова, Б.К. Байкадамов, С. Н. Сабикенов, А.Сман, А.А.Сабитова, А.Божкараулы, А.И.Пильников, В.В.Мамонов, Ж.Д.Бусурманов, Б.Б.Интыкбаева, А.В.Турлаев, Ж.Т.Баймуханбетова және басқалары.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің түсінігі, даму тарихы, адам құқықтары мен бостандықтарының орны мен рөлі, сарапануы [17], азаматтық тұжырымдамасы келесі ресейлік ғалым-заңгерлермен зерттелді. Олар: С.А.Авакьян, Н.Г.Александрова, М.В.Баглай, Н.В.Витрук, Н.Н.Алексеев, К.Д.Кавелин, П.И.Новгородцев, Л.И.Петражицкий, Е.Н.Трубецкая, Б.Н.Чичерин, Н.И.Матузов, Е.А.Лукашева, Г.В.Мальцев, В.С.Нерсесянц, С.С.Алексеев, В.С.Шевцов, В.Е.Чиркин, Ю.А.Дмитриев, В.И.Иванова, В.О. Лучин, А.В. Малько, В.А.Масленников, Н.А.Михалева, В.А.Патюлин, Ф.М.Рудинский, Б.Н.Топорнин, В.А.Четвернин, Б.С.Эбзеев, А.Х. Абашидзе, К. А. Бекяшева, И.П. Блищенко, А.В. Василенко және басқалары.

Зерттеу жұмысын Қазақстан Республикасымен қатар, Ұлыбритания мемлекетінде де адам құқықтарының мәртебесін зерттеген ғалымдар да баршылық. Олар: P.Alston, K.Annan, A.Bayefsky, T.H.Marshall, W.Kymlicka, F.Klug, A.Cassesse, P.Jones, P.Webb, N.Yuval-Davis, J.Castellino, H.Wray, E.F.Isin, P.K.Wood, B.S.Turner, J.Barbalet, M.Galey, K.R.Arnold, S.R.Amelli, N.Glazer, G.Nielsen, E.Kofman, C.Joppke, T.Faist, R.Koopmans, G.Berb, I. Brownlie, J. Carey, B.E. Carter, M. Doxey, P. Drost, J.Fitzpatrick, B.B. Ghali, J.P. Humphrey, H. Kelsen, B. Kimoon, H.Lauterpacht, L. Leblanc, M. McDougal, J. Merrils, M.Reisman, A. Robertson, Sh.Benhabib және басқалары. [18]

Адам құқықтарын зерттеуге арналған бірқатар диссертациялық еңбектер де баршылық.

Адам құқықтарының мәселелерін Д.М.Баймаханова өзінің «Проблемы прав человека в системе конституционализма в Республике Казахстан» докторлық диссертациясында жете зерттеді. [19]

Сонымен қатар, А.М.Дюсекованың «Проблемы имплементации норм международных пактов и конвенций по правам человека в национальном законодательстве Республики Казахстан» диссертациясында адам құқығын қорғайтын халықаралық құжаттарды, отандық заңнамаларды талдаған. [20]

А.Сманның «Правовое положение личности в Республике Казахстан (конституционно-правовой аспект)» докторлық диссертациясы Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің конституциялық бекітілуін қарастырған. [21]

А.Б.Сейфуллинаның «Ограничение прав и свобод человека в правовом государстве (общетеоретические проблемы)» диссертациялық қолжазбасында адам құқықтарының шектелуі жолдарын зерттеген. [22]

А.Б.Жумагуловаңың «Институт прав человека и гражданина: проблемы теории и практики» диссертациялық зерттеуінде адам және азаматтың құқығы институты теориялық және тәжірибелік мәселелерді ескере отырып, қарастырылған. [23]

Біздің жұмыс қазіргі кезеңде жаһандану жағдайында жеке тұлғаның

құқықтық мәртебесін анықтауға және Ұлыбритания мемлекетімен салыстыруға арналып жазылған, сондықтан осы тұсымен де басқа жұмыстардан ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасындағы және Ұлыбританиядағы жеке тұлғалардың құқықтық мәртебесін зерттеу, Қазақстан Республикасының адам құқықтары туралы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін **келесі міндеттер** қойылады:

– Жаһандандық үдерістер арқылы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін ашу және оған авторлық тұрғыдан түсінік беру, адам құқықтарының қорғалуының құқықтық негіздерін қарастыру;

– Қазақстанда адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының қалыптасу ерекшеліктерін айқындау, азаматтық институтын талдау және оны арықарай дамыту жөнінде ұсыныстар жасау;

– Ұлыбритания мемлекетінде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін ашу, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру механизмдерінің қамтамасыз етілуінің анықтау;

– Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетіндегі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне салыстырмалы талдау жасау, азаматтық институтын жетілдіру үшін халықаралық құқық нормаларын және шетел тәжірибесін еліміздің заңнамасына енгізу мүмкіндіктерін қарастыру;

– Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесін талдау негізінде адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру мақсатында құқықтық тәжірибе үшін ұсыныстар енгізу.

Зерттеу объектісі - жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтау барысында туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу пәні болып Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің ішкі заңнамаларында, халықаралық декларацияларда, Конвенцияларда, жарғыларда және Қазақстан Республикасы және Ұлыбританияның адам құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуы, қорғалуы, қамтамасыз етілуі табылады.

Зерттеудің әдістемелік базасы. Диссертациялық зерттеудің әдістемелік негізі жалпы ғылыми-зерттеу әдістерімен қалыптасады. Диссертацияда келесідей жалпы ғылыми таным әдістері қолданылды: анализ және синтез, дедукция және индукция, диалектикалық, материалистік және т.б. Жұмыс жеке ғылыми таным әдістерін – құрылымдық-функционалдық, нақты-тарихи, логикалық, статистикалық және т.б. кешенді қолдану арқылы жүзеге асты. Сондай-ақ, еңбекте формальды-заңды, талқылау, салыстырмалы-құқықтық сынды арнайы құқықтық әдістер де пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық базасын Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының жолдаулары, монографиялық зерттеулер мен қазақстандық және шетелдік жетекші ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды.

Зерттеудің нормативтік базасы. Зерттеудің нормативтік базасын қолданыстағы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы; 1991

жылғы Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы заңы; Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілері [24]; халықаралық декларациялар, жарғылар, Конвенциялар мен келісімдер; Ұлыбританияның Адам құқықтары туралы актісі және т.б. ұлттық және халықаралық құқықтық құжаттар құрайды.

Зерттеудің тәжірибелік базасын Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі басшысының сөздері, статистикалық зерттеу деректері құрайды.

Диссертация жұмыстың ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы заманауи ғылыми көзқарастар мен заманауи шындықтарды талдау негізінде адамның құқықтары мен бостандықтарын реттеу мен қорғаудың құқықтық негіздерін жан-жақты зерттеуден өткізілді.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің мәні мен мағынасын ашатындай, барлық анықтамаларға қосымша болатын жаңаша түсінік берілді. Жеке тұлғаның мәртебесінің дамуының тарихи кезеңдерінің көріністері мен өзіндік ерекшеліктері бағамдалды; адам құқықтарын, азаматтық концепциясын зерттеу саласындағы жинақталған шетелдік тәжірибені қазақстандық [25] тәжірибеде қолдану мүмкіндіктері тұжырымдалды.

Алғаш рет Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетіндегі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне, оның ішінде адам құқықтары мен бостандықтарына, азаматтығы құқығына салыстырмалы талдау жасалынды. Шетел тәжірибесінің оңтайлы тұстарын еліміздің заңнамасына енгізу жолдары қарастырылды. Адам құқықтарын қорғаудың жаңартылған жүйесі авторлық тұрғыдан ұсынылып, тәжірибеге енгізілді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы келесі нәтижелерден көрініс табады:

1. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі әлеуметтік мәртебенің бөлігі болып табылады және адам мен азаматтың қасиеттеріне байланысты болады деген тұжырым жасалды. Жеке тұлғаның «құқықтық мәртебесі» және «құқықтық жағдайы» ұғымдары тең мағыналы болып табылады. Адамның құқықтық мәртебесі құқықтардың, бостандықтар мен міндеттердің жиынтығы және осы құқықтарды қорғаудың кепілдіктері ретінде анықталады.

2. Азаматтық институтының маңыздылығы дәлелденген. Азаматтық институты - бұл Қазақстан Республикасы мен Ұлыбританияның конституциялық құқығындағы ерекше институт және қазіргі мемлекеттіліктің негізі екендігі анықталды.

3. Ұлыбританияда біртұтас Конституцияның болмауына байланысты адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары, міндеттері туралы жүйелі түрде мәлімет берілмейді, өйткені олар әртүрлі заңдармен, сот прецеденттерімен және құқықтық әдет-ғұрыптармен реттеледі. Құқықтар мен бостандықтардың сот арқылы тиімді қорғалуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғау аясында британдық омбудсмен моделі қызығушылық тудырады.

4. Ағылшын құқығы нормаларын Қазақстанның құқықтық тәжірибесінде қолдану процесіне ғылыми талдау жасалды. Бұл процесс Конституцияның және

халықаралық құқықтың үстемдігін қамтамасыз ететін инвестициялық заңнаманы дамыту үшін қажет деп тұжырымдалды.

Адам құқықтары мен бостандықтарының қазіргі заманғы тұжырымдамаларына ғылыми талдау жасалды; адам құқықтарына либералды (батыстық), мұсылмандық, марксистік-лениндік (социалистік) көзқарастардың ерекшеліктері анықталған. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі мемлекеттік және әлеуметтік құрылыстың негізгі қағидаттарының бірі болуы керек деген тұжырым жасалды. Қазақстан Республикасының азаматтығы институтын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Диссертацияда жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі - адамның мемлекет пен қоғамдағы заңды түрде бекітілген жағдайы деп танылады. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі әлеуметтік мәртебенің бір бөлігі болып табылады және адам мен азаматтың қасиеттерімен байланысты болады. Жеке тұлғаның «құқықтық мәртебесі» және «құқықтық жағдайы» ұғымдары тең мағыналы болып табылады. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесіне қарағанда адамдар үшін анықталады. Жеке адамның құқықтық мәртебесінің негізін - оның құқықтары, бостандықтары, мүдделері мен бірліктегі міндеттері құрайды. Жеке адамның бостандығы оның құқығы да болып табылады. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі Конституцияда бекітілген [8, 5б.] және адам құқықтарының жаңа тұжырымдамасына негізделген. Ол жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының жалпы құқықтық стандарттарын белгілейтін, деңгейін анықтайтын халықаралық-құқықтық құжаттарға негізделген.

Біздің ойымызша, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі дегеніміз - оның қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастардағы оның нақты күйін көрсететін, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, құқық субъектілігін, азаматтығын, заңды жауаптылығын қамтитын адамның құқықтық жағдайы. Бұл анықтама ғылыми айналымдағы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтайтын басқа анықтамаларға қосымша және ол анықтамаларды толықтыруға бағытталған болып табылады.

2. Қазіргі құқықтық танымда құқықтық мәртебені түсіну адам құқықтарының Жалпы Декларациясы [26] мен конституциялық нормалармен ұштасады. Оның басты себебі – Қазақстаннның тарихи дамуының ерекшеліктері болып табылады. Қазақстандық мемлекетте мемлекеттік құқық ғылымы XX ғасырда қалыптаса бастады. Алғашқы Қазақ Кеңестік Конституциялары – Негізгі заңдар бірқатар адам құқықтарын бекіткен болатын. Бұл кезеңдегі Негізгі заңдар адам мен азаматтың құқықтық мәртебесін айрықша категория ретінде көрсетпеді. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін айқындайтын арнайы институт-азаматтық институты болып табылады. Құқықтық мемлекетті жетілдіру үшін азаматтық институтын зерттеу және ғылыми негіздеу қажет, өйткені ол қазіргі заманғы мемлекеттіліктің негізі болып табылады. [27] Интергациялық үдерістердің дамуы азаматтық институтты жетілдіруге және шет ел заңдарын талдау негізінде қазақстандық заңнама шеңберінде азаматтықты дамыту жолдарын әзірлеуге, қазіргі мемлекет

пен қоғамда азаматтықтың рөлін анықтауға мүмкіндіктер береді.

Азаматтық институтын арықарай бекіту арқылы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша құқықтық нормалардың нәтижелі әрі мақсатқа сай дамуы құқық ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. [28] Құқықтық құбылыс ретінде азаматтық институтының тарихи дамуы және оның қазіргі әлемде қалыптасуы осы институтты талдауға қажеттікті туындатады. Азаматтық мемлекеттілік идеясының базалық компоненті әрі тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынас жасауының құқықтық негізі болып қарастырылуы тиіс. [29] Диссертация мазмұнында азаматтық институтын жетілдірудің жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, Ұлыбритания мемлекетінің Омбудсмен институтының оңтайлы тұстарын еліміздің тәжірибесіне енгізу қажеттігі айқындалады.

3. Ұлыбританияда адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары, міндеттері туралы жүйелі түрде мәлімет берілмейді, өйткені олар әртүрлі заңдармен, сот прецеденттерімен және құқықтық әдет-ғұрыптармен реттеледі. Құқықтар мен бостандықтардың сот арқылы тиімді қорғалуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. [30] Ұлыбританиядағы адамның құқықтық мәртебесінің даму тарихы ортағасырлардан басталады. Бұл 1215 жылғы Еркіндіктің Ұлы Хартиясында, 1679 жылғы Habeas Corpus Act, 1989 жылғы Құқық туралы Биллде көрініс тапты. Бұл актілер британдық адам құқығы туралы заңның қалыптасуы мен дамуын айғақтайды. Нәтижесінде британдықтарда мынандай қағида пайда болды: «субъектілер заңмен тыйым салынбаған нәрсенің бәрін жасауға құқылы».

Қазіргі уақытта, Ұлыбританияда, азаматтық құқықтарға: адамның және тұрғын үйге қол сұғылмауы, ар-ождан мен дін бостандығы, хат алмасу және телефон арқылы сөйлесу құпиялығы, жеке өмірді бақылаудың электронды құралдарынан қорғау кепілдендірілген. Адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғау аясында британдық омбудсмен моделі қызығушылық тудырады.

4. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтау барысында диссертацияның мазмұнында шет ел тәжірибесі қарастырылады. Біздің ойымызша, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі [31] саласын реттейтін қолданымдағы еліміздің заңнамасын жақсарту мен жетілдіру үшін ұсыныстар енгізуді жөн көріп отырмыз, атап айтқанда: елімізде сот әділдігін жүзеге асыру үшін ағылшын құқығының қағидаларын ендіру қажет, ол үшін ағылшын сот тәжірибесінің қажетті тұстарын еліміздің сот практикасын іске асыруда қолдануымыз керек, бұл дамыған демократиялық мемлекеттерде сот билігінің және адам құқықтарының іске асырылуының көрінісі болып табылады; диссертацияда британдық сот практикасын негізге ала отырып, еліміздің сот жүйесін жетілдіру негізінде судьялардың біліктілігін арттыру қажеттігі, халықаралық деңгейдегі істерді шешуі үшін судьяларды дайындауымыз қажеттігі туралы негізделеді, бұл жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін ұлғайтып, құқықтық мемлекеттің, азаматтық қоғамның арықарай дамуына және азаматтардың құқықтық санасы мен [32] мәдениетінің артуына әкеп соқтыратын болады. Ағылшын құқығы нормаларын Қазақстанның құқықтық

тәжірибесінде қолдану процесіне ғылыми талдау жасалды. Бұл процесс Конституцияның және халықаралық құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету және дамыту үшін қажет деп тұжырымдалды.

5. Адам мен азаматтың мәртебесін құқықтық реттеудің маңызды элементі болып жеке тұлғаның мәртебесі тұжырымдамасын бекіту, тұлғаның қоғамда және мемлекетте алатын орнын анықтау болып табылады. Адамның қоғам және мемлекет тіршілігінде алатын орны, оларға тиесілі [33] құқықтары мен бостандықтары туралы түрлі адамзатпен қалыптастырылған дүниетанымдық тұжырымдамалар әзірленген болатын. Ол тұжырымдамалар зайырлы және діни, жеке және ұжымдық, құқықтық рәсімі бар және әдет ғұрып түрінде және т.б. Қазіргі заманғы конституцияларда жеке тұлғаның мәртебесін бекітетін үш тұжырымдамалар бар, олар: либералды (батыстық), мұсылмандық, маркстік-лениндік (социалистік). Әлем елдерінің конституцияларында тұлғаның мәртебесінің тұжырымдамалары адамның жеке [34], саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қамтиды. Біздің ойымызша, бірінші орында жеке тұлға ретінде адам, оның өмірі, қол сұғылмаушылығы, бостандығы болуы керек, екінші орында оның қоғамдық өмірде және мемлекет ісіне араласуға мүмкіндігі болуы керек, үшіншіден экономикалық үдерістердің қатысушысы болуына құқық беру керек.

Жеке тұлғаның мәртебесін бекітетін жаңартылған жүйе мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негізгі қағидаларының бірі болуы тиіс. Ол адамның негізгі және салалық құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерінің тізімін және мазмұнын анықтауы [35] қажет, мемлекеттік органдардың қызметінің мақсаттарын, міндеттерін және мазмұнын көрсетуі керек. Бұл мәселелер диссертацияның мазмұнында жете зерттеледі және ұсыныстар беріледі.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары құқықтың жалпы теориясының дамуы үшін маңызы зор. Зерттеудің материалдары жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтау, адамдардың құқықтарын қорғау саласындағы заңдарды жетілдіруге және арықарай дамытуға септігін тигізеді және азаматтық институтын жетілдіру, омбудсмен институтын дамыту үшін, сонымен қатар, адам құқығының рөлі мен маңызын талдауда жаңа жолдарды негіздеу үшін негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері «Мемлекет және құқық теориясы», «Конституциялық құқық», «Әкімшілік құқық», «Мемлекет және құқық тарихы» пәндерін оқытуда, тиісті оқулықтар мен ғылыми жобаларды дайындауда университеттерде заңгерлерді даярлау процесінде қолданыла алады. Оларды конституциялық құқық нормаларын жетілдіру үшін, құқық қорғау органдарының қызметінде, азаматтықты қабылдау немесе бас тарту кезінде, құқық қорғау ұйымдарының тәжірибесінде де қолдануға болады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын жетілдіру мақсатында құқықшығармашылық қызметтері барысында, адам құқықтарын дамыту саласындағы ұйымдардың қызметтері мен тәжірбиесінде жұмыста

көрініс тапқан қорытындыларды, ұсыныстарды, қорғауға ұсынылатын тұжырымдарды қолдануға болады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері тиісті проблемаларды одан әрі дамыту, қазақ қоғамының конституциялық және құқықтық дамуындағы қазіргі үрдістерге сәйкес күрделі ғылыми және тәжірибелік зерттеулерді тереңдету, демократиялық құқықтық мемлекеттің құрылысы үшін қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерін анықтау. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен ережелері, ғылыми ұсыныстары 11 жарияланымда көрініс тапқан. Оның ішінде: 5 мақала ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен журналдарда, 5 мақала ғылыми халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, 1 мақала Scopus базасына кіретін журналда жарияланған.

Зерттеу материалдарының сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыстың теориялық нәтижелері мен қорытындылары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің мемлекет және құқық теориясы және тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының ғылыми семинар мәжілісінде талқылаудан өтті.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертацияның жалпы көлемі - компьютермен терілген 135 бетті құрайды. Құрылымы бойынша диссертация белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан және он тараушадан тұратын негізгі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН ТҮСІНУ

1.1 Табиғи құқықтың тұжырымдамасы: мәні және маңызы

Адам – бұл ортақ мүдделері бар қоғамның бір бөлшегі болып табылады. [36] Адам құқықтары мен бостандықтары - жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандықтары болып табылады.

Табиғи құқық адамның және адамзаттық қауымдастықтың пайда болуымен байланыстырылады. Адамның белгілі бір құқықтарға ие екені туралы алғашқы идеялар ежелгі дүниеде қалыптаса бастады. Бұл Сократтың, Платонның, Аристотельдің және антикалық дәуірдің өзге де ойшылдарының еңбектерінде аталып кеткен. [37] Ол кездегі табиғи құқықтың түсінігі және мәні осы күнгі түсініктен алдеқайда басқаша болды.

Аристотельдің ойынша адамдарды құлдар мен еркін адамдарға бөлу табиғаттан берілген деп түсінген, өйткені табиғаттың өзі бір адамдарды еркін етті және оларға иелену құқығын берді, ал екінші адамдарды құл етті, олар біріншілерге бағынуы керек болды. [37, с.7]

Ежелгі Рим мемлекетінде заңгерлер табиғи құқық туралы көп тұжырымдамалар жасаған. Ежелгі римдік заңгерлердің еңбектерінде құқықты – «jus civile» – позитивтік құқық тұрғысынан қарастырған азаматтық құқықтар, «jus gentium» – халықтар құқығы, «jus naturale» - табиғат құқығы немесе табиғаттық құқық, табиғи құқық етіп бөлген. [38]

Атақты ежелгі римдік заңгер Ульпиан табиғи құқыққа мынандай анықтама берген: «табиғи құқық – бұл барлық тірілерге табиғат үйреткен құқық: бұл құқық тек адамзат руына ғана тән емес, сонымен қатар ол жануарларға да, құстарға да тән болып табылады». [39]

Сонымен, Ежелгі Греция дәуіріне қарағанда, Ежелгі Рим кезеңінде табиғи құқық құқықтық негізделген және анықталған болып көрсетіліп отыр.

Дегенмен де, Ежелгі Рим мемлекетінде де табиғи құқыққа қатысты ғылыми көзқарастар қалыптаса қойған жоқ, құқықтық теориялар да орын алмады, тек жекелеген көзқарастар, кейінгі теорияларға негіз болатындай ойлар ғана қалыптасып үлгерді. Ал, табиғи құқық жануарларға да тән деген ой-пікір бұл теорияның аса жоғары деңгейде дамымағандығын көрсетті.

Ортағасырлық кезеңде табиғи құқықтың теориялық тұрғыдан дамуы әлдеқайда төмен болды. Себебі бұл уақытта интеллектуалды даму діни догмамен ұштасып жатты. Сондықтанда табиғи құқыққа қатысты мәселелер мәңгілік пен адам табиғатының өзгермейтіндігін анықтаған Құдайдың бастамасынан туындады. [40]

Ортағасырдан кейін келген Жаңа заман уақыты табиғи құқықтың гүлденген уақыты деп есептеуге әбден болады. Осы кезден бастап табиғи құқық импульсивті түрде дамып бастады. Буржуазиялық революциялар барлық адамдардың теңдігін, еркіндігін, басқа құқықтарының қағидаларын жариялады. Мұның барлығы АҚШ пен Франция мемлекеттерінің конституциялық мазмұны бар құқықтық актілерінде бекітілген болатын. Мысалы, 1776 жылғы АҚШ-тың

тәуелсіздік Декларациясында: «біз мыналарды шындық деп есептейміз: барлық адамдар тең болып жаратылған, және олардың барлығы өз жаратушыларымен кейбір ажырамас құқықтарға кемелденген, олардың қатарында: өмір, еркіндік және бақытқа ұмтылыс» - деп тұжырымдалған болатын. [41]

Американдық Декларацияның артынша 1789 жылғы Адам мен азаматтың Француз Декларациясында табиғи құқықтар өз бекімін тапқан болатын. Декларациясында «табиғи, бөлінбейтін және қасиетті адам құқықтары», оған «бостандық, қауіпсіздік және бассыздыққа қарсы шығу» ержелері бекітілді. [42]

Табиғи құқық теориясын бекіткен осы аталған және өзге де конституциялық нормалар тиісті құқықтық идеялардың пайда болуымен байланысты болып келді. Табиғи құқыққа қатысты жаңа құқықтық ой-пікірлер легін ойшыл-философтар Г. Гроций (XVI-XVII ғ.), ағылшын философы Т. Гоббс (XVII-XVIII ғ.), француз ойшылы Ж.Ж. Руссо (XVIII ғ.), П.Гольбах (XVIII ғ.) дамытты. [43]

XIX ғасырда арықарай либералды-демократиялық ағымның өшуіне, буржуазиялық революциялардың өршуіне және өзге де құқықтық ағымдардың белсеңді дамуына байланысты табиғи құқық теориясы дағдарысқа ұшырады.

Табиғи құқық теориясының дамуына орыс ғалымдары да өз үлестерін қосты, атап айтсақ - Е.Н. Трубецкой, Б.Н. Чичерин, П.И. Новгородцев, В.С. Соловьев, И.А. Ильин және т.б. [39, с.123]

Кеңестік заманда табиғи құқық теориясы ресми қолдау таппады.

Қазіргі кезеңде табиғи құқық теориясы кең тұрғыда талқыланады. Көптеген зерттеушілер табиғи құқықты әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде қарастырады және позитивтік құқықтық алғышарты ретінде талдайды.

Онымен қоса, қазіргі Қазақстан Республикасында адамның табиғи құқығы мемлекет тарапынан қолдау тауып, тиісті ережелері еліміздің Конституциясына енгізілді.

Қазіргі кезде табиғи құқық теориясының екі басты бағыты көрсетіледі:

Біріншісі - неотомистік теория болып танылады. Бұл бағытты ортағасырлық ілім иесі Фома Аквинскийдің жаңаша интерпретациясы құрады. Оның ойынша табиғи құқықтың қайнар көзі – Құдай болып танылады. Бұл тұжырымды Ж.Маритен, В.Катраин, И. Месснер жақтады. [44]

Екіншісі - зайырлы доктрина болып танылады. Бұл бағыттың пікірінше табиғи құықктар адамның табиғатының өзінен шығады, ал позитивтік, жазылған құқықтарға әділеттілік қағидасына негізделген табиғи құқықтар алғышарт болады. [41, 393 б.]

Зайырлы теорияны жақтаушылар табиғи құқықтың өзінен өзі тіршілік етеді және ол әлеуметтік-билогиялық жәндік ретінде адамның ерекшеліктерінен туындайды деп есептейді. Ол адамның өмір сүру құқығынан көрінеді. Адам дүниеге келіп, өмір сүре бастайды, ол табиғаттан берілген табиғи құқықты іске асырады. Бұл жерде адам басқа тіршілік иесінен ешқандай айырмашылығы болмайды, өйткені бірінші кезекке оның табиғи инстинкттері шығады, өмір сүруге құқығы табиғи-биологиялық процес болып табылады. [45]

Дегенмен де, адам тек биологиялық қана тіршілік иесі емес, ол сонымен қатар әлеуметтік тіршілік иесі болып табылады, сондықтанда тиісті табиғи-

әлеуметтік құқықтарға ие болып танылады. Мысалы ретінде тұлғаның абыройына құқығын айтуға болады, ол қоғамдық қатынастардың дамуына қарай қалыптасады.

Табиғи құқықтарға мыналар жатады:

1) өмір сүруге құқық;

2) еркіндікке құқық;

3) теңдікке құқық;

4) тұлғаның абыройына құқық;

5) жеке қол сұғылмаушылыққа құқық;

6) денсаулықты сақтауға құқық;

7) жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы, қолайлы қоршаған ортаға құқық;

8) сөйлесуге, тілдесуге құқық;

9) меншікке құқық;

10) қауіпсіздікке, бассыздыққа төтеп беруге құқық және т.б. [33, 481 б.]

Дегенмен де заң әдебиеттерінде кейбір аталған құқықтардың табиғи құқықтарға жатқызылуы дауды да тудырады. Мысалы, меншік белгілі бір жағдайларда адамнан ажыратылуы мүмкін.

Аталған құқықтарды белгілеу барысында «табиғи» терминімен қатар «бөлінбейтін», «әмбебапты», «іргелі», «негізгі» деген терминдер де қолданылады.

Табиғи құқықтардың ішінде ерекше орын – адамның өмір сүру құқығына беріледі. Бұл «ең алғашқы құқық», табиғи құқықтық пирамиданың ең биік шыңында орналасқан, өйткені адам өмірінен айырылса, қалған құқықтардың мән-мағынасы жоғалады. Әркімнің өмір сүруге құқығы Қазақстан Республикас Конституциясының 15-ші бабында көрініс тапқан. Бұл біздің тарихымызда алғаш рет Конституцияда көрініс тауып отыр. [8, 15 б.]

Өмір сүру құқығымен қатар, тұлғаның ар-намысы мен абыройына құқық, жеке қол сұғылмаушылығына құқығы адам құқығы бойынша халықаралық-құқықтық құжаттарда, сонымен қатар ҚР Конституциясында бекітілген.

Қалған барлық табиғи құқықтар негізгіден туындайтын, екінші кезектегі табиғи құқықтар болып танылады. Мысалы, денсаулықты сақтауға құқық, қолайлы қоршаған ортаға құқықты өмір сүру құқығына компонент ретінде санауға болады. Жүріп тұру еркіндігі, сөйлеу еркіндігі болса – бостандық ұғымының құрамдас бөліктері болып табылады.

Аталған жағдайлар табиғи құқықтардың ішінен өмір сүру құқығын, бостандықты, тұлғаның ар-намысы мен абыройын және жеке қол сұғылмаушылығын іргелі адами құндылық ретінде белгілеп, бір иерархиялық қатарға қоюға болады.

Табиғи құқықтың объектісі болып танылатын әлеуметтік игіліктерді келесідей қарастыруға болады:

Өмір – адамның тіршілік иесі ретінде биологиялық тіршілігі, сондай ақ оның әлеуметтік қызметінің үдерісі. [46]

Бостандық - адамның өзінің қалауы бойынша, өзінің ішкі наным-сеніміне, мүддесіне, қажеттігіне негізделген қызметі, мінез-құлқы, әрекеті. [47]

Тұлғаның абыройы — тұлғаның өзін өзі құрметтеуімен сипатталатын, бұзылуы теріс моральдық толғауды туындататын, кейде заңды жауаптылыққа әкеп соқтыратын оның әлеуметтік ортадағы жағдайы. [48]

Жеке қол сұғылмаушылық — адамның рұқсатынсыз оның денесіне, тұрғын үйіне, жеке заттарын тінтуге, жазбаларын және де өзге де жеке өміріне қатысты аспектілерін қарауға, тінтуге жол бермеу. [49]

Адамның қандай да бір игіліктерді иеленуін қамтамасыз ететін, өз еркімен іс-әрекет жасауына мүмкіндік беретін мемлекет пен бұқара арақатынасының негізгі принциптері адам құқықтары мен бостандықтарына жатады. Адамзат қоғамында бұл мәселеге ежелден баса назар аударылған. [44, 91 б.] Мысалы, Аристотель адам құқықтарын "табиғи" және "шартты" деп екіге бөледі. Адамның табиғи құқықтарын мемлекет орнатқан шартты құқықтардан жоғары қояды. Орта ғасырда адам құқықтары мен бостандықтары жасаған қайырымдылықтар, рақымшылықтар ретінде түсіндірілді. [47, 66 б.] Қағидалардың ең маңыздылары ретінде олар адамдардың еркін, қауіпсіз өмір сүруге, жеке меншік иеленуге тең құқықтарының болуын, халық биліктің негізгі иесі екендігін, биліктің тармақталуын, биліктің халық мүддесіне қызмет етуі керектігін атап көрсетті.

Ежелгі грек философтары барлық адамдар дүниеге келгенде тең болып туады. Сондықтан олардың бәрінің де тең табиғи құқығы бар деген ойды [50] өрбітті. Ол табиғи құқықты мемлекет орнатқан құқықтан жоғары қойды. Табиғи құқық шартты құқыққа үлгі болуға тиіс деп санады. Себебі, шартты құқық жиірек өзгеріп отырады және олар үкімет жұмысы мен адамдар арасындағы келісімнің нәтижесінде пайда болады.

Бірақ, феодализм дәуірінде адам құқығы жөнінде мүлдем басқаша ұғым пайда болды. Адам туғанынан тең деп үйретететін табиғи құқық жоққа шығарылды. Ал құқықтың өзін хан, патшалардың қол астындағы адамдарға жасап отырған рақымы деп түсіндірілді. Әр сословиенің өзіне тән құқығы болды. Біздің қазіргі ұғымдағыдай адам құқығы капитализм дәуірінде дүниеге келген либерализммен тығыз байланысты. Либералдар монархияның билігін парламент арқылы шектеп, сайлау құқығын кеңейтуді және саяси бостандықты өрістетуді талап еткен болатын. [51]

Платонның «Мемлекет», «Заңдар» диалогтарында «заңдардың күші [52] болмайтын және біреудің билігінің астында болатын» жерлерде мемлекеттің жойылу қауіпі болатындығы көрсетіледі. Оның ойынша, [53] «заңдар - билеушілердің билеушісі, ал олар оның құлы болғанда ғана, мемлекет пен мемлекет билеушісіне, адам мен азаматтарға құдай сыйлайтын барлық құндылықтар құтқарылады. Заң міндеті бір әлеуметтік топқа емес, тұтас мемлекеттің игілігіне қызмет ету – мемлекеттілік әділ заңдар үстемдік еткен жерде ғана болуы мүмкін. Заң қорғаушысы - соттар. Кез келген мемлекетте соттар тиісті орында болмаса, ондай мемлекет өз билігін жоғалтады» деп айтылған еді. [42, 7 б.] Шын мәнінде, сол заманның өзінде ежелгі ойшылдармен адам құқықтары орнықты қарастырылып, жете зерттелгені таң қалдырады.

«Адам құқықтары» атты атақты памфлеттің авторы Т.Пейн адам құқықтары тұжырымдамасын қалыптастырушы тұлғалардың бірі болып

табылады. Пейнның ойынша, “ажырамас құқықтарға ие, еркін және тең индивидтер мемлекеттен жоғары тұрады. Сондықтан мемлекетті заңды және «өркениетті» деп тану үшін, ол бүкіл индивидтердің келісімімен құрылған болуы керек. Осы келісім конституциялық түрде рәсімделген және парламентарлы өкілді механизмдер арқылы бекітілген болуы тиіс. Өркениетті басқару жүйелері - еркін және тең индивидтердің белсенді келісімімен билікке ие болатын, конституциялық басқару жүйелері. Бұндай үкіметтер құқықтарға ие болмай, тек өзінің азаматтары алдында міндеттерге ие болады”, - делінген. [30, 700 б.]

Жеке бостандықты және жеке меншікті теңдестіруге негізделген индивидуализм өндіріс күштерінің дамуы үшін, қоғамдық дамудың және саяси демократияның қалыптасуының, елеулі ынталандырушы күші болды. Тарих дәлелдегендей, өмірді қамтамасыз етудің әр алуан көздері жоқ жерде және экономикалық таңдау бостандығы болмаған жерде, жеке тұлғаның бостандығының болуы мүмкін емес. [37, 9 б.]

Жаңа заманның ойшылдары жеке бостандықты қорғаған, жеке меншікті қолдады және индивидтің жеке бостандығы жеке меншікке негізделгендігіне сенген. Ал, Руссо жеке бостандықты және теңдікті жалпының еркі идеясымен біріктіруге және жеке меншікті жоққа шығаруға тырысты. Жеке меншікті және шаруашылық іс-әрекет бостандығын жақтаған физиократтар және олардан кейін энциклопедисттер артықшылықтарға және цехтерге, мемлекеттің экономикалық саладағы, шамадан тыс қамқорлығына қарсы болды.[51, 52 б.]

Руссоның пайымдауынша, әр азаматтың биліктік қатынастарға қатысуына, халықтың толық билікті иеленуіне негізделген басқару жүйесі ғана заңды күшке ие. Осының негізінде, Руссо өкілдік қағидасын сынаған, өйткені онда азамат өзінің еркін басқа адамға тапсырып, өзінің азаматтық құқығынан айрылады. Руссо «societe civile», немесе азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет тұжырымдамасын осылайша көпшілікке ұсынған болатын.[43, 14 б.]

Джон Локк үшін қоғамның саяси тұрақтылығы ол абсолюттік монархтың немесе деспоттың жетістігі емес, ол көпшіліктің қандай да бір ережеге бағынуының арқасындағы жетістік деп тануымыз керек. Осылай әр индивидтің өзіндік туа біткен құқықтары пайда болады. Осыдан келіп туындайтыны қоғамның конституциялық формасы. Қоғамның конституциялық формасы кезінде Джон Локк үшін басты мақсат – адам өмірі, оның бостандықтары болып табылса, Т.Гоббс үшін де ол – бейбітшілікті сақтау және адамдардың қоғамда өмір сүруін қамтамасыз ету болып табылды.[48, 407б.]

Моральдық қағидат, адамды бостандық және жауапкершілік мәселесіне көңіл бөлуді талап етеді. Дж.Локк - либерализмнің және саяси-құқықтық ілімнің классигі ретінде бостандық идеясына көңіл бөлген ойшылдардың бірі. Т.Гоббсқа қарағанда, Дж.Локктың бостандық туралы идеясы тек адамға ғана негізделген және ол іштен әсер ететін фактор ретінде қарастырады. «Дж.Локктың саяси-құқықтық ілімге енгізген жаңалығы: «бостандық» және «бостандығы жоқ» деген түсініктер адамның табиғатынан тыс қолданылмайды». Яғни «бостандық» түсінігі тек адамның табиғатына ғана тән

құбылыс. Бостандық арқылы Локк адамның объективтік құқықтарына негізделген субъективтік құқықтарын шығарады. Философ үшін бостандық дегеніміз, жаратылыстық ахуал жағдайындағы жағдай. Бірақ жоғарыда айтып кеткендей, жартылыстық ахуал немесе табиғи жағдайы адамдарды толық бостандыққа алып келеді. Осындай қалыпты жағдай бәрінің барлығына құқығы бар, ештеңеге құқығы жоқ жағдай адамның жоғарғы рухани құндылықтарына [27, 708б.] қол сұғуға, сол арқылы адамның табиғи заңдарын бұзуға дейін алып барады. Сондықтан, осындай құқық бұзушылықты, оның ішінде табиғи құқықтарды бұзуды болдырмау үшін сырттан әсер ететін күш қажет. Ондай күш, ойшылдың пікірінше, мемлекет болып табылады. Жаратылыстық ахуал жағдайында адамдар моральдық қағидаға негізделе отырып, өмір сүреді, бірақ моральдық нормалар адамдарға толық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайды. Өйткені, қандайда адам болмасын, ол өзінің табиғатынан өзін ғана ойлайтын пенде. Өз пайдасын іздеудің арқасында, ол басқа адамдардың қызығушылықтарына қарамастан, оның құндылықтарын жерге басып, алға қойған мақсатына жетуге тырысады. Мемлекетке көшу деген - жеке тұлғаның табиғи және жасанды құқықтарын қорғайтын жоғарғы институтқа көшу. Мемлекет жаратылыстық ахуал кезіндегі қоғамға қарағанда, тұрақты және болашағы айқындалған қауымдастық болып есептеледі. Мемлекет жеке тұлғаның болмысын анықтайды. Осыдан келіп, табиғи құқықтардың орнын азаматтық құқықтар мен бостандықтар басады. Ал азаматтық құқықтар мен бостандықтарды қорғау және толық қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың құзырында болады. [17, 353 б.]

Ф.Аквинский өз еңбектерінде “барлық заңдар – бұл Құдайдың ақыл-парасатының жемісі” екендігін атап өтеді. Бұл екі басты нысанда адамзатқа қолжетімді болды: бірі – “діни құқық” (мысалы, Құран не Библия) болса, екіншісі – Құдай туралы түсінікті қалыптастырған “табиғи құқық”. [35, 376 б.]

Әлемге әйгілі «Заңдар рухы туралы» еңбегінің авторы Шарль-Луи Монтескье табиғи құқық теориясын ұстанды. Монтескенің пікірінше, адамның тіршілік ету заңдылықтары адам табиғатынан туындайды, сондықтан оларды табиғи деп атауға болады. Бұл заңдар мемлекетке дейінгі өмірде адамдардың табиғи жағдайын сипаттайды. Табиғаты бойынша адам мейірімді, бейбіт және ашық, басқалардың құқығын бұзбайды, мейірімді. Оны қоғам өзгертеді, сондықтан да адам құқықтарын қорғау арқылы ғана балансты ұстап тұруға болатындығын тұжырымдауға болады. Монтескьенің филосософиясы бойынша, адамның бостандықтары бәрінен де жоғары тұру керек. Заң бойынша рұқсат етілген шекте кез-келген іс-әрекетті жасау, барлық мүмкіндіктеріңді пайдалану адам бостандықтары ұғымына жанасады. Егер де азамат заңға қайшы әрекеттер жасай отырып, бұл менің өз бостандығым деп ойлауының өзі қате. Мұның соңы қауіпсіздікке, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамға әкелмейді,-деп жазған өз еңбектерінде.[54]

Адамдардың жеке әл-ауқатын қоғамдық игілікпен теңестіретін шешімдерді табуға деген тілегінің нәтижесін табиғи құқықтан көрді. Бұл әрекеттер алғашқы рет 1789 жылы [17, 353 б.] «Адам және азамат құқықтары декларациясында» толығымен іске асырылды, осыған орай, «заң» сөзінің

субъективті және объективті мағынасы арасында айтарлықтай жақындасқанын атап өтуге болады. [55]

Объективті заң, заңдылық жеке адамды қорғаудың, оның өркендеуі мен еркіндігін қамтамасыз етудің, бір сөзбен айтқанда, оның «өз құқықтарын» пайдалануға мүмкіндік беретін басты мақсаты болып табылады. Бәріне қарамастан, бұл идеялар әлі де қолданылып келеді және қазіргі әлемде өз тартымдылығын жоғалтқан жоқ. Позитивті құқықпен, яғни мемлекет қабылдаған заңдармен қатар, адамға туғаннан бастап жоғары, шынайы, табиғи құқық беріледі. Бұл жазылмаған құқық деп аталады, ол адамның табиғи және ажыратылмайтын құқықтарының жиынтығын білдіреді. Адам құқықтарының қайнар көзі заңдарда емес, адамның табиғатында бұл құқықтар туғаннан немесе Құдайдан алынған. [56]

Табиғи құқық теориясының болмысына тән бірнеше белгілер бар:

- адам құқықтары адамға туылған кезден бастап тиесілі;
- олар адамның ажырамас бөлігі болып табылады;
- адам құқықтары адамның ең маңызды әлеуметтік мүмкіндіктерін білдіреді. [57]

Классикалық табиғи-құқықтық ойшылдар (Аристотель, Августин, Фома Аквинскийлер) табиғи құқықты өзгермелі яғни «шартты» құқыққа қарағанда өзгермейтін «шартсыз» құқық ретінде қарастырдып, зерттеді. [53, 98б.] Позитивті құқықтың тарихи дамуының себептері мен мәні туралы мәселе кез-келген адамның жаратылысы сияқты жетілмегендіктен адам құқықтарының өзгергіштігі туралы идеялар деңгейіне дейін азайтылды. Бірақ білімнің жинақталуымен құқықтың тарихи дамуын түсіндіру мәселесі айқындала түсті. Кейін ғалымдар адам құқықтарының «қолдану теориясын» ойлап тауып, оған сәйкес [44, 92 б.] табиғи құқықтың мәңгілік қағидалары адамның ақыл-ойы адамның өмір сүру жағдайының өзгеруімен түсіндіріледі, осылайша белгілі бір әлеуметтік-тарихи контекстте маңызды болып табылатын «екінші буындағы не қайталама» табиғи құқықтың маңызды тұжырымдары пайда болады. Бұрынғыдай, «бастапқы» табиғи құқық кез-келген құқықтың абсолютті қайнар көзі ретінде, ал «қайталама» салыстырмалы тұрғыдан жетілмеген құқық ретінде қабылданды. Тарихи өзгермелі құқықтың жетілмегендігі догма болып қала берді. [26, 285 б.]

Адам құқықтары, бостандықтары, міндеттері тұжырымдамасын, олардың түрлерін, жіктелуін жете зерттеген ғалымдардың қатары өте көп. Жалпы, түрлеріне тоқталатын болсақ, адам құқықтары біріншіден, жалпыға бірдей - әмбебап болып табылады, яғни кез-келген адам құқықтың иесі [30, 702 б.] бола алады. Екіншіден құқықтар шартсыз болады – бұл дегеніміз әркімнің құқықтары бар және оларды адамнан алып қою, тартып алу мүмкін еместігін білдіреді. Үшіншіден, адам құқықтары эгалитарлық болып табылады – бұл әр адамның құқығы бірдей әрі тең екендігіне тағы да көзімізді жеткізеді. Төртіншіден, адам құқықтары жеке-дара (индивидуалды) болып саналады – яғни адам құқықтары әр адамға, әр индивидке тиесілі және жеке тұлға үшін қоғамның маңызды ролінтани отырып, оларды қоғамда орын алуы мүмкін түрлі бұзушылықтардан қорғайды. Бесіншіден, адам құқықтарын іргелі не

фундаменталды деп атауға тұрарлық – яғни адам құқықтары адам болмысының іргелі және маңызды элементтерін қорғайды және алтыншыдан, адам құқықтары бөлінбейтін әрі ажырамас болып табылады – барлық адам құқықтары қорғалып, құрметтелуі тиіс, олар бірін-бірі өзара толықтырады және олар талаптарды тиісті оң және теріс жауапкершіліктермен заңдастырады.[25, 2б.]

Адам құқығы мәселелерінің маңыздылығын түсіну қажет. Өркениетті құқықтық мемлекет құрудағы басты құрал бұл адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Осы үшін кез келген мемлекет жылдар бойы көптеген қиыншылықтарды бастан кешірді, бұл дегеніміз адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары, жеке басының қадір-қасиеті, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу - бұл мызғымас құндылық, сондықтан мемлекеттің басты міндеті - адам құқықтарын құрметтеу. Бұл ретте, неміс философы Гегельдің: «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін өмір сүреді» деген сөзін келтірген орынды болып табылады.[31, 3 б.]

Әр түрлі тарихи дәуірлерде табиғи құқықтар категорияларға бөлінді. Тұтастай алғанда, осы теорияның дамуының барлық кезеңдеріне тән жалпы ұғымдарды ажыратуға болмайды.

Бүгінгі таңда адамның табиғи құқықтары келесі түрлерге [41, 395 б.] бөлінеді:

– өмір сүру құқығы. Бұл категорияны көбінесе табиғи биологиялық құқықтар деп атайды. Бүгінгі таңда адам өмірі - мемлекет қорғаған ең жоғары әлеуметтік құндылық;

– бостандық құқығы. Бұл жағдайда «еркіндік» ұғымы заңға қайшы келмейтін және қоғамда белгіленген белгілі бір ережелерді бұзбайтын нәрсе жасау қабілеттілігін білдіреді;

– абырой құқығы. Бұл категория моральдық құндылықтарға да жатады. Жеке адамның қадір-қасиеті дегеніміз - оны құрметтеу және өзін-өзі бағалау, сонымен қатар басқаларды құрметтеу міндеттемесі;

– меншік құқығы. Әркім меншікке ие бола алады;

– жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы. Адамды себепсіз түрмеге қамауға болмайды деген қағида (мысалы, қылмыстық құқық бұзушылық жасау). [58]

Құқықтың табиғи-құқықтық теориясы құқықтың екі түрінің: табиғи және позитивті болуын тануға негізделген. Позитивті құқық - мемлекет мойындаған және оның шекараларында әрекет ететін жалпыға бірдей міндетті нормалардың жиынтығы. Құқықтану саласында бұл категория заңнамалық деңгейде енгізілген қағидаттар жүйесі ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда табиғи және позитивті құқықтар бір-біріне қарама-қарсы болып табылады. Позитивті құқық артықшылықтарын мемлекет белгілейді, нормативтік құқықтық актілер арқылы бақыланады және кепілдендіреді. Табиғи құқықтар адамға туғаннан бастап тән болып келеді. Олар ешкімнің еркіне байланысты емес. [59]

Позитивті құқықтың өзіне тән заңдылықтары [34, 66 б.] бар:

– ресми. Бұл мемлекет белгіленген тәртіппен шығарған құқықтық

актілер. Мұндай шешімдер міндетті түрде нормативтік құқықтық актілерде жазылады;

– жалпыға міндетті. Позитивті құқық белгілі бір мемлекеттегі қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған;

– шынайы. Заңдарда жазылған ережелер әлеуметтік қақтығыстарды шешуге және күнделікті мәселелерді шешуге қолданылады. [34, 68б.]

Табиғи және позитивті құқықтар бір-біріне қарама-қарсы. Табиғи құқықтардан айырмашылығы, позитивті құқық адамға туғанынан берілмейді. Мемлекет азаматтары мұндай артықшылықтарды белгілі бір нормативтік құқықтық актілерді қабылдануымен ғана алады. Табиғи және оң құқықтарды ажыратудың алғашқы әрекеттері ежелгі дәуірде жасалды. [56, 75 б.]

Рим заманында заңгерлер азаматтық және танымал заңдармен қатар табиғи заңдылықты да бөліп көрсеткен. Орта ғасырларда ежелгі грек философтары ұсынған табиғи құқық теориясы дамуын жалғастыруда. Гроций туғаннан бастап барлық адамдардың теңдігін мойындады. Тиісінше, ол табиғи заң табиғат заңдылықтарынан туындайтынын және Құдайдың еркіне тәуелді емес екенін айтты. Сонымен қатар, Гроций бұл мемлекет белгіленген рәсімдерді сақтау үшін жасалған еркін адамдардың келісімшарттық одағы деп тұжырымдайды. [54, 100 б.]

Осыдан кейін феодалдық бұйрықтарды сынау үшін жиі қолданылатын жаңа ұғымдар пайда бола бастады. Ш.Л.Монтескье өз еңбегінде заңды рационалистік түсіндіруді келтірді. Табиғи құқықтар адамның құрылғысынан логикалық түрде шығады. Тиісінше, заңдар - бұл адамның ақыл-ойынан басқа нәрсе. [41, 393 б.]

Руссо айтқандай: “Мемлекеттің әрбір заңы - бұл ортақ ерік-жігердің актісі. Табиғи заңдылықты бүкіл халықтың абсолютті және бөлінбейтін күші ретінде қарастыру керек. Жекелеген азаматтарға артықшылықтар берілмеуі керек” [51, 10 б.], - деп тұжырымдады.

Тағы бір көрнекті табиғи құқық теоретигі Бенедикт Спиноза. Ол «субстанция», «атрибут», «ойлау», «себептілік», «әсер ету» және т.б. сияқты философиялық ұғымдарды жасаумен айналысты. Табиғи заң бойынша, Спиноза белгілі бір табиғи оқиғалар орын алатын қажеттілікті түсінді. Ол бостандық дегеніміз - барлық адамдар үшін тең және әділ заңға бағыну. [49, 6 б.]

Құқықтың қазіргі табиғи-құқықтық теориясы позитивті заңмен қатар адам қатынастарының мінсіз тәртібінің бар екендігін мойындайды. Шындығында, мемлекеттік заңдар идеалды (табиғи) құқықтарға қайшы келмеген жағдайда ғана заңды бола алады. Бұларға ажырамас бостандықтар жатады. [50, 207б.]

1.2 Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің түсінігі және тарихи даму кезеңдері

Жаһандану дәуірінде, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, азамат пен мемлекет арасындағы саяси-құқықтық байланыс, яғни осының барлығын өз мазмұнына біріктірген жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің орны едәуір маңызды әрі өзекті болып табылады. XX ғасыр бойы адам құқықтары туралы құқықтың дамуы ауқымды

жаһандық қозғалыстың салдары болды. Адам құқықтары мен бостандықтары“қазіргі заманның жалпыға танылған жалғыз саяси-моральдық идеясы” ретінде қарастырылады.[52, 87 б.]

Тұлғаның еркіндігінің бастамасының дамуы оның құқықтық мәртебесінің анықталуы адамзат тарихында терең тарихи тамыр жайған мәселе болып табылады. Адам құқытары туралы Ежегі Греция ой-пікірлері мынандай көқзарастар негізінде қалыптаса бастады. Онда мемлекет және оның заңдары Құдайдың жасауымен және Құдайдың әділеттілігіне сүйенетіні туралы көзқарастар орын алды. Объективтік негіздемеге сәйкес Гомердің шығармаларында Құдайдың әділеттілігі туралы құқықтық критерийлер болды. Бірақ та сол уақыттағы әділеттілік құқық деп саналды. Біздің эрамызға дейінгі V–VI ғасырларда ежелгі гректер адамның табиғи құқықтары туралы ережелерді қалыптастырған, олар «әділеттілік басқа тең адамға жақсылық сыйлау» деп түсіндірді. [60]

Тұлғаның құқықтық жағдайы туралы көзқарастардың дамуына қалыпты үлес қосқан Ежелгі Рим заңгерлері болды. Олардың құққытың субъектісі туралы, тұлғаның құқықтық мәртебесі туралы ұсынған ережелері күні бүгінде де өзекті болып отыр.

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының философиялық-теориялық негізі XVII–XVIII ғаырларда айтылған адамның қоғамның ең жоғары құндылық ретінде басымдық идеясы болды. Ол идеяларды философ-ағартушылар қалыптастырды, олар Дж. Локк (1632–1704), Ш.Л. Монтескье (1689–1755), Ф.М.А. Вольтер (1694–1778) болды. [61]

Философия классиктерінің пікірі бойынша адам оған тумасынан берілген, мемлекетпен де, қоғаммен де алынбайтын табиғи, бөлінбейтін (өмір сүру құқығы, еркіндікке құқық және т.б.), ажырамайтын құқықтарға ие болып табылады. Бұл философиялық-құқықтық ережелер сол уақыттың нормативтік-құқықтық актілерінде бекітілген болатын, атап айтқанда 1215 жылғы Англияның Еркіндіктің Ұлы Хартиясында, 1628 жылғы Құқық туралы Петицияда, 1679 жылғы Хабеас Корпус актісінде және өзге де құқықтық актілерде көрініс тапты. [62]

Мысалы Англияның Еркіндіктің Ұлы Хартиясының 39-ші бабында былай деп жазылған: «Бірде бір еркін адам қамауға алынуына, немесе түрмеге қамалуына, немесе иелігінен айырылуына, немесе заңнан тыс жарияланғанына, немесе қуылған, немесе қалай болса да кедей болғангына қарамастан заңи үкім және елдің заңымен жазаланып, құдаланады» [63].

Нидерландия ғалымы-заңгер Гуго Гроций өз еңбектірінде: «Мемлекет құқықты чақтау және жалпы игілік үшін жасасқан еркін адамдардың одағы» [64] - деп жазады.

Жазушы және ойшыл Ж.Ж. Руссо еркіндікті былай бағалаған: «...өзіңе өзің қожайынсын, өз қалауыңды өзіңе тәжірибе жасау» - деп түсінген [65].

Тұлға – бұл әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтары бар адам. Тұлғаның әлеуметтік құндылықтары қоғам дамуымен байланысты дамиды және тұлға мен мемлекеттің өзара байланысы адамзат дамуы тарихының әр түрлі кезеңдерінде өзгеріп жатады.

Мемлекет пен тұлғаның күрделі байланысы өзара құқықтар мен міндеттерден пайда болады. Мемлекет, арине, тұлғаға әсер етудің көп мүмкіндіктеріне ие болып табылады. Мемлекет тұлғаға құқық, бостандық береді және оған заңды міндет жүктейді, бұл тұлғаның құқықтық мәртебесін құрайды. [66]

Тұлғаның заңи болмысының көрініс табу құралы бола тұра құқықтық мәртебе қоғамдағы тұлғаның құыққтық жағдайын бекітеді. Тұлғаның «құқықтық мәртебесі» және «құқықтық жағдайы» мазмұндық жағынан ұқсас ұғымдар болып келеді, дей тұрғанымен, әдебиеттер де «құқықтық мәртебе» ұғымын анықтауға және оны түрлі компоненттердің құрамына енгізу жайлы көптеген көзқарастар баршылық.

Кейбір авторлар құқықтық мәртебенің құрылымына құқықтар, бостандықтар, міндеттерден басқа азаматтардың заңды мүдделерін қосуды ұсынады. Ал, кейбіреулері болса заңды жауаптылықты, құқықтық қағидаларды, жалпы түрдегі құқықтық қатынастарды қосу қажеттігі туралы көзқарастар білдіреді.

Е.А. Лукашевтың позициясы ұнамды болып келеді, ол: «жоғарыда аталған барлық элементтерді құқықтық мәртебенің алғышарты деп көрсетеді (азаматтық, құқық субъектілік), немесе екінші кезектегі элементтер (заңды жауаптылық), немесе құқықтық мәртебенің шегінен шығатын категориялар (заңды мүдделер). Заңды мүдделер –нақты құқықтық ұйғарымдарда көрініс тапқан және құқықтың жалпы қағидаларында бекітілген құқыққа дейінгі санат» [67]. - деп тұжырымдайды.

Сонымен, тұлғаның құқықтық мәртебесі (құқықтық жағдайы) личности – бұл құқықтардың, бостандықтардың және заңды міндеттердің жиынтығы болып табылады.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі қоғам дамуының деңгейін көрсетеді және оның болмысының әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани шарттарымен негізделеді. Мемлекет тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын бекітеді, сондай ақ қамтамасыз етуге қабілетті болатындай оны мазмұнмен толықтырады. Сондықтан да, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі жоғары болған сайын саяси жүйенің демократиялық институттары дамыған. Қоғамның рухани өмірі бай, аталған қоғамның және мемлекеттің адамы мен азаматының құқықтық мәртебесі кең және мазмұнды бола бастайды. Осы бағытта заң шығарушы үшін бір белгі ол табиғи құқықтың қағидалары мен нормалары болып табылады. [68]

Адам құқығы - қоғам берген барлық игіліктерді пайдаланудың шынайы мүмкіндіктерінен тұратын субъективтік құқықтар. Олар тұлғаның түрлі қоғам салаларында бостандығының дәрежесін көрсетеді. Шынайы құқықтар мен бостандықтар қоғамның дамуының кешенді бағасының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Құқықтық мәртебеге тек Конституция бекіткен негізгі құқықтар мен бостандықтар ғана жатпайды, оған сонымен қатар, мемлекеттің заңнамасынан, сонымен қатар халықаралық-құқықтық актілерден шығатын құқықтар мен бостандықтардың барлық кешеңі кіреді. [69]

Адам құқықтары бойынша күннен күнге дамып келе жатқан халықаралық актілердің маңызы зор болып табылады, олар қазіргі әлемде тұлғаның құқықтық мәртебесін кеңейтуге бағытталған болып отыр. Елде халықаралық актілердің бекітілуі мемлекеттегі заңнаманы осы актінің нормаларына сәйкестендіру қажеттігін тұғызады.

Адам тұлға және азамат ретінде кең қоғамдық қатынастың қатысушысы бола бастайды, түрлі әлеуметтік топтар мен қоғамға кіреді, азамат ретінде мемлекетпен міндетті байланыста болады. Тұлғаның өз құқықтары мен бостандықтарында түрлі көріністердің болуы құқықтық мәртебені топтастыруға негіз болып, мүмкіндіктер береді.

Ғалым – заңгерлер құқықтық мәртебені былай топтастырады: азаматтың конституциялық мәртебесі, жеке және заңды тұлғаның мәртебесі, ше ел азаматтарының мәртебесі, азаматтығы жоқ адамдардың және қос азаматтылығы бар адамның мәртебесі, босқындардың мәртебесі, шет елде жүрген мемлекет азаматтарының мәртебесі, салалық мәртебелер (азаматтық,құқықтық, әкімшілік-құқықтық), кәсіби және қызметтік мәртебе, экстремалды жағдайда жұмыс істейтін азаматтардың мәртебесі және т.б. [70]

Құқықтық мәртебенің біріңғай жүйесінде жалпы құқықтық мәртебені, рулық мәртебені, жеке мәртебені атап көрсетуге болады. Шынайы тәжірибеде, іс жүзінде бұл мәртебелердің бөлінбейтіндігі туралы да айтуға болады, тек теориялық тұрғыдан, мәселені жеке талдған кезде ғана әр мәртебенің ерекшелігін анықтауға болады.

Олар өзара жалпы, ерекше және біріңғай болып үйлеседі. Бұл мәртебелердің өзіндік мазмұны бар.

Тұлға жалпы құқықтық мәртебені мемлекеттің азаматы және әлеуметтік қауымның мүшесі болғанда иелене алады. Бұл мәртебе Негізгі Заңмен анықталады, онда құқықтар мен бостандықтар көрініс табады. Бұл барлық азаматтарға тән мәртебе, мұнда құқық субъектілерінің ерекшеліктері ескерілмейді, мысалы, тұлғаның қызметтен ауысуы, отбасылық жағдайы, денсаулық жағдайы және т.б. Сонымен қатар, құқық субъектілерінің өздері де ескерілмейді, мысалы, студенттер, Ұлы Отан соғыс ардагерлері және т.б., олардың жеңілдіктері мен құқықтары, міндеттері туралы ерекше аталмайды. Мұның барлығы жекелеген санаттағы құқық субъектілерінің ерекшелігі болып табылады, яғни бұл арнайы құқықтық мәртебе болып табылады. [71]

Жалпы және арнайы құқықтық мәртебеге қарағанда жеке құқықтық мәртебе жеке тұлғаның барлық қасиеттерін көрсетеді, түрлі әлеуметтік рөлдерді анықтайды, мысалы баласы, зайыбы, оқытушы, прокурор және т.б.

Құқықтық мәртебе «мәртебелік» және функционалды ерешеліктерге ие болып табылады. Бұл еркіндіктің кеңістігін бекітетін, құқықтық тиымдардың критерийлерін қалыптастыратын, мемлекет, қоғам және өзге де адамдардың арасында қарама-қайшылықтарды тудыратын тиымдардың заңи нысаны болып табылады.

Қазіргі таңда, адам құндылықтары мен бостандықтарын асқақтату, оларды ең жоғарғы құндылық деп мойындау демократияны дамытудың [72] үздік үлгісі болып табылады. Себебі, адам – қоғам мен мемлекеттің басты

фигурасы. [73] Адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері, оның бостандықтары азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттегі ең жоғарғы маңыздылыққа ие [68, 211 б.] институт болып табылады. Жалпы, құқықтың бастауы мен қағидалары негізінен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен тығыз байланысты екенін естен шығармауымыз керек. [45, 405 б.]

Жеке тұлға деп - қоғамның белсенді, саналы, мүшесін, өмірге өзіндік белгілі бір көзқарастары, қарым - қатынастары бар, жеке моральдық [74] талаптары, өзіндік психологиялық қасиеттері бар жан иесін айтамыз. Ол - қоғамдық дамудың нәтижесі, қоғам мүшесін жан-жақты сипаттайтын ұғым, нақтылы тарихи жағдайлармен байланысты еңбек, қарым-қатынас және таным субъектісі. Өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларымен ерекшеленетін әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид болып жеке тұлға танылады. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, оның белсенді қызмет етуі мен қарым-қатынас орнатуы – жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің айқын жемісі. [75]

Тұлғаның құқықтық мәртебесі – бұл тұлғаның мемлекет пен қоғамда заңды бекітілген мәртебесі. Тұлғаның құқықтық мәртебесі қоғамдық мәртебенің бір бөлшегі болып табылады. Заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесіне қарағанда, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі адам мен азаматтар үшін анықталып, айқындалады. Тұлғаның құқықтық мәртебесі тұлғаның құқықтық жағдайын құрайды.

Көптеген ғалымдардың айтуы бойынша, біз ойлаған адам құқықтары негізінде азаматтың құқықтары болып табыладыекен. Бұл дегеніміз, жеке тұлғаның өзінің тірі жан болуының не адамгершілігінің арқасында емес, азаматтығының арқасында бірқатар құндылықтарға ие болатындығын білдіреді. [67, 246 б.] Сол үшін де, жалпы құқықтардың түрлерін сараламас бұрын, ең әуелі адам құқығы мен азамат құқығын бір-бірінен ажырата білуіміз қажет. Адам құқығы тумысынан беріліп, абсолютті деп танылады. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға да табиғи құқықтар мен бостандықтар беріледі. Екі ұғым мағыналас болғанымен, азамат құқығы [72] азаматқа мейлінше кеңірек құқықтар мен бостандықтар береді және сәйкесінше мемлекеттің айрықша міндеттері жүктеледі. [73] Осыған орай, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары, міндеттері мен мүдделері қалыптасып, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі айқындалады.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін екі нысанға бөліп қарастыруға болады:

– Адам мен азаматтың жалпы және конституциялық мәртебесі [66, 105б.]; азаматтардың белгілі бір тобының рулық мәртебесі; жынысына, жасына, дініне, көзқарасына және т.б. байланысты азаматтардың белгілі бір тобын сипаттайтын индивидуалды мәртебесі;

– Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, қос азаматтығы бар тұлғалардың құқықтық жағдайы; салалық құқықтық мәртебелер; және жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі. [65, 408б.]

Жеке тұлғаның ұлты, азаматтығы, сонымен қатар белгілі бір территорияға, егеменді мемлекетке тиесілілігі болған жағдайда ғана, оның құқықтық мәртебесі болады. Адам құқықтары туралы халықаралық заңдар мен заңнамалардың, құқықтық құжаттардың негізінде, ғасырлар бойы өзгеріске ұшыраған ұлт пен азаматтық концепциясы, қазіргі таңда, мемлекеттің өз азаматтарының құқықтары мен әл-ауқатына жауаптылығына міндеттеу тәсілі ретінде қарастырылады. Құқық, мемлекеттің немесе басқа тұлғаның міндеті оны қамтамасыз ету міндеттемесіне сәйкес болған кезде ғана жүзеге асатындығы мәлім. Ал, бұл өз кезегінде адам құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілдіктеріне жол ашады. Кепілдіктер өздігінен емес, адам құқықтары мен бостандықтарын толығымен іске асыру үшін қажет; олар Конституцияда және басқа да заңдарда бекітілген жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне, жекелей алғанда [76] адам құқықтары мен бостандықтарына қолайлы ортаны қамтамасыз ету үшін әзірленген. Тек мемлекет мүддесін қамтамасыз ету үшін жасалынған барлық шаралар мен әрекеттер тарих қойнауына кетіп, бұл тенденция жаһандану үрдісіне байланысты жаңарып, әр мемлекет өз халқының мүддесінің қорғалуын қамтамасыз ете бастады. [62, 185 б.]

Адам құқықтары – бұл қарапайым түрде айтқанда, жай ғана адам адам болғаны үшін оған тиесілі болып табылатын құқықтар жиынтығы. Адам құқықтарының мәнінде жатқан ең басты философия – бұл әрине, әр адам туғанынан бастап негізгі құқықтар мен бостандықтарға ие болады. Яғни, адам құқықтары мен бостандықтары адамға тумысынан беріліп, абсолютті деп танылады және олардан ешкім айыра алмайды. Адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын шектеуге ерекше жағдайларда ғана жол беріледі.Адам құқықтары тек рационалды және қабілетті адамға ғана емес, ол негізінен, [30, 700б.] адам денесі болып табылған кез-келген ағзаға тиесілі.

Барлық жеке тұлғалар дербес адам ретінде, жеке дара индивид ретінде өзіне тән құндылығымен, белгілі бір құқықтарды [34, 66 б.] иеленуімен ерекшеленеді. Бұл пікірдің адам құқықтарының көптеген тұжырымдамаларының негізіне сүйенетіндігіне көз жеткізуге болады [77]. Тіршілік иесі – адам мен азамат, тумысынан адам болғаны үшін, белгілі бір нәрсеге міндетті екендігі – адам құқығы теориясының негізгі идеяларының бірі болып табылады [64, 300 б.].

Құқықтар дегеніміз – бұл адамдардың бір нәрсеге құқығы болуды ғана емес, бұл жалпы адам мен азаматқа лайықты құрметпен қарауды білдіреді [49, 288 б.]. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғап, қадірлеп-қастерлеу – жер бетіндегі әрбір азаматтың асыл борышы әрі міндеті. Адам құқықтарын құрметтеу - барлық өркениетті ұлттар мойындаған жалпы қағидат болып табылады. [63, 469 б.] Лорд Бингэм айтқандай, адамның негізгі құқықтарын қорғау – азаматтық қоғамның басты қызметі [65, 408б.]. Қазіргі қоғамда, өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, міндеттері мен жауапкершілігін білмейтін, жалпы бұл институтты түсінбейтін адам кемде-кем. Бұл – көпшіліктің өз құқықтары мен бостандықтарын қорғай алатындығының дәлелі.[62, 178 б.]

Адам құқықтары саласын зерттеуші теоретиктер, құқықтар міндеттерден бұрын пайда болған және міндеттер құқықтардан туындайды деп санайды. [62, 183 б.] Құқықтар мен міндеттердің қисыны жеке тұлғаның жауапкершілігіне зор мән береді және онымен тікелей байланысты. Себебі, құқықтар мен міндеттердің жиынтығының шеңберінде жеке тұлғаларды ынталандыратын немесе оларды жазалайтын белгілі бір жүйе қалыптасады. [68, 212 б.]

Адамдар өздерінің қорғалатын нақты құқықтары мен бостандықтарын абсолютті деп тануға құқылы. Ол басшының қыңырлығымен өзгертілуі мүмкін заңнамасы немесе қазіргі танылған басқа да ережелер арқылы емес, фундаменталды (негізгі) құқықтар арқылы жүзеге асады. Фундаменталды (негізгі) құқықтар тек ұлттық аренада ғана емес, сонымен қатар халықаралық аренада да өзіндік артықшылықтарымен ерекшеленді. Ол белгілі бір дәрежеде биліктегі абсолютизмді шектей отырып, теріс пайдаланушылықтарға тосқауыл жасай білді. Фундаменталды құқық екінші дүниежүзілік соғыс кезінде болған қаншама айуандықтың алдын алмаса да, сол уақыттағы немістердің нацистік партиясы мен оның басшыларының шығарған заңдарына, жарлықтары мен бұйрықтарына шек қойып, бөгет бола білді. Сондай-ақ, халықаралық аренадағы фундаменталды құқық, кез келген ұлттың билеушісіне тек билік органының идеологиясымен келіспеуі себебінен, өз халқын өлтіруге немесе оларды еркіндіктен айыруға тыйым салды. [69, 210 б.]

Адам құқықтарының пайда болу тарихына байланысты Еуропадағы адам құқықтарын зерттеушілер Робертсон мен Мерриллстың айтуынша, «жер шары қай уақытта пайда болса, адам құқықтары үшін күрес те сол уақыттан бастау алады». Адам құқықтары Мұса пайғамбардан Гуго Гроций мен Фома Аквинскийге дейінгі аралықта пайда болған деген болжамдар бар, шын мәнінде, сол кезеңдегі “қанға қан”, “жанға жан” ұғымын білдіретін талион принципі, сондай-ақ, басқа да сот әділдігін жүзеге асыратын жаза түрлері – адам құқықтарының қорғалуының айқын көрінісі еді. [70, 10 б.]

Біз құқықтар жайлы айтқанда, олар біздің армандарымыздың орындалуын білдіреді деп түсінеміз. Бірақ, кейде бір адамның бостандығы екінші адамның бостандығымен қақтығысқа ұшырайтынын аңғармаймыз. Сондықтан да, құқықтар мен бостандықтардың, міндеттер мен жауапкершіліктердің арақатынасын, аражігін дұрыс баланста ұстау әбден қажет. [69, 277 б.]

Кейбір адамдар өздерінің құқықтарды мүлдем иеленбейтіндігі жайлы пікір танытып жатса, басқалары керісінше, шынайы құқықтар иеленетіндігіне сенеді. Дегенмен, олардың сенімдері шындыққа жанаспауы мүмкін. [69, 207 б.]

Сонымен, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі адам құқықтарын, бостандықтарын, міндетін, жауаптылығын қамтитын оның құқықтық жағдайы болып танылады. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі әрбір тарихи кезеңде түрлі тұжырымдамалар арқылы анықталды. Дей тұрғанымен, әлем мемлекеттерінің адам құқықтары туралы [6] жалпы Декларация ережелеріне сүйене отырып, қабылдаған Конституциялары адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтыды, олардың іске асырылуына кепілдік берілді.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтайтын, барлық санаттағы адам құқықтарын, бостандықтарын қорғайтын ұлттық және халықаралық құқықтық

құжаттар тізімі өте ауқымды. [7] Солардың ең бастыларына тоқталсақ:

– экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт; [17]

– азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт; [56]

– азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ерікті хаттамасы;

– нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы халықаралық конвенция;

– әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция [18];

– әйелдерге қатысты кемсітуді жою туралы конвенцияға факультативтік хаттама;

– Біріккен Ұлттар Ұйымының трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа [69, 209 б.] қарсы конвенциясы;

– трансұлттық ұйымдасқан қылмыс кіріспесіне қарсы біріккен ұлттар ұйымының конвенциясын толықтыратын, трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы біріккен ұлттар ұйымының конвенциясын толықтыратын адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу, жолын кесу және жазалау туралы хаттама;

– трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы біріккен ұлттар ұйымының конвенциясын толықтыратын жер, теңіз және әуе арқылы мигранттарды заңсыз әкелуге қарсы хаттама;

– бала құқықтары туралы конвенция;

– балаларды қарулы жанжалдарға тарту туралы бала құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттама;

– балалар еңбегінің ең нашар нысандарын жоюға тыйым салу және дереу әрекет туралы конвенция;

– балаларды сату, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қарсы ерікті хаттама;

– мүгедектердің құқықтары туралы конвенция;

– мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияна ерікті хаттама;

– азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция;

– геноцид қылмысын болдырмау және жазалау туралы конвенция;

– құлдық туралы конвенция;

– құлдық туралы конвенцияға түзетулер енгізу туралы хаттама;

– құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен тәжірибені жою туралы қосымша конвенция;

– Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

– босқындарды қабылдау туралы халықаралық конвенция;

– террористік бомбалауды болдырмау туралы халықаралық

конвенция;

– терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенция;

– әуе кемелерін заңсыз басып алуды болдырмау туралы халықаралық конвенция;

– халықаралық қорғалатын адамдарға қарсы қылмыстардың алдын алу және жазалау туралы халықаралық конвенция;

– қарулы күштерде жараланғандар мен науқастардың жағдайын жақсарту туралы женева конвенциясы;

– теңіздегі қарулы күштердің жараланған, науқас және кеме жүзетін мүшелерінің жағдайын жақсарту туралы женева конвенциясы;

– соғыс тұтқындарын емдеуге қатысты женева конвенциясы;

– соғыс уақытында азаматтық тұлғаларды қорғауға қатысты женева конвенциясы;

– женева конвенцияларына қосымша 1949 жылғы 12 тамыздағы және халықаралық қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғау туралы хаттама (і хаттама);

– 1949 жылғы 12 тамыздағы женева конвенцияларына қосымша және халықаралық емес қарулы қақтығыстарда құрбандарды қорғау туралы хаттама (хаттама іі);

– мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенция;

– тең сыйақы туралы конвенция;

– жұмыспен қамту саясаты туралы конвенция;

– еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі туралы конвенция;

– босқындардың мәртебесі туралы конвенция;

– босқындардың мәртебесі туралы хаттама;

– халықаралық қылмыстық соттың рим статуты;

– Біріккен Ұлттар Ұйымының және қауымдасқан қызметкерлердің қауіпсіздігі туралы конвенция;

– кемсітушілік (жұмыспен қамту және кәсіп) туралы конвенция;

– азаптауды, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекеттер мен жазалауды болдырмау туралы еуропа конвенциясы;

– азаптаулар мен адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалауды болдырмау туралы еуропа конвенциясына №1 хаттама;

– азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция;

– азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияна ерікті хаттама;

– білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы конвенция;

– азаматтығы жоқтықты азайту туралы конвенция;

– азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесі туралы конвенция;

– адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы еуропа конвенциясы; [73]

– 1950 жылғы адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы еуропа конвенциясына № 1-15 хаттамалары;

– азаптауды және адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекеттер мен жазалауды болдырмау туралы еуропа конвенциясы;

– азаптаулар мен адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалауды болдырмау туралы еуропа конвенциясына №1 және №2 хаттама;

– Еуропа әлеуметтік хартиясы;

– аймақтық немесе азшылық тілдері жөніндегі еуропа хартиясы;

– ұлттық азшылықтарды қорғау туралы конвенция;

– адам саудасына қарсы күрес туралы конвенция және т.б.

1789 жылы Француз төңкерісі кезінде қабылданған «Адам және азамат құқықтары декларациясы» адам құқықтары тұжырымдамасының дамуына баға жетпес үлес қосты, ол адамдар дүниеге келісімен тең құқылы болып табылады және тең бостандықтарға ие әрі еркін жүріп-тұрады деген ұстанымда болды. Алайда, бұл бәрінің саяси билікке бірдей қатысуын білдірмеді, тек қағаз жүзіндегі тұжырымдар болып қала берді, іс жүзінде саяси теңдік болмады, яғни адам мен азамат саяси билікке тең тұрғыда араласа алмады. [67, 250 б.]

1.3 Адам құқықтарының топтастырылуы: даму ерекшеліктері және қазіргі жағдайы

Адам құқықтарының топтастырылуының бірқатар түрлері бар. Адам құқығының тұжырымдамасына тоқталып өтейік. Бұл тұжырымдама XX ғасырдың 70 –ші жылдарында пайда бола бастады. [78]

Адам құқықтары пайда болуы уақытына қарай үш топқа бөлінеді:

1. Бірінші топ – Ұлы Француз революциясымен және тәуелсіздік үшін американдық күреспен жарияланған жеке және саяси құқықтады құрайды;

2. Екінші топ – өз жағдайын жақсартуы үшін халықтың күресуі нәтижесінде пайда болған әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтарды құрайды;

3. Үшінші топ, жаңа топ – ұжымдық құқықтарды құрайды, оларға: бейбітшілік үшін құқық, қолайлы қоршаған ортаға құқық, дамуға құқық секілді және тағы басқалары жатады. [79]

Соңғы топтағы құқықтарды тану туралы мәселе күні бүгінде даулы болып табылады. Көптеген мамандардың ойынша ұжымдық құқықтарды адам құқықтары шеңберінде қарастырған жөн емес деп санайды. Адам құқықтары – ол ұлттың, аз топтардың немесе өзге де әлеуметтік топтардың құқықтары емес.

Бірінші топтағы құқықтарды талдайық:

– Жеке құқықтар мен бостандықтар;

Адамның жеке құқықтары мен бостандықтарын сонымен қатар, азаматтық құқықтары деп те атайды. Бұл құқықтардың басым көпшілігі адамға

тумасынан тән, ажырамас болып табылады және ешкіммен шектелмейді. Азаматтық құқықтар қоғамның бір бөлігі болып танылатын тұлғаның бостандығын, оның заңсыз сыртқы араласулардан заңды қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. [80]

Жеке құқықтарға мына құқықтар жатады: өмір сүруге құқық, адамның арнамысы мен абыройын құрметтеу құқығы, бостандыққа және жеке қол сұғылмаушылыққа құқық, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, еркін жүріп-тұру бостандығы және тұрғылықты жерді таңдау бостандығы, ұлтты таңдау және араласу тілін таңдау бостандығы, соттық талқылауға құқық, кінәсіздік презумпциясына құқық және т.б.

– Саяси құқықтар мен бостандықтар;

Саяси құқықтар мен бостандықтар адамға мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне және басқаруына қатысуына мүмкіндіктер береді.

Саяси құқықтардың ерекше белгісінің бірі ол барлық адамдарға ғана тән болып қалмай, тек азаматтарға ғана тән екенінде. Бұл құқықтар азаматтың кәмелеттік жасқа толған уақытынан бастап әрекет ете бастайды. [81]

Саяси құқықтарға мемлекет ісін басқару құқығы, еркін жүріп тұру бостандығы, сөз бостандығы, бейбіт шерулерге құқық, одақтар және бірлестіктер құруға құқық және тағы басқалары жатады.

Келесі кезекте екінші топтағы құқықтарды қарастырайық:

– Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар.

Әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтар адам тіршілігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты болады, оның еңбек, әл-ауқат, әлеуметтік қорғануы саласындағы мәртебесін анықтайды. Мұның мақсаты адамдарға қорқыныш пен қажеттіктен еркін болуға жағдай жасау болып табылады. [82]

Әлеуметтік-экономикалық құқықтарға: еңбек етуге құқық, демалуға құқық, әлеуметтік қамсыздандыруға құқық, тұрғын үйге құқық, тіршілік етудің қалыпты деңгейіне құқық, денсаулықты сақтауға құқық және тағы басқалары жатады.

Мәдени құқықтар адамның рухани дамуына кепілдік береді, әрбір адамға әлеуметтік прогресстің қажетті қатысушысы болуға жәрдемдеседі. Бұл топтағы құқықтарға мыналар жатады: білім алуға құқық, мәдени құндылықтарға қолжетімділік құқығы, қоғамның мәдени өміріне еркін қатысуға құқық, шығармашылыққа құқық, ғылыми прогресстің нәтижелерін пайдалануға құқық және т.б.

Бірінші және екінші топтағы құқықтар бірі бірінен өзара ерекшеленеді. Бірінші топтағы құқықтарды – азаматтық және саяси құқықтарды сақтау – елдің экономикалық даму деңгейіне тіптен байланысты емес. Ол тек биліктің еркіне ғана байланысты. Сондықтанда бұл құқықтардың сақталуын дереу және қатаң түрде талап етіледі.

Ал, әлеуметтік-экономикалық құқықтардың сақталуы елдің әл-ауқатына тікелей байланысты болып келеді: егер экономика әлсіз болса, онда мемлекет адамның қолайлы деңгейде өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қаржы таба алмай қалады. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар прогрессивті тәртіппен іске

асырылады: олар мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерінің дамуына қарай қамсыздандырылған бола береді. [83]

Мемлекет қатаң түрде адамның жеке және саяси құқықтарын сақтауы керек. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар болса керісінше мемлекет үшін жоғары жетістіктерге ұмтылуы үшін мақсат, ңұсқау болып табылады.

Осы екі топтың түрлі сипаттары бірікке ұлттар ұйымы үшін екі халықаралық құжатты қабылдауға негіз болды. Әр түрлі құқықтар түрлі механизмдермен қорғалуды талап етеді.

Адам құқықтары – санқырлы құбылыс, оны біріңғай етіп топтастыруда оңай емес. Сондықтан қайсыбір күрделі ұғым сияқты адам құқықтарын түрлі незідер бойынша, түрлі факторларға байланысты бөлуге және топтастыруға әбден болады. Мұндай негіздер құқықтардың жалпылық деңгейі, құқықтарды ұстаушы дәрежесіне, бағыттылық саласына, қорғау рәсіміне байланысты болуы мүмкін. «Адам құқығы» термині бостандық, теңдік, әділеттілік, адамның қадір-қасиетін құрметтеу, толеранттылық секілді негзігі ізгілік қағидаларының болуын қажет етеді. [84]

Адам құқықтары жеке және топтық болып та бөлінеді, пайда болу уақытына қарай (адам құқықтарының топтары), тіршілік ету аясына қарай (жеке, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени) бөлінеді. Сонымен қатар, адамның «құқықтарын» және «бостандықтарын» жекелеп бөліп қарастырады, құқықтар негізгі (іргелі) және өзге құқықтар деп те бөлінеді. Мұның барлығы адам құқықтарының каталогын құрайды.

Адам құқықғының жүйесі көптеген элементтерден тұрады. Олар өзара әрекет етеді және бірі-бірімен үйлесімді болады, кей кезде жүйенің ішінде бірі бірімен қақтығысып жатады. Сондықтан, белгілі бір құқықты белгілі бір топқа жатқызу тек формалды сипатта болады. Бір құқық бір кезде бірнеше санатқа жатқызылуы мүмкін. Адам құқығы – өте өзгермелі материя, ол қоғаммен бірге өзгеріп, бірге дамиды. Сол себептен де құқықтар мен бостандықтардың ерекше түрлері болуы да мүмкін емес. Жаңа құқықтар мен бостандықтарды бекіту мен тану қажеттігі тек қоғам мен мемлекетте болып жатқан түрлі үдерістердің нәтижесі ретінде пайда болуы мүмкін. Мұның айғағы ретінде танылған және бекітілген құқықтар мен бостандықтарды түсіндіруге талпыныс соңғы елу жыл ішінде көптеп өзгергені дәлел. Осы уақытта жекелеген құқықтар кеңейтілді. [85]

Адам құқықтары теориясы түрлі топтастыру мен көзқарастарды қарастырса да, халықаралық құқық құқықтар мен бостандықтардың тізімін бекітуді және біріңғай топтастырылуын заңи бекітуді қажет деп белгілейді. Адам құқығы бойынша негізгі халықаралық құжаттар адам құқықтарын азаматтық (жеке), саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени деп бөледі. Атап айтқанда 1966 жылы қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт және 1966 жылы қабылданған Экономикалық, саяси және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт. [86]

Бұл құжаттарда бекітілген құқықтар мен бостандықтар адам құқықтарын заңды топтастырылуын қарастырған.

Адам құқықтарының теориясы мен тәжірибесінде құқықтар мен

бостандықтардың әмбебаптығы тұжырымдамасы басым болып табылады., яғни оларды біріңғай, обьективті және бөлінбейтін етіп тануды көрсетеді. Экономикалық, саяси және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактінің Преамбуласында былай делінген: «…әркім экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын да өзінің азаматтық және саяси құқықтарымен бірдей пайдалана алатындай жағдай туғызғанда ғана, үрей мен мұқтаждықтан бостандығын иеленген еркін адам үлгісі жүзеге асырылуы мүмкін екендігін тани отырып …» [87] Сондықтан ресми түрде барлық құққы топтарының бірі бірімен өзара байланыстылығы қағидасы бекітіледі. Бір санаттағы құқықтарға басымдылық беріп негізгі қағидалардың сақталуы мүмкін еместігін көрсетеді.

Адам құқықтарының топтастырылуына қазіргі кездегі көзқарастар құқықтар мен бостандықтардың маңыздылығы дәрежесіне қарай бөлінуін жоққа шығарады, бірақ та ғылыми ортада қай құқықтар маңызды әрі құнды екені жайлы даулар туындап жатады.Оған әлеуметтік-экономикалық құқықтардан басым тұратын азаматтық және саяси құқықтар жатқызылады. Сонда да соңғы кездері адам құқытары теориясындағы мұндай полемикалардың болашағы жоқ болып танылады. Бұл бір топтағы құққытарға маңыздылық беру арқылы, екінші бір топтағы құқықтардың рөлін төмендетуге әкеп соқтыратынымен негізделеді. [88]

Алғашқыда құқықтардың жеке, саяси және әлеуметтік-экономикалық және мәдени болып бөлінуін қарастырайық. Былай топтастыру халықаралық-құққытық доктриналарда және әлем елдерінің көптеген доктриналарында көрініс тапқан.

Жеке құқықтарға жатады: өмір сүру құқығы, жеке қол сұғылмаушылық құқығы, құлдықтан еркіндік, зорлық зомбылықтан еркіндік, ар-намыс және діни наным сенімді таңдау еркіндігі, абырой, жеке өмірге, тұрғын үйге қол сұғылмаушылық, некеге тұру және отбасы құру еркіндігі және т.б. Бұл топтағы құқықтардың мазмұнын кеңінен талқылау мүмкіндігімен сипатталады. Заң актілерінде құқық тек аталады, субъектіге ол құқыққа не жататындығын шешу мүмкіндігі беріледі. Егер бұл құқық бұзылса, онда всотқа да мұндай мүмкіндіктер беріледі. Шектелген жеке құқықтар мен бостандықтардың тізімі ең жоғары деңгейдегі заң актілерімен белгіленеді. Көптеген мемлекеттерде бұл шектеулер негізгі заң болып табылатын Конституциямен белгіленген. [89]

Саяси құқықтарға жатады: сөз бостандығы, ақпарат алу бостандығы, жиналысқа бостандық, бірлесу және жария акцияларды жүргізу құқығы, мемлекеттің басқару ісіне қатысуға және референдумге құқық, сайлау құқығы. Мемлекеттік билікті сынға алу құқығы, мемлекттік қызметке теңдей қолжетімділік құқығы. Саяси құқықтар қоғамның саяси өміріне қатысуға мүмкіндікті іске асыруға, мемлекеттік билікті қалыптастыруға және жүзеге асыруға, оған әсер етуге, жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруға бағытталған. Саяси құқықтар арқылы азамат пен мемлекет арасында өзара әрекеттесу іске асырылады. [90]

Барлық тұлғаларға тән жеке құқықтарға қарағанда мемлекеттегі саяси құқықтарды тек азаматтар ғана иелене алады. Шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар мемлекеттің азаматтарымен қатарсаяси құқықтар мен

бостандықтардың тек бір бөлігін ғана қолдана алады, мысалы, сөз бостандығы, ақпарат алу бостандығы. Олардың басқа саяси құқықтар мен бостандықтарды иеленуі заңдарда арнайы көрсетілуі керек. Сондай ақ, сяаси құқықтар мен бостандықтар жеке құқықтарға қарағанда алдеқайда шектелуі мүмкін. Халықаралық заңдар және қазақстандық заңдар олардың шектелуі үшін түрлі негіздемелер белгілеген, мысалы, төтенше жағдайлардың орын алуы, әскери істер, мемлекеттің қауіпсіздігі мүдделерін сақтау және т.б. [91]

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар бастапқыда мемлекет пен қоғамның әлеуметтік қатынастарына негізделген және адамдардың қолайлы тіршілік деңгейінде өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар, негізінен, халықтың әлеуметтік қорғалмаған не әлсіз қорғалған топтарын қолдауға, сонымен қатар адамды оның экономикалық және әлуеметтік қызметі барысында қорғауға бағытталған. Бұл құқықтарға еңбек, халықты еңбекпен қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім беру және тағы басқа салалардағы құқықтар жатады. Жеке және саяси құқықтарға қарағанда әлеуметтік-экономикалық құқықтарды әмбебап деп айтуға келмейді, өйткені бұл құқықтар халықтың белгілі бір санатына ғана қатысты болып келеді. Көптеген әлеуметтік-экономикалық құқықтар декларативтік нысанға ие болып табылады және соттық қорғаумен қамтамасыз етілмеуі мүмкін, сондықтан да оларды жиі позитивтік тұрғыдан емес, моральдық тұрғыдан қарастырған жөн. [92]

Шет ел заңнамаларында әлеуметтік-экономикалық құқықтар «қағидалар» немесе «директив» түрінде жеке бөлімді құрайды. Сонда да бұл құқықтарды қорғауға жатқызылған, және жалпылама қорғау емес, туынды конституциялық қағидалардан шығатын құқықтарды ғана қорғау іке асырылады, мысалы, еңбек етуге құқық емес, ал оған жалақы алу құқығы және т.б.

Көптеген елдердің заңнамасындағы әлеуметтік-экономикалық құқықтар ұсыныстық сипатқа ие болғаны мемлекеттің қаржылық әл-ауқатының белгілі бір деңгейінің болуымен байланысты. Сондықтанда әлеуметтік-экономикалық құқықтарды бекітетін құжаттарда «қалыпты тіршілік деңгейі», «әділ және қолайлы еңбек жағдайы» және т.б. сөздерді көруге болады. [93]

Жоғарыда айтылып өткендей әлеуметтік-экономикалық құқықтарға қарағанда азаматтық және саяси құқықтардың басымдығы кең таралған. Мұның мән-жайын былай түсіндіруге болады: әлеуметтік-экономикалық құқықтар іске асырылуы және соттық қорғалуы жағынан аз кепілдінендірілген және бұл топтағы құқықтар тұлғаның мемлекеттен жәрдем алуына негізделген, сол себептен де әлеуметтік-экономикалық санаттағы құқықтарды «әлсіз» деп санауға болады. Бұл тұжырымға сәйкес әлеуметтік-экономикалық құқықтарды құқық деп емес мемлекет қызметінің белгілі бір қағидасы деп есептейді [94]

Қазіргі кезде мұндай көзқарастар аз қолдауды көріп отыр. Барлық құқықтардың өзара байланысы тұжырымдамасы көп қолдауды танып отыр. Бұл құқықтардың пайда болу жолдары маңызды емес, маңыздысы адамның қолайлы әрі қорғалған күйде тіршілік етуі деңгейін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын амалдар мен тәсілдер болып отыр. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың пайдасына бір айғақтың болуы, ол, Бірікке Ұлттар Ұйымы

мемлекеттер-мүшелерінің көбісі және Еуропа Одағы мемлекеттер-мүшелері өз азаматтарының жағымды жағдайда тіршілік етуін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер алуында болып отыр. [95]

Әдебиеттерде құқықтардың тағы бір тобы көрсетіледі. Оны «процессуалдық құқықтар» деп атайды. Мысалы, Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғаудың Еуропалық конвенциясында құқықтардың үш тобы көрсетілген. Бірінші топқа «соттық кепілдіктерді» немесе процессуалдық құқықтарды жатқызады. Ол тек соттық талқылау сатфысындағы тұлғалардың құқықтары ғана емес, ол сонымен қатар әділет және құқық қорғау органдары қызметі саласындағы тұлғалардың барлық құқықтары мен кепілдіктері. Жалпыланған түрінде Конвенцияда ол «еркіндік пен қауіпсіздікке құқық» және «әділ соттық талқылау» деп аталған. [96]

Оған жатады:

1. тұлғаның қамауға алу не ұсталу жағдайында қамаудың не ұстауға алудың заңдылығы туралы мәселені қарау үшін тез арада соттың алдына бару құқығы (habeas corpus қағидаты);

2. тұлғаның заңсыз қамауға алынуы немесе заңсыз ұсталуы жағдайында төлемақы алуға құқығы;

3. алдын ала тергеу барысында тұлғаны жеткілікті негізсіз қамауға ұстаудға тиым салу;

4. қамаудағы тұлғаға қатысты адамзатқа қарсы, оның абыройын түсіретін әрекеттерге тиым салу;

5.келісім міндемесін орындамағаны үшін бас бостандығынан айырудан тиыим салу;

6. сот әділдігіне кедергісіз қолжетімділік құқығы;

7. тәуелсіз және әділ сотқа құқық;

8. сот процесі тараптарының теңдігінің кепілдігі және жарыс сөз қағидаты;

9. сот процесінің жариялылығына құқық;

10. шынайы мерзімде сот талқылауына құқық;

11. айыпталуышының қорғалуына құқық, қаражаты жоқ болса тегін қорғаушыға құқық;

12. процестің тілін меңгермеу барысында тегін аудармашыға құқық;

13. кінәсіздік презумпциясы;

14. бейбіт уақытта өлім жазасына тиым салу;

15. бір әрекет үшін қайтадан жазаға тартылуға тиыим салу (nonbisinidem);

16. жаңа қылмыстық заңның кері күшіне немесе жазаны аурлататын қылмыстық заңның кері күшіне тиым салу;

17. жоғары тұрған сот инстинциясының үкімді қайта қарауға немесе жазалау шарасын қайта қарауға құқығы;

18. сот қателігі жағдайында төлемақы алуға құқық. [97]

Екінші топты жеке құқықтар құрайды, ал үшінші топты саяси құқықтар құрайды. Бұл топтағы құқықтар жоғарыда қарастырылып кетті. Конвенцияда әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтар

бекітілмеген. Процессуалдық құқықтар ҚР Конституциясында да бекітілген.

Құқықтардың жеке, саяси, әлеуметтік-экономикалық болып бөлінуі позитивті және негативті құқықтарды қарастыруға мүмкіндік береді. Позитивтік құқық деп адамның қажеттіліктерін іске асыруға бағытталған белгілі бір әрекеттерді жасауды мемлекеттен талап ету мүмкіндігіне құқықты айтамыз. Позитивтік құқықты іске асыру үшін құқықты ұстаушы субъектінің еркінен басқа, «билік» тарапынан «қызмет көрсету» болуы керек. [98]

Позитивтік құқықтарға әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтардың басым бөлігін жатқызуға болады: әлеуметтік және медициналық көмекке құқық, білім алуға құқық; сонымен қатар бірнеше саяси құқықтарды да жатқызуға болады, олар: ақпарат алуға құқық, әділ сотқа құқық және т.б. Бұл барлық құқықтарды мемлекет тұлғаға беруі тиіс. [99]

Негативтік құқықтарды «еркіндік» түсінігімен ұштастыру керек, ол құқықтарды ұстаушы субъектілердің еркін білдіреді. Іс жүзінде, бұл құқық адамзат тіршілік етуінің белгілі бір салаларына мемлекеттің араласпауын білдіретін құқық (laissez faire қағидаты). Мысалы, сөз бостандығы мемлекет тарапынан ешқандай әрекетті талап етпейді, керісінше бұл құқықтың іске асырылуына мемлекет араласпауы тиіс. Сөз бостандығанан басқа негативтік құқықтарға көптеген жеке және саяси құқықтар, сондай ақ бірқатар экономикалық және мәдени құқықтар да (меншік құқығы, кәсіпкерлік еркіндігі, шығармашылық еркіндігі) жатады. Осы ретте өмір сүруге құқықты позитивтік құқыққа да, негативтік құқыққа да жатқызуға болады. Позитивтік құқық тұрғысынан ол өлім үшін жауаптылықты белгілеу және қылмыс жасаған тұлғаны ұстау мемлекеттің міндеті ретінде қарастырылады, ал негативтік құқық тұрғысынан мемлекет тұлғаның өмірін өз қалауымен айыра алмайды, мысалы соттан тыс өлім жазасын қолдана алмайды. [100]

Шамамен 1975 жылдан Хельсинки актісіне қол қойғаннан бастап халықаралық тәжірибеде пайда болу уақытына қарай құқықтарды үш топқа бөліп қарастыратын адам құқығының «үш үрпағы» тұжырымдамасы кең тарала бастады. [101]

Бірінші буын XVIII – ғасырда буржуазиялық революция кезінде қалыптасқан, кейінректе демократиялық мемлекеттердің заңдарында және тәжірибесінде орын алған либералды құндылықтар болып табылады. Бұл бірінші кезекте жеке (азаматтық) және саяси құқықтар болып табылады. Бұл құқықтар негативтік құқық болып табылды, өйткені олар тұлғаның жеке бостандығына мемлекеттің араласуына жол бермеуді міндеттеді және азаматтардың саяси өмірге қатысу үшін жағдай жасауға мемлекетті міндеттеді. [102]

Екінші буын экономикалық теңсіздікпен күресу нәтижесінде және мәдени мәртебені көтермелеу барысында пайда болды. Бұл позитивтік құқықтар болды, бұл құқықтарды іске асыру үшін белсенді мемлекеттік қызмет қажет болды. Екінші ұрпақтағы құқықтарға, нгізінен, әлеуметтік-экономикалық құқықтар жатқызылды. Байлар мен кедейлердің арасындағы алшақтықты төмендету үшін қоғамды әлеуметтік реформалаудың алғашқы идеясы XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында қозғала бастады.

Мысалы, 1881 жылғы Германиядағы кайзердің Манифестімен әлеуметтік сақтандыру саласында әлеуметтік қамсыздандырудың біріңғай жүйесі белгіленді. 1919 жылғы Веймар Конституциясында еңбекпен өзіңді өзің қамсыздандыру құқығы бекітілді. Бірақ соғыстан кейін бұл құқықты қамтамасыз ету мүмкін болмады. Соымен қатар Веймар Конституциясында қарттық, ауруға шылдыққанда әлеуметтік сақтандыруға құқықтар бекітілді. Бұл Конституцияның 151 бабында «Шаруашылық тіршіліктің қалпы әділеттілік бастамасына сай болуы керек және адамның қолайлы тіршілік етуін қамтамасыз ету мақсатында болуы керек» - делінген. Осыған ұқсас ережелер 1917 жылғы Мексика құрама штаттарының Конституциясында, 1931 жылғы Испан Республикасының Конституциясында көрініс тапты. [103]

Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың кең ауқымы 1936 жылғы КСРО-ның Конституциясында баяндалды. Конституцияның XI – тарауында еңбек етуге құқық, демалуға құқық, білім алуға құқық, әлеуметтік қамсыздандыруға құқық және т.б. бекітілді.

Үшінші буын екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастайды және түпкілікті XX ғасырдың 70-ші жылдарында жекелеген топ ретінде көрініс табады. [104]

Өзінің құрылымы бойынша бұл ұлттық егемендік үшін күрестің нәтижесі ретінде ұжымдық құқықтар болып табылды. Бұл топтағы құқықтарды, жиі, «үйлесімді құқықтар» деп те атайды, атап айтқанда, бұл құқықтарға жатады: бейбіт тіршілікке құқық, салауатты қоршаған ортаға құқық, коммуникацияға құқық және т.б. Бұл құқықтардың «ұжымдылығы» келесі мән-жаймен негізделеді – бұл құқықтар нақты тұлғаға тән емес және солармен ғана іске асырылып қоймайды, бұл құқықтар халықтармен, ұлттармен қамтамасыз етіледі және солардың барлығына тән болып табылады. [105]

Адам құқығының үшінші буыны ұжымдық құқықтардың жаңа топтарының пайда болуына ғана әкеп соқтырмай, ол, сонымен бірге, жеке және ұжымдық топтардың өзара байланысының идеясына әкеп соқтырды. Бұл идеялар адам құқығы туралы Халықаралық пактілерде көрініс тапты. Кейінректе үшінші ұрпаққа жекелеген адамдар тобының құқықтарын жатқыза бастады, олар: балалардың, мүгедектердің, жұмыссыздардың, тұтынушылардың, жыныстық аз адамдардың, әйелдердің және т.б. құқықтары болды. Сонымен қатар, өзгеріп жатқан қоғамдық қатынастардың әсеріне түскен «жаңа құқықтар» пайда болды, атап айтқанда: эвтаназияға құқық, ұйқыға құқық, әскери қызметтен бас тарту құқығы, өмір сүрудің жеке үлгісін таңдау құқығы және т.б. Көптеген авторлар «жаңа құқықтардың» түсінігін жоққа шығарады, оларды бірінші және екінші ұрпақтағы құқықтардың көрінісі деп санайды. [106]

Құқықтарды жеке және ұжымдық етіп бөлу ұстаушы-субъектілердің шеңберіне байланысты болып келеді. Жеке құқық – бұл бір субъектіге тиесілі құқық болып табылады. Ұжымдық құқық болса топқа тән және топпен, адамдардың қаумымен іске асырылады. [107]

Жеке құқықтар табиғи болып танылады, әркімге тумасынан тиесілі, ал,

ұжымдық құқықтар болса табиғи болып танылмайды, өйткені олар нақты ұжымның, қауымның мүдделері қалыптасу барысында қалыптасады.

Ұжымдық құқықтар – ұжымның әрбір қатысушысына тән жеке құқықтардың жиынтығы емес. Олардың ұжымның мақсаты мен мүддесін анықтайтын қасиеті болады. Ұжымдық құқықтардың кейбіреулері топпен және жеке тұлғаның өзімен іске асырылады, ал басқалары топтық әрекетпен қана іске асырылады. Ұжымдық құқықтар жеке құқықтармен қақытығысқа түспеуі тиіс және оларды басып, жаншымауы керек. [108]

Көп жағдайда адамдардың жеке құыққтары мен халықтардың, ұлттардың, ұлттық азшылдықтардың арасындағы қарама-қайшылықтар ұлтаралық қақтығыстардың себептері бола бастайды, мұндай кезде алдыңғы қатарға егемендікке және өзін өзі анықтауға құқықтар шыға бастайды. Бірақта халықтың өзін өзі тұжырымдауға, анықтауға құқығы тұлғаның барлық құқықтарын іске асырудың ажырамас бөлігі және бұл ұжымдық құқықтың заңдылығы әрбір халықтың тұлғаның көзқарасына, нәсіліне, жынысына, ұлтына қарамастан құқықтарын танумен немесе жоққа шығарумен аяқталады. Осы тұрғыдан алғанда жеке адамның құқықтары халықтың ұжымдық құқықтарынан әлдеқайда жоғары болады. Дей тұрғанымен, қоғамдағы процестердің джұрыс дамуы жеке және ұжымдық құқықтардың арасында мәселелер тұғызбайтыны анық. Халықааралық-құқықтық нормалар жеке тұлға мен халықтың өзі-өзі тұжырымдауға құқықтарын бекітеді жәнеолардың үйлесімді дамуына негіз болып табылады. [109]

Адам құқықтары саласында халықаралық стандарттар бар. Адам құқығы саласындағы халықаралық стандарттар деп адам құқықтары қағидаларын бенкітетін және дамытатын халықаралық-құқықтық нормаларды түсінуге болады. Бірінші кезекте ол тұлғаға беретін мемлекеттердің міндеттемелері, атап айтқанда: адам құқықтары мен бостандықтарына қол сұғуға болмайтын түрлі әрекеттерді жасамау, түрлі кемсітушілікке жол бермеу, сондай ақ адам құқықтарын бұзатын түрлі әрекеттердің алдын алу және т.б. Бұдан басқа өз міндеттемелерін орындамағаны үшін мемлекеттерге жауаптылық белгіленеді, адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмдері анықталады. [110]

Халықаралық стандарттар әмбебапты және аймақтық болып бөлінеді. Әмбебапты стандарттарға Біріккен ұлттар ұйымының қабылдаған нормативтік актілері жатады. Аймақтық стандарттар белгілі бір аймаққа таралады, белгілі бір мемлекетаралық ұйымдардың (Еуропа Одағы, Еуропа Кеңесі, ТМД және т.б.) аумағына тарайды. Аймақтық стандарттар мемлекет бұзушылар үшін мемлекетаралық ұйым шеңберінде қатаң жазаны қарастыратын нақты болып табылады. [57, 102 б.]

Халықаралық стандарттар декларациялар, халықаралық пактілер, халықаралық келісімдер, конвенциялар, халықаралық ұйымдардың резолюциялары, басшылыққа алатын қағидаттар түрінде болады.

Декларациялар мемлекетаралық органдардың (мысалы, БҰҰ-ның Бас ассамблеясының резолюциясы) талқылауының қорытынды құжаты болып

табылады және міндетті күшке ие болып табылмайды. Декларация нақты бір салада халықаралық қатынастардың дамуының арықарайғы бағытын анықтайтын қағидалар жиынтығы болып табылады. Мемлекет өзінің заңнамасын тиісті декларацияға сәйкестендіруі мүмкін, бірақ міндетті емес. [64, 300 б.]

Адам құқығы саласындағы халықаралық-құқықтық нормалардың негізін халықаралық келісім-шарттар (пактілер және конвенциялар) құрайды. Бұл халықаралық-құқықтық актілердің нысаны оларды бекіткен және оларға қосылған мемлекеттердің барлығы үшін жалпыға бірдей міндетті сипатқа ие болып табылады. Келісім-шарттар негізінде келісімнің шарттарын сақтауға бақылау жасау үшін арнайы халықаралық органдар құрылады. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде конвенциялық органдар қызмет етеді – БҰҰ халықаралық шарттары негізінде құрылған алты комитет жұмыс істейді. [75, 35 б.] Олар:

1) Адам құқығы жөніндегі комитет – 1968 жылы құрылған;

2) Нәсілдік кемсітушілік бойынша Комитет – 1970 жылы құрылған;

3) Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі Комитет – 1982 жылы құрылған;

4) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар бойынша Комитет – 1985 жылы құрылған;

5) Зорлық-зомбылыққа қарсы Комитет – 1988 жылы құрылған;

6) Бала құқықтары жөніндегі Комитет – 1990 жылы құрылған. [97, 22 б.]

Еуропа Кеңесі шеңберінде Адам құқығы жөнінде Еуропалық Сот қызмет етеді. Бұл орган бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге шақыратын, адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау бойынша Конвенцияға сәйкес құрылған. Адам құқықтары саласында негізгі құжаттарды атап көрсетуге болады, олар: БҰҰ Жарғысы, Адам құқытары жөніндегі Халықаралық Билль, Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау бойынша Еуропалық Конвенция және Еуропалық әлеуметтік Хартия. [42, 10 б.]

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтарының нақты тізімі бекітілмеген. Сонда да бұл құжат тұлғаның құқықтарын әмбебапты қамтамасыз ету қажеттігі туралы мәселені қозғаған, барлық адамның және әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарын жалпылама құрметтеу қағидасын бекіткен алғашқы маңызды халықаралық құжат болды. Жарғының преамбуласында Біріккен ұлттардың адамның негізгші құқықтарына, ар-намысына, абыройына және адамзаттық құндылықтарға сенімділікті бекіту шешімі туралы айтылады. Жарғының 1-ші бабында тұлғаның абыройы, адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау, ұлттардың арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту секілді маңызды міндеттермен қатар жарияланып тұр. 55-ші баптың «с» тармақшасында мемлекеттерді «барлығына нәсілініе, жынысына, тіліне, дініне қарамастан адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын

жалпылама құрметтеуге және сақтауға» ықпал етуге міндеттейді. [68, 212 б.]

Ең басты жетістіктердің бірі болып БҰҰ Жарғысы мемлекеттің ішкі юрисдикциясынан адам құқықтарының сақталуы мәселесінің халықаралық деңгейге шығарылуына негіз болды және осы мәселенің халықаралық құқықпен тиімді реттелуі үшін алғышарттар жасады.

Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық билльге - 1948 жылғы Адам құқықтары жөніндегі Жалпы декларацияны, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт және 1966 жылғы Экономикалық, саяси және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіге Факультативтік хаттама, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіге өлім жазасын алып тастаға бағытталған 1989 жылғы екінші Факультативтік хаттама жатады. [81, 288 б.]

Адам құқықтары жөніндегі Жалпы декларация 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен қабылданды. Ол құжатта азаматтық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтардың кең ауқымы бекітілген. Декларацияда адам құқығының табиғи сипаты көрсетілген, 1-ші бапта былай делінеді: «барлық адамдар өз абыройында және өз құқықтарында еркін және тең болып туылады». Адам құқықтарының Жалпы декларациясы тек ұсыныстық сипатқа ие болып табылады. Халықаралық құқықтың бір қайнар-көзі әдет-ғұрып танылады, яғни мемлекеттердің тәжірибесі кейінректе міндетті бола бастаған және құқықтық норма түрінде рәсімделе бастаған. Сонымен, Декларацияның ережелері көптеген заманауи мемлекеттер үшін міндетті бола бастады, мемлекеттердің ішкі заңдарында көрініс таба бастады. Көптеген Конституцияларда Декларацияға сілтемелер бар, оның ережелері негізгі заң актілеріне енгізілді. Көп мемлекеттердің соттары Декларацияны танып, пайдаланады. [44, 95 б.]

1966 жылы қабылданған адам құқықтары туралы Пактілер халықаралық құқықтың дамуында жаңа буын болды. Алғаш рет жеке тұлға мемлекеттің ішкі субъектісі ғана емес, сонымен қатар, халықаралық құқықтың субъектісі ретінде таныла бастады. Пактінің ережелеріне сәйкес пактіге қатысушы мемлекеттерде тұратын барлық адамдар нәсіліне, түріне, жынысынга, тіліне, дініне, саяси және өзге де наным-сеніміне, ұлттық әлеуметтік шығу тегіне, мүлкіне, сословиялық не өзге де жағдайына қарамастан пактіде көрсетілген барлық құққытарды пайдалана алады. [70, 10 б.]

Барлық қатысушы мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамасын Пактінің нормасына сәйкестендіруі міндетті болды. Сонымен қатар Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіге №1 Факультативтік хаттамаға сәйкес пактіге қатысушы мемлекеттің кез келген азаматы өз құқықтарын қорғау үшін БҰҰ –ның адам құқықтары жөніндегі Комитетіне жолдана алатын болды.

1950 жылғы адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция азаматтарға адам құқықтары бойынша Еуропалық Сот - сот органыа жолдануға құқықты бекітті. Бұл ретте мемлекеттер бұл соттың

шығарған шешімін орындамағаны үшін жауаптылық қатаң көзделді. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот конвенциядағы құққытардың бұзылуына ғана қатысты істерді қарайды. Сот сонымен қатар Конвенцияның ережелерін талқылауға хақылы, оның шешімдері прецендттік болып танылады. Оның мәні сот ұқсас істерді қарастыру барысында шығарған шешімдерінде Конвенцияның ережелерін басшылыққа алмай, прецеденттік шешімдерді басшылыққа алады. Сонымен, Соттың 50-ден астам қызмет етуі кезеңінде Конвенцияда жазылған құқықтардың мазмұны Соттың шешімдерімен кеңейтіліп, нақтыланды. [76, 303 б.]

Оған қоса, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Комитетке берілген шағымның негізгі шарты, сонымен бірге Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотқа берілген шағымның негізгі шарттары құқықтық қорғаудың ішкі мемлекеттік құралдарын жоққа шығарады. [79, 26 б.]

Ұлттық құқықтық жүйеде халықаралық нормалардың отандық заңдардан басымдығы болады. Мұның мәні егер ішкі заңнама, ішкі құқықтық акті халықаралық шарттардың ережелеріне қайшы келсе, онда Қазақстанмен бекітілген халықаралық шарттардың ережелері қолданылатын болады. Бұл ретте ҚР Конституциясы үстемділікке ие болып табылады. Мұндай көзқарас көптеген дамыған заманауи мемлекеттерге тән болып табылады.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында елімізде заң үстемдігі қағидаттарын одан әрі іске асыру процесінде, бір жағынан, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың ең жоғары кепілдіктеріне қол жеткізу, екінші жағынан, барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық міндеттерін сөзсіз және толық орындауы маңызды екендігі ерекше атап өтілген. [111]

Адам құқықтарының құндылықтарын ұлттық саясатқа тиімді тасымалдауды қамтамасыз ету үшін, оның құқықтық негіздерін қарастыру маңызды. Адам құқықтарының жаңа концепцияларына негізделген тұлғаның құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Сонымен қатар, ол адам құқықтары мен бостандықтарының жалпы құқықтық стандарттарын бекітетін халықаралық құқықтық құжаттарда да тірек етілген.

Академик Ғ.Сапарғалиев айтқандай, «Қазақстан Республикасының Конституциясы халықтың, Президенттің, депутаттардың, өкілетті органдардың, азаматтардың, судьялардың, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесін белгілейді. Халықтың конституциялық мәртебесі – мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі болып табылатындығынан және оны тікелей не жанама жүзеге асыратындығынан көрініс табады. Азаматтардың конституциялық мәртебесі басты әрі негізгі құқықтарынан, бостандықтары мен міндеттерінен көрініс табады».[48, 52-53 б.]

Адам құқықтарының еуразиялық концепциясының негізін қалаған профессор Ж.Д.Бусурмановтың зерттеуі ерекше назар аудартады. Мұндай көзқарас кеңестік кезеңнің тарихи мұрасымен біріктірілген көпконфессионалды және көпұлтты қоғамды ескере отырып, посткеңестік кеңістік аумағында өзіндік және жеке тұлға мен мемлекет арасындағы қатынастардың өзіндік теориясын қалыптастырудың маңызды шарты болып көрінеді.

Конституция – еліміздің басты нормативтік актісі болғандықтан, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың қорғалуы – назардағы басты мәселе болуы қажет. Конституциялық құқықтар қатарына адамның өмір сүру құқығы, жеке адамның өміріне, қадір-қасиетіне қол сұқпаушылық, ар-намыс бостандығы сияқты құқықтар мен бостандықтар жатады. [112]

Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесі ретінде барлық құқық салаларының нормалары жүзеге асу үдерісінде пайда болатын қоғамдық қатынастардың субъектісі адам мен азамат ие болатын құқықтар мен бостандықтар, міндеттердің жиынтығы қарастырылса, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негіздері бұл мемлекет пен жеке тұлғаның өзара қатынасын, байланысын, жеке тұлғаның қоғамдағы жағдайын анықтайтын Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтар, бостандықтар және

міндеттер жүйесі ретінде анықталады. Яғни қай-қайсысының түсінігін қарастырсақ та, екеуі бір-бірімен пара-пар ұғым болып келеді. Жалпы, жеке тұлғаның конституциялық мәртебесінің құрылысы – азаматтықтан, құқық субъектіліктен, негізгі құқықтар, бостандықтар, заңды мүдделер мен міндеттемелерден, құқықтық принциптерден, сондай-ақ заңды жауапкершілікті білдіретін құқықтық мәртебенің кепілдіктерінен тұрады [113].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша жеке тұлға – Қазақстан Республикасы немесе басқа мемлекеттің азаматы, сондай-ақ азаматтығы жоқ адам. Яғни "жеке тұлға" ұғымы «азамат»ұғымымен тең мағынада қолданылады. Азамат (жеке тұлға) – құқықтың жеке субъектісі, оның құқықтық қабілеті (құқыққа қабілеттілігі), яғни азаматтық міндетін атқару қабілеті бар. Құқық субъектіліктің негізгі элементтері болып құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілік табылады, жалпы ол азаматтық құқықтар мен бостандықтарды иелену және оны жүзеге асыру мүмкіндігін қамтиды. Белгілі бір елдің азаматтығын алған адам, сол мемлекеттің құқық субъектісі болады. Сондықтан да, заңдарда жеке тұлғалардың құқық қабілеттіктері туралы емес, азаматтардың құқық қабілеттілігі туралы ғана айтылған.[48, 40 б.]

1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған "Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні" Қазақстан Республикасы 2005 жылы 28 қарашада ратификациялады. 2010 жылғы 23 қыркүйекте ҚР Президенті Жарлығымен "Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттамасына" қол қойылды.

Адам құқықтары туралы халықаралық құқық басқа халықаралық құқық түрлерінен ерекшеленеді, өйткені оған жататын құқықтар адамдарға тиесілі болып табылады. Адам құқықтары ұлттық заңнамада көрініс тапса да, ұлттық құқықтық жүйе арқылы ең тиімді түрде жүзеге асырылуы мүмкін болса да, бұл жүйе құқықтардың қайнар көзі болып табылмайды. Адам құқығы - адамның тұтастығы мен қадір-қасиетінің бір бөлігі және кез-келген ұлттық жүйе арқылы берілуі немесе алынуы мүмкін емес. Басқа құқықтардан айырмашылығы, адам құқықтары әрбір юрисдикцияда бірдей болады және ол халықаралық құқықтық деңгейдегі мәселе болып табылады. [59, 84 б.]

Мемлекеттегі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер жүйесі қоғамның, мемлекеттің қалыптасуы мен тарихи түрінің заңымен бірге қалыптасады және дамиды.Осы жүйеде адамның жеке құқықтары мен бостандықтары саласында қалыптасқан құқықтар, бостандықтар мен міндеттер шешуші мәнге ие.

Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары мен бостандықтарның дамуы Қазақ хандығы құрылған сәттен бастау алады. Ол кезеңде әдет құқығы, билер соты, дала құқығы, хандарымыздың құқықтық заңдары барлық даулы мәселелерге арқау болатын. Тарихтың тереңіне бой тартсақ, қазіргі Қазақ мемлекетінің ел болып еңсе көтерген дәуірден бергі табиғи болмыс-бітімімен бірге қайнасып, бойына сінген әдет ғұрып, салт-санасынан екшеліп шыққан заңдар үлгісі – билер бітімі сот ісін биік беделге жеткізгенін дәлелдейді.

Алтай тауынан Қап тауының баурайындағы Қара теңізге дейінгі аралықтағы ұлан-байтақ далада бірде күшейіп, бірде әлсіреп, сан ғасырды артқа тастаған Сақ, Ғұн, Үйсін, Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Қарахан, Оғыз, Алтын Орда,

Ақ Орда, Дешті Қыпшақ тәрізді Еуразияда үстемдік құрған ұлыстар мен мемлекеттердің түпнұсқалық жүйелі заңы ел басқаруда, келелі кеңес айтуда өзінен кейінгілерге арқау болды. Бұл жөнінде Еуразия тарихын терең зерттеген ғұлама ғалым Л.Гумилев өте парасатты ойлар айтқан.

Еліміздегі адам құқықтары мен бостандықтарын қарастырған билер сотының осы Майқы биден бастау алатыны – тарихи шындық. Содан бері Қазақ елінде қалыптасқан билер бітімі әр кезеңдегі мемлекеттік құрылым-жүйеге қарай дамып, өркендеп отырды. XVI ғасырдағы Қасым хан шығарған «Қасым ханның қасқа жолы» деген заң жарлығы (1511 – 1523 жылдары билік құрған), Есім хан (1598 – 1628 жылдар аралығында билік құрған) жарлық еткен «Есім ханның ескі жолы» өз дәуіріндегі заң-жарғылардың, мемлекеттік құқықтардың жинақталған озық үлгісіне айналды. [114]

Ғасырдан ғасырға жалғасқан осындай дәстүрлі құқықтық әдет-ғұрып, заңдарды мемлекет мүддесіне сай жаңаша жасаған, «хан біткеннің қазығы болған» XVII – XVIII ғасырдағы Әз Тәуке ханның (1680 – 1717 жылдар аралығында билік құрған) «Жеті Жарғы» заңдар ережесінің маңызы зор болды.

Сегіз ғасырдан астам уақыт осындай ерекшелігімен халық мүддесіне, ұлттық салт-дәстүрге қызмет етіп келген көне заңдар ережесі, билер соты 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін өз күшін жоймай, дәстүрлі қазақ заң құқықтарының нормалық жиынтығы болып келген еді. Жаңа социалистік қоғам үстемдік құрған 1917 – 1922 жылдар аралығында билер соты талай мәрте айтыс-тартысқа түсіп, «ескіліктің қалдығы» есебінде ұлттық, мемлекеттік маңызын жоюға әкеп соқты.

1922 жылдың соңы Кеңестер еліндегі барлық республикалар үшін үлкен жаңалық әкелді. Яғни осы жылдың 31 желтоқсаны күні одақтас республикалар құрылып, Советтік Социалистік Республикалар Одағының салтанат құрған датасы тарихи құжат болып бекіді. Осы негізбен барлық Одақтас республикалар мемлекеттік мәртебелерін белгілеп, қайта құрылды. Соған орай сот, заң шығару орындарын, басқару билігін одақтық саясат негізіне сай қайта жүйелеп, бекітті. Алғашқы Қазақстан Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда КСРО құрылғаннан кейін 1925 жылғы РСФСР Конституциясы ескеріле отырып, ҚазАКСР Орталық Атқару Комитетінің қауылысымен түпкілікті редакцияда қабылданды, өйткені бұл кезде Қазақстан РСФСР-дың бір бөлігі еді. [115]

1937 жылдың 26 наурызында Кеңестердің Бүкілқазақстандық Төтенше X Съезінде қабылданған Қазақ КСР Конституциясымен нығайтылды.Бұл кезде Қазақстанда да мемлекеттік басқару жүйесінде өзгерістер болып жатты. Автономиялық республикадан жеке одақтас республика болып құрылды. Одан кейін республиканың жеке мемлекеттік құрылымы, билік жүргізу, заң шығару, оны орындайтын өз республикасына тән Конституциясы қабылданды. 1937 жылдың Конституциясында азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері анықталған: еңбек етуге құқылығы (96-бап), демалысқа құқылығы (97-бап), қартаю, ауру болу және еңбекке қабілетсіз болып қалу жағдайларында материалды қамтамасыз етілуге құқылығы (98-бап), денсаулық сақтау, сөз, баспасөз, жиын, митинг, көше шерулері мен демонстрацияларға еркіндік

берілуі кепілдігі, тұлғаға, тұрғын-жайға, азаматтардың хат жазысу арқылы жеке хат алысуға дербес құқықтары, шетел азаматтарына саяси баспана беру құқығы.[115, 2 б.]

1978 жылы КСРО-да "кемелденген социализм" жолында жеңіске жету үшін қоғамның әл-ауқатын, саяси сипатын одан сайын арттыруда заман талабына сай келетін жаңа Конституция жариялауға тура келді. Дегенмен 1936 жылы (Қазақстанда 1937 жылы) қабылданған Конституция ескірген еді. Жаңа дәуір принциптері мен әлемдік саяси көзқарастарға икемделген жаңа Конституция мемлекет мүддесі үшін қажет-ақ еді. 1978 жылғы 20 сәуірде Казақ ССР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс VII-сессиясында қабылданған Казақ Советтік Социалистік Республикасы Конституциясы "Коммунизмнің биік мұраттарын басшылыққа ала отырып және КСРО-ның қоғамдық құрылысы мен саясатының негіздерін баянды еткен, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін, социалистік жалпы халықтық мемлекеттің ұйымдастыру принциптері мен мақсаттарын белгілеп берген КСР Одағының Конституциясына сәйкес шыққан еді. КСРО-да кеңестік азаматтарға және басқаларға құқықтар мен бостандықтардың кең ауқымы берілген деп санайды Ресейлік құқықтанушы И.В.Ротовщиков. Бұл көзқараспен қазақстандық құқықтанушылар көп жағдайда, келіспейді. [116]

Кеңес Одағының құрамындағы 15 республиканың бірі Қазақстанның 70 жыл бойы қоғамның қай саласында болмасын дербес саясат жүргізуге мүмкіндігі жоқ болып келгенін тарихтан жақсы білеміз. Қазақ халқы осы жылдары ұлттық салт-дәстүр, рухани құндылықтарынан, адам құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің қорғалуынан біртіндеп айырыла бастады.[117] Ғасырлар бойы қазақ халқы қаншама қиындықтар көрді, Кеңес үкіметінің езгісінде болды, құқықтары тапталды. Тәуелсіздік таңының атысы – ата-бабамыз кешкен осы ауыртпашылықтардың жемісі әрі жеңісі еді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының қоғамдық сипатын, мемлекеттік жүйесін түпкілікті өзгерткен 1990 жылғы 24 сәуірдегі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Казақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықгырулар енгізу туралы” № 6-XII заңы және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылғы 24 сәуірдегі “Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті туралы” қаулысының Казақстан халқы үшін маңызы зор болды. Ал, 1990 жылдың 25 қазаны күні жарияланған “Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы” Декларациясы қазақ халқы ғасырлар бойы армандап келген тәуелсіздікке қол жеткізудің алғышартын жасап берді. 1991 жылдың 16 желтоқсаны күні Казақстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет екендігін дүние жүзіне жариялаған Президент Н.Назарбаевтың “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы” № 1007-XП Конституциялық Заңы жарияланды. Бұл Қазақ елінің Ұлы мерекесі есебінде тарихи датаға айналып, ұлттық мейрамға ұласты.

1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет пен басқарудың құрылымын жеңілдендіру барысында және одан бұрынғы шыққан Конституциялық заңдар ережесін жинақтай келе жаңа

қоғамға лайықты “Қазақстан Республикасының Конституциясы” жарияланды.

Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына теңдей құқық беру қамтамасыз етіліп, адамдардың міндеттері мен құқықтары және бостандықтары бекітілді. Конституция бойынша қазақ тілі — мемлекеттік тіл болып бекітіліп, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне ие болды. Мемлекеттік немесе ұлтаралық қатынас тілін білмеу белгілеріне байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтары шектелуіне тыйым салынды. Сөйтіп, Қазақстанның толыққанды мемлекеттік тәуелсіздігін конституциялық-құқықтық түрғыдан рәсімдеу 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы Конституцияның қабылдануымен жүзеге асты.[118]

Кеңестік және тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйелерінің арасында сабақтастық болды. Ол заңды еді. Себебі тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстанға кеңестік құқықтық жүйе мұра болып қалды. Алайда елдегі жағдай тез өзгеріп, қазіргі заманның құқықтық институттары мен нормаларына енгізуге жол ашылды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы мемлекеттің тәуелсіздігін заңды түрде рәсімдеді, халықаралық қауымдастыққа Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде танытты, біздің қоғамға жаңадан енген кейбір институттарды қоғамдық, саяси және құқықтық салаларда бекітті, сөйтіп сол кезеңдегі үш негізгі міндетті шешті.

Бірақ іс жүзінде 1993 жылғы қабылданған Конституцияның Қазақстандағы шынайы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерден алшақтығы мемлекет тұрғындарының тіл мәселесі, меншік нысандары, жерге, азаматтыққа, мемлекеттік сипатына қатысты сәйкессіздіктерін туындатты. Негізгі заңда атқарушы және заң шығарушы биліктердің арасындағы келіспеушіліктерді шешетін тетіктер болмады. Әсіресе, мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы қайшылық күшейе түсті. Үкіметтің биліктен кетуімен жалғасқан парламенттік дағдарыс, атқарушы биліктің дәрменсіздігін күшейтіп, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына, мемлекетті баскарудың мүдделеріне қауіп төндірді. Осы себептерге байланысты 1993 жылғы Конституцияны қайта қарау және жаңа Конституцияның қажеттілігі туралы пікір туындады. 1993 жылғы Конституцияда жазылған құқықтық мемлекетті құруға бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында 1994 жылы елімізде құқықтық реформалардың бағдарламасы қабылданды.

1995 жылы 30 тамыздағы ҚР Конституциясының негізін Жалпыға ортақ адам құқықтары жөніндегі декларацияда, Экономикалық, әлеуметтік, және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пактіде, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактіде бекітілген құқықтық ережелер құрады. Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігі, мемлекеттің ең жоғарғы құндылығының адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандығы екендігі нақтыланған.[119]

Қазақстан Республикасында дамудың осы кезеңіндегі басты міндет - Конституция нормаларын және өзге де нормативтік актілердің, ең алдымен, мемлекеттік органдар тарапынан әртүрлі тәсілдермен орындалуын қамтамасыз ету. Мемлекеттегі өкілеттіктерді бөлудің конституциялық механизміндегі сот

билігіне ерекше функционалдық маңыз беріледі - ол адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары әлеуметтік құндылық ретінде қорғауды қамтамасыз ету керек. Алайда, Қазақстан Республикасында жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзатын көптеген мәселелер бар. Өздерінің конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін білмейтін, оларды қалай қорғайтындығын білмейтін, тіпті кей жағдайда өз құқықтары мен бостандықтарын қорғағысы келмейтін, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына лауазымды тұлғалардың ұнамсыз қатынасы сияқты жағдай – халықтың құқықтық мәдениетінің төмен екендігін білдіреді.

Бұл мәселені шешудің бірі – Қазақстан Республикасының аумағында тұратын лауазымды тұлғаларға және барлық адамдарға қолданылатын жеке тұлғаның конституциялық құқықтар мен бостандықтарды зерттеу және насихаттау.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында елде құқықтық принциптердің келешекте енгізілуі мақсатында:

– Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың барынша мүмкін кепілдіктеріне қол жеткізудің маңыздылығына ерекше назар аударды;

– Барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, азаматтар мен ұйымдар тарапынан конституциялық міндеттерді сөзсіз және түпкілікті орындауға қол жеткізу маңыздылығын атап өтті.[120]

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің қағидаларын келесілер құрайды:

– Тең құқықтық қағидасы. Заң мен сот алдында барлығы тең. Сот адам мен азаматтың құқы мен бостандықтарын қорғау мақсатында оның лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, дініне, діліне, ұлтына қарамастан, тек Конституция мен заңға ғана сүйенуі қажет. Сондай-ақ, нанымсеніміне, ұлтына, дініне, діліне, тұрғылықты жеріне және т.б. жағдайына қарап, ешкімнің ешкімді кемсітуге құқы жоқ;[48, 108 б.] Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Адамзат тарихындағы ар-ождан бостандығы туралы» тұңғыш Хартияны бекітіп, онда ол еврейлер мен христиандар «барлық қорлық пен зияннан қорғалатындығын», олардың қайырлы, ізгі қызметтер мен қолдауға тең құқылығын уәде еткен [121]. Жалпы, адам құқықтары – бұл барлық адамдар кемсітушіліксіз иеленетін құқықтардың жиынтығы.

– Конституциялық құқықтар мен бостандықтарды заңсыз шектеуге жол берілмейтіндігі. Адамның құқықтары мен бостандықтары тек заңмен ғана шектелетіндігі ҚР Конституциясында бекітілген. Ал, басқа нормативтік құқықтық актілер арқылы адам құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілмейді. Тіпті, ол Президенттің нормативтік жарлықтары, Үкіметтің қаулылары, министрліктердің, жергілікті өкілетті және атқару органдарының нормативтік актілері болсын. Адам мен азаматтың саяси, әлеуметтік және экономикалық жеке құқықтары мен бостандықтарын шектеуге болмайды және олар шексіз болып табылады. Тек заңда көзделген реттерде, қоғамдық тәртіпті,

адамдардың денсаулығы мен ізгілігін қамтамасыз ету үшін қажеттілік деңгейінде шектелуі мүмкін;

– Құқықтар мен міндеттерді теріс пайдаланушылыққа тыйым салу. ҚР Конституциясында атап өтілгендей, әр адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы конституциялық құрылыс пен қоғамдық ізгілікке зиянын тигізбеуі тиіс. Құқықтар мен міндеттер бұзылған жағдайда, заң кепілдігі күшіне еніп, мүдделері мемлекетпен қорғалады; [48, 105-107 б.]

– Құқықтар мен міндеттердің ажырамастығы/бөлінбестігі. Әр адам ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауы және оған бағынуы тиіс. Адамдар қоғамдастығында өмір сүріп жатқан адам мен азамат құқытары мен бостандықтарын қорғап қана қоймай, өзіне мемлекетпен берілген міндеттерді орындауы да шарт; "Әр адам өмір сүру негіздерімен кепілдендірілуі тиіс" деген қағида іске асып, 1993 жылы Венада өткен әлемдік конференция барлық құқықтардың бөлінбейтіндігін бекітті.[49, 278 б.] Біз адам құқықтарының бөлінбейтіндігін құрметтеп, құқықтардың конституциялық қорғалуындағы теңгерімді қалпына келтіруіміз керек [61, 323 б.].

– Құқықтар мен міндеттердің кепілдендірілуі. Табиғи құқықтар мен бостандықтарды бізге мемлекет сыйға тартпайды. Адамға тумысынан берілетін, абсолютті болып табылатын табиғи құқықтары мен бостандықтары мемлекет тарапынан тек олардың жүзеге асырылуы мен қорғалуының кепілдендірілуін талап етеді;

– Құқықтар мен міндеттердің тікелей әрекет етуі. Әр адам өз құқықтары мен бостандықтарын өзі қорғауға ұмтылуы тиіс. "Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар, және ол көп жағдайларды тегін көрсетіледі" – делінген Конституцияда;

– Халықаралық құқық пен халықаралық шарттардың көпшілік мақұлдаған принциптері мен нормаларын тану. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәртібі, олардың іске асуы, қорғалу механизмі – мұның барлығы заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге негізделеді. [48, 108 б.]

Адамдардың құқықтары мен бостандықтары болған ретте, міндеттері де табиғи түрде туындайды. Әр адамның қоғам алдында, мемлекет алдында, тіпті шағын мемлекеті – отбасысының алдында міндеттері болады. Құқықтардан конституциялық құқықтар маңздылығы басым болғандығы сияқты, жай міндеттерден конституциялық міндеттер де ерекшеленеді, оны орындамаудың да зардабы елеулі болып табылады. Басты әрі негізгі конституциялық міндеттерге мыналар жатады:

– Конституция мен заңдарды сақтау. Еліміздің ең жоғары маңыздылыққа ие заң – ол Конституция. Себебі, ол мемлекеттің құқықтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени негізін белгілейді, егемендігімізді көрсететін тарихи мәні бар мемлкеттік акт. ҚР заңдарын сақтау және оларды жүзеге асыру – біздің міндетіміз. Әр адам өзі оқып, айналысып, қызмет етіп жүрген саласына байланысты заңдарды білуі, сақтауы әбден дұрыс. Заңды сақтамау - ең әуелі, адамның өзіне, содан соң мемлкетке, қоғамға, басқа

адамдарға, қоршаған айналасына теріс ықпал етіп, елеулі зардаптар әкеліп, қауіп төндіреді;

– Басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу. Қоғамның ең басты құндылығы – ол адамның өмірі, жеке басының бостандығы, денсаулығы, қадір-қасиеті мен ар-намысы. Адам басқа адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзғанда, шектегенде, залал келтіргенде, жеке басына қол сұққанда қоғамға үлкен зардап тигізгенін сезінуі, оның Қазақстан Республикасының заңнамаларымен жазаланатындығына хабардар болуы қажет, бір сөзбен айтқанда, саналы адам мұндайға бармайды. Себебі, әрбір адам, әрбір тұлға өзі тұрып жатқан қоғамның кірпішін құрайды, оның мүддесі мемлкетпен қорғалады;

– Салықтар мен алымдар, және өзге де міндетті төлемдер төлеу міндеті. Мемлекеттің түрлі саласын дамыту үшін жеке және заңды тұлғалардан алынып, мемлекеттік бюджетке түседі. Неғұрлым адам мен азамат саналы түрде салықтар мен алымдар төлеуді сезіне бастаса, соғұрлым мемлекеттің де қуаты артады, адамдардың өмір сүру деңгейі де тиісінше жақсара бастайды;

– Меншікті пайдалану міндеті. Біздің қоғамның экономикалық негізін мемлекеттік меншік пен жеке меншік құрап, қалыптастырады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабында “меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс” деп белгіленген. Меншікті пайдаланудың кез-келген түрі қоғамға, мемлекетке, адамдардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс;

– Қазақстан Республикасын қорғау - әр адамның қасиетті парызы. Отан алдында барлық азаматтар өздерінің әскери борышын өтеуге міндетті. Әскери қызмет – мемлекттік қызметтің ерекше нысаны болып табылады. [48, 134-137 б.]

2.2 Азаматтық – жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізі ретінде

Азаматтық институтының қазіргі даму кезеңі оны басқаратын конституциялық-құқықтық нормаларды жетілдіру процесі ретінде ұсынылған. Осы кезеңде азаматтық туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ конституциялық заңды жетілдіру арқылы жетілдіру және жетілдіру процесі жүреді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы азаматтық азаматтықты реттеудің ұйымдастырушылық-құқықтық механизмінің негіздерін анықтайтын конституциялық-құқықтық нормалар арқылы анықталады. Олар азаматтық институттың қызметін реттейтін мемлекеттік органдар жүйесінің құрылысы мен жұмыс істеуін анықтайды. Тұтастай алғанда, конституциялар нормалары ұйымдық-құқықтық механизмнің негізін құрайды, мемлекеттік органдар жүйесінің саяси және идеологиялық негізін, олардың азаматтық саласындағы өкілеттіктерін, жетілдіру жолдары мен халықаралық интеграцияны белгілейді. Қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал ету тетіктерінің конституциялық-құқықтық жүйесі мыналарды қамтамасыз етуге шақырылады: азаматтық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау мен орындаудың демократиялық нысандарын қолдануды; атқарушы органдардың

азаматтық саласындағы қызметі үшін қажетті ұйымдастырушылық-құқықтық мүмкіндіктер жасау; негізгі ішкі қатынастардың тұрақтылығы және мемлекет механизмінің жекелеген бөліктерінің жұмысын ішкі үйлестіру.[122]

Қазақстан Республикасы – көпұлтты, мультиэтникалық мемлекет. 2019 жылдың 1 маусымдағы статистикасына сәйкес, Қазақстандағы халық саны 18 млн 489, 7 мың адамды құрады.[123] Олар жүзден аса ұлт пен ұлысқа тиесілі.

Ресей империясына толықтай отар болып, тәуелсіздігін жоғалтқан елімізде сонау 1731 жылдан 1986 жылға дейін өзінің бостандығы үшін 700-ге жуық ұлт азаттық көтерілістер мен қозғалыстар болды. Өткен ғасырларда халқымыз талай рет демографиялық апаттарға ұшырады. Азаттық үшін соғыстардағы шейіт болғандарды есепке алмағанның өзінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылық нәтижесінде қазақ халқының 49 пайызы қырылып, 1 миллионға жуығы шетелдерге босып кетті. XX ғасырдың I жартысында халқымыздың түрлі нәубеттерден қырылғаны бар, өзге елдерге босып кеткені бар, барлығы 5 миллион адамын жоғалтты. Бұл орны толмас, аса ауыр қасірет еді.

1870-1970 жылдар аралығында лагерьлер жүйесін, неміс және жапон тұтқындарын есептемегеннің өзінде Қазақстанға 7 миллионға жуық адам көшірілді. 1897 жылы Ресейде өткізілген алғашқы халық санағында Қазақстандағы қазақ саны 81,7 пайызын құраса, 1962 жылы, яғни Хрущев билігі тұсында 29 пайызға құлдырады. Осылайша қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған еді. Мінекей, сол кездегі біздердің ұрандатып, әнге қосып жүретін лениндік «данышпандық» ұлт саясатының шынайы сиқы осы еді. Өз территориясының көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орынға ие Қазақстан аумағы толығымен дерлік ядролық, биологиялық қаруларды сынайтын полигонға айналды. Бұл сынақтар қазақ жерін улап қана қоймай, халқымыздың генефонын да әлсірете түсті. Халықтың рухы жаншылып, жері тозды. 1949 жылдың 29 тамызынан бастау алған, Семейдегі ядролық полигонның үні тек 1991 жылғы 29 тамыздағы Елбасымыздың жарлығынан кейін ғана өшті. Қылышынан қан тамған қызыл империя құлап, тәуелсіздік таңы атқан соң ғана тіліміз, діліміз және дініміз қайта жаңғырып, еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. [124]

Қазақстан Республикасының азаматтары ҚР Конституциясы мен заңдарында жарияланған, кепілдік берілетін азаматтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарды барынша толық иеленеді. [125] Азаматтық институты егеменділікпен етене байланысты болғанғандықтан, басымдылығы бар, салмақты саяси аспект; азаматтық құқығы – адамға өз мүмкіндіктерін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кешен болып табылады. [126] Бүкіл посткеңестік кеңістікте, азаматтық ұғымы өзара құқықтар мен міндеттердің жиынтығын білдіретін адам мен мемлекет арасындағы тұрақты саяси және құқықтық қатынастарды сипаттайды. [127]

“Азаматтық” ұғымы 1995 жылғы ҚР Конституциясының “Адам және азаматқа” арналған II бөлімінен бастау алады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығы заңда белгіленген тәртіппен қабылданып, тоқтатылады, оның қандай негізде

алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға болмайды, сондай-ақ Қазақстанның шегінен тыс жерге аластауға болмайды. [128]

Жалпы алғанда, азаматтық мәселесі әр түрлі мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстан мен Ұлыбританияның да конституциялық заңдарының басты, өзекті мәселелерінің біріне жатады. Қалыптасқан қағида бойынша, азаматтық концепциясы, азаматтарға белгілі бір құқықтар мен міндеттермен толыққанды қоғам мүшелерінің құқықтық мәртебесіне кепілдік беретін, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы қарым-қатынаспен тығыз байланысты болып келді.[129]

Сонымен қатар, азаматтық концепциясы шектеулі қоғам ұғымына негізделген деген де көзқарастар бар. Әдетте, қоғам – бұл егеменді әлеуметтік субъект болып саналады және оның орталығындағы мемлекет қоғамның әрбір мүшесінің құқықтары мен міндеттерін ұйымдастырады. Негізгі әлеуметтік қатынастардың көпшілігі әр қоғамның аумақтық шекарасында әрекет етеді. Мемлекет қоғам аумағында құзыреттердің монополиясына ие. Қоғамның кез-келген топтары – экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, гендерлік, және т.б. – осылардың барлығы әлеуметтік құрылымға ие деп болжанады. Жалпы алғанда, мұндай қатынастар осы қоғамның әр мүшесінің өмірлік мүмкіндіктері ұйымдастырылатын және реттелетін әлеуметтік құрылым болып табылады. [130]

Жаңа демократиялық мемлекетті құру, теңдікте өмір сүру, азаматтық қоғамды жаңғырту – осы аталғандардың барлығы “азаматтықты” нығайтатын конституциялық реформа арқылы күшейіп, қолдау тапты, яғни бұл дегеніміз азаматтық және саяси құқықтар мен міндеттердің қоғамның барлық мүшелерінде ресми түрде ғана емес, сондай-ақ, олардың шынайы өмірінде де болуы қажеттігін білдіреді. [61, 324 б.] Азаматтық ұғымын түпкілікті және жан-жақты қарастырғанда, біз ең алдымен, оның мазмұнына, екіншіден, оның шекарасына, үшіншіден, сәйкестілік пен мүшелік ұғымдарына, құқықтар мен міндеттерді біріктірген құзыреті мен ауқымына мән беруіміз қажет. [131]

Қазақстан Республикасындағы заң ғылымының дамуы кезінде азаматтық институтын құрудың тарихи қағидалары қалыптасты, ол қазіргі таңда өздерінің құқықтық мәнін, көрінісін ұлттық заңнамаларда тапты.

Соңғы уақытта, азаматтық концепциясы барлық азаматтар үшін құқықтар мен міндеттерді құрайтын кеңірек келісімшартқа айнала бастады.Демократияны басқаратын заңдар, ережелер мен тәжірибелер біздің барлық азаматтарымыздың теңдігі пен қадір-қасиетіне деген міндеттемемізді қорғап, қолдайды.Кейде, осы негізгі құндылықтарға қайшы келетін мәдени тәжірибеге қарсы тұру қажет. Жалпы, азаматтық адамның фундаменталды құқықтары мен міндеттеріне негізделіп, содан бастау алады.«Азаматтық – біздің негізгі құндылықтарымызға сәйкес түрлі мәдениеттер мен нанымдарға ортақ орынды табу дегенді білдіреді».[132] Менің ойымша, жеке тұлға, қоғамның немесе мемлекеттің сыни уақытында тарихи және әлеуметтік маңызы бар үдерістердің белсенді субъектісі болған жағдайда ғана, сол елдің азаматы болып саналады. Азаматтық институты мемлекет дамуымен тығыз байланысты;

мемлекеттің өмір сүруінде, дамуында оның маңызы зор. Ол негізгі принциптердің конституциялық реттелуін мемлекет деңгейінде жүзеге асырады. [133]

Жеке тұлға барлық құқықтары мен бостандықтарын тек бір мемлекеттің азаматы ретінде ғана толыққанды сезіне алады; оған демократиялық сипатқа ие мемлекеттер үшін анықтаушы фактор болып табылатын мемлекеттің саяси өміріне қатысу құқығы, мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлануға және сайлауға қатысу құқықтары жатады. [134]

Адамның азаматтығы – оның негізгі құқығы болып табылатындығы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 15-бабында расталады. Ол тиісті елдің шеңберіндегі құқықтарға ие болуды көздейді, ал өз кезегінде олардың орындалмағаны үшін қудалауды көздейді. Осылайша, мемлекет әртүрлі құқықтар мен міндеттерді белгілейді, сондай-ақ олардың мазмұны тұлғаның сол елдің азаматы болып табылатынына не табылмайтынына байланысты.

Азаматтық – қазіргі заманғы мемлекеттіліктің құрылуы мен өмір сүруін білдіретін факторлардың бірі болып табылады. Азаматтық – тұтас саяси-құқықтық құбылыс, қоғамның табиғи-тарихи даму процесінің жемісі бола тұра, мемлекеттің әлеуметтік негізі болып саналады десек, қателеспеген болар едік. Іс жүзінде, азаматтық мемлекеттің өз тұрғындарының, халықтың, адамдар мен азаматтардың саяси-құқықтық көрінісі іспетті. [135]

Академик Сапарғалиевтың пайымдауынша, азаматтық концепциясын саяси-құқықтық құбылыс ретінде емес, әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде қарастыруымыз қажет, себебі ол қазіргі заманғы мемлекеттіліктің қалыптасуы мен ары қарай өмір сүруін білдіретін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Саяси-құқықтық құбылыс ретінде қарастырғанда оның тұтастық сипаты жоғалып, ол өзінің әлеуметтік құбылыс ретіндегі өмір сүруін тоқтатады. [48, 87 б.]

Азаматтық – мемлекетті дамыту және азаматтық қоғамды құрып, қалыптастыру үшін қажет. Азаматтық әлеуметтік-құқықтық институт ретінде мемлекет деңгейінде дамиды. Азаматтықты қазіргі заманғы құқықтық өрістің құрамдас бөлігі ретінде қалыптастыру және дамыту елдің саяси және экономикалық даму деңгейіне байланысты болады, ол әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтары кешені арқылы қамтамасыз етіледі. Ол субъектілердің әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін жауапкершілікпен нығаяды, кепілденген мүдделерге зиян келтіреді.

Азаматтықты алудың құқықтық реттелуі мемлекеттік егемендік қағидасынан туындап, әрбір мемлекет тарапынан өз бетінше дербес жүзеге асырылады. Бұл – азаматтықтың азамат пен мемлекет арасындағы тығыз қарым-қатынаста көрініс табатындығын білдіреді.

Белгілі бір мемлекеттің мүшесі болу мен азаматтық институты арасындағы ең маңызды айырмашылық - алғашқысы әлеуметтік топтардағы мінез-құлықты реттесе, азаматтық – қоғамның саяси ағзасын құрайтын әлеуметтік топтарға қатысты мінез-құлық болып табылады. [136]

Әлемнің көптеген табысты экономикаларының тәжірибесі Қазақстанның

әрбір азаматының Отанына деген сезімін қалыптастыру ықпалының, ел азаматтары арасында азаматтық сәйкестілік деңгейінің ұлғаюына әкелетін патриотизм сезімін нығайтудың мемлекеттілікті қалыптастырудағы рөлі қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. [137] Адамның патриоттық сезімі бір елге, бір мемлекетке бағытталуы тиіс. Адамның азаматтығы мемлекетпен байланысты болғандықтан, сәйкесінше оның азаматтылығы туған жерімен, Отанымен және оның патриотизмімен тығыз байланысты. Демек, азаматтық сана мен патриотизм азаматтық сәйкестіліктің ажырамас элементтері болып табылады. Азаматтық сәйкестілік халықты біріктіреді, бұл – әлеуметтік интеграцияның түп қазығы. [138] Дегенмен, азаматтылық тек халықтың өзіне берілген міндеттерін ғана орындаудан ғана емес, сондай-ақ мемлекет, мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар деңгейінде өз мүдделерін қорғай білуден, өз мәселелерін шеше білуден көрініс табады.

Азаматтық – ұдайы дамитын, алға жылжитын құбылыс. Толыққанды азаматтылықтың болмауынан, оның мәніне, қызметіне, сапасына, құрылымына және жалпы механизміне нұқсан келеді. Кеңес дәуіріндегі адамдарға күштеп жасалған саясат, оның ішінде саяси қуғын-сүргін, шешен, ингуш, корей, күрт және т.б. басқа да ұлттардың Қазақстанға күштеп көшірілуі сияқты тарихи оқиғалар азаматтылық ұғымын жойып қана қоймай, сол кездегі алпауыт КСРО құрамындағы мемлекеттердің ыдырауына, азаматтардың белсенді түрде саяси оқшауланауына алып келді. Сөз жүзінде танылған “қалыптасқан” азаматтық институты, тіпті іс жүзінде халықтың санасында азаматтылық сезімінің қалыптасуына, дамуына мүмкіндік бере алмады. [48, 92 б.]

Азаматтық институты, өзінің даму үдерісі бойы, қоғамдық және ортақ мүдделерді бөлісу мүмкіндігін тудырады. Азаматтық – бұл статикалық объект емес, бұл қоғамдағы рөлдерді, иерархияны, қатынастарды анықтайтын, аумақтылық концепциясымен қатар өзгеретін тұрақты реляциялық процесс. [139] Азаматтық институтының қалыптасу және даму тарихына үңілер болсақ, қазақ даласында Кеңестік уақытта таптық көзқарас салдарынан халық екіге бөлінді: еңбекшілер және қанаушылар. Еңбекшілер формальды түрде құқықтар мен бостандықтарды иеленсе, қанаушылылардың мүлдем саяси, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтары болмады, басқа да құқықтары шектелумен болды. Бір таң қаларлық жайт, толық азаматтығы болмаған ретте де, еңбекшілер мен қанаушылар елдің толыққанды азаматы болмаған жағдайда да, олар мемлекеттің азаматы болып саналды. [48, 88 б.]

Қазақ тарихы, қазақ халқының дамуы, қазақ мәдениеті, Қазақстанда мекен ететін өзге ұлт өкілдерінің тарихы – тарихтың қойнауынан орын алатын, тамыры кеңге жайылған, баға жетпес құндылықтар жүйесі. Қазақстан Республикасындағы түрлі ұлт өкілдерінің тату-тәтті өмір сүруі, ұлтаралық келісім мен толеранттықты сақтау, бейбіт елде бірлігі жарасқан, бір қолдың саласындай жүз қырықтан астам ұлттардың өмір сүруі - осының барлығы Қазақстан Республикасының астарлы саясатының мықтылығы, Елбасымыздың көрегенділігі, еліміздегі көпмәдениеттілікке қатысты құқықтық заңнамалар мен заңдардың бұлжытпай орындалуының айқын көрінісі. Адам мен азамат құндылықтарын жоғары қоятын мемлекет ғана өркендей алады. Демек,

көпмәдениеттілік концепциясын дұрыс жүзеге асыра алатын мемлекет дамиды, гүлденеді. Қазақстанда этностардың бірлігі, елдегі және оның сыртындағы бейбітшілік, ұлттық бірегейлікті сақтау – қазақстардың жарқын болашағына алып келеді.

Көпмәдениеттілік концепциясын түп-тамырымен зерттеген ғалымдар қатарына У.Кимлика, С. Бенхабиб, М. Вевьёрка, С. Фиш, М. Уолцер [140] және т.б. кіреді. Қазірде, отандық және ресейлік ғалымдардың да бірқатары осы концепцияны жүзеге асырудың артықшықшылығы мен пайдасы, зияны мен кесірін жан-жақты зерттеуде. Заңгерлер, мәдениеттанушылар мен саясаттанушылар арасында көпмәдениеттілікті жақтаушылар да, даттаушылар да жетерлік. Көпмәдениеттілікті алға тартудың ешқандай пайдасы жоқ деп санайтын ғалымдар, көбінесе, Ұлыбритания, Франция, Германия тәрізді дамыған алпауыт елдердің тәжірибесіне сүйенеді. [141] Немістің канцлері Ангела Меркель, Ұлыбританияның экс-премьер-министры Дэвид Кэмерон, Францияның экс-президенті Николя Саркозилар өз елдерінде көпмәдениеттіліктің құлап, сәтсіздікке ұшырағанын айтты. [142] Көптеген ғалымдардың пікірінше, Еуропа елдері көпмәдениеттіліктен бас тартып отыр, сондықтан да елімізге ұлттық-рухани құндылықтарды сақтай отырып, қоғамға кедергі болатын кертартпа тұстардан аулақ болу керек, барша ұлыстарды ұйыстырушы ретіндегі қазақ халқының айрықша жауапкершілігін естен шығармауымыз қажет.

Заңгер, профессор Ғ.Сапарғалиев [48, 213-214 б.] “Әр ұлттық топ байырғы ұлттық мәдениеттің ықпалына түскендіктен, ол Қазақстанның біртұтас мәдени кеңістігі аясынан асып кетеді. Осының нәтижесінде ұлттық топтардың мәдениетіне қажетсіз идеологиялық элементтердің енуіне мүмкіндік туады. Ал бұл ұлтаралық келісімге қауіп төндіреді. Қатер, тек аталған көздерден ғана туындамауы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарын теріс пиғылда пайдалану ақпараттық революциялық қазіргі жағдайында мәдениетке, Қазақстан халқының имандылығына қатер көзі болып табылады, олар үшін аумақтық мемлекеттік кеңістік деген ұғым болмайды” деп көпмәдениеттіліктің қатерлі тұстарын атап өтті. Елбасымыз жақында, яғни 1 мамыр – Бірлік күні қарсаңында берген сұхбатында өзінің үнемі үрейленіп жүретіндігін айтты; “25 жыл жанжал, қақтығыссыз өмір сүріп үйреніп қалғанбыз, алайда әлемнің ең қауіпсіз елдерінің өзі террористік шабуылдың объектісіне айналып жатыр, сондықтан да этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар жіті бақылауда”,- [143] деген еді. Тұрақтылық пен келісім өзімен-өзі қалыптаспайды, оған тұлға болып, ұлт болып, қоғам болып, мемлекет болып атсалысуың қажет, көп еңбекті талап ететін жұмыс.

Дегенмен, Елбасымыздың салған сара жолы, дара жолы, сындарлы да көреген саясаты негізінде дамыған көпмәдениеттілік, этностардың бір елдің шеңберінде бірге өмір сүруі және өзара ынтымақтаса қимылдауы өз жемісін берді: ерекше Қазақстандық (еуразиялық) менталитет қарқындады, оқшауланууды, ұлтшылдықты қабылдамайтын ерекше рухани жағдай туды. [144] Ұлтжанды азаматтары бар, түрлі ұлт пен этностар арасында достық пен келісім орнаған бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқан біздің қоғамға, біздің

елге бүкіл әлем көз тігіп отыр. Бұл дегеніміз - Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуының анық айғағы.

Еліміздегі көпмәдениеттіліктің даму тарихына көз жүгіртер болсақ, ол сонау Патша үкіметі Қазақстанды отарлау саясатын жүргізуден бастау алады. Патша үкіметінің әкімшілік реформаларының әлсіздігі себебінен, XIX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, отарлаудың "ең сенімді" жолына көшті, яғни орыс және украин шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуы. XIX ғасырдың соңында Қазақстанға ұйғырлар мен дүнгендер, [145] Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс, корей, ингуш, күрт, поляк, қалмақ, қарашай, шешен, балқар, қырым татарлары, месхет түріктері және тағы да басқа ұлттыр қоныс тепті. Қазақ жеріне XIX ғасырдың орта шенінен XX ғасырдың басында қоныс аударудың астарында Патша үкіметінің құйтырқы саясаты жатты – ол қазақ халқының саяси дербестігін толығымен жою және қазақтың ең шұрайлы жерлерін иемдену. Патша үкіметі тоталитарлық жүйе арқылы ұлттық сананы жойып, мәңгүрттендіру процесін жүргізбек мақсатта болды. Ал, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы саясат – большевиктік билікті жүзеге асырушылардың халықты жау жағына шығып кетеді деп күдіктенуі. Осы күдікті сейілту мақсатында, біршама ұлттар жер аударылды; зорлықпен жер аударылғандардың саны 1945 жылғы мәліметтерге қарағанда, 2 млн 464 мыңға жуықтаған. [146] Отанға жаудан төнген қауіп-қатер, он бес одақтас республиканы құраған, КСРО аумағындағы барлық ұлттар мен халықтарды тығыз біріктірді. [130, 273 б.] КСРО күйрегеннен соң, осылайша қазақ жері қазіргі Қазақстанды мекен еткен түрлі ұлт өкілдерінің саналуан мәдениетінің ұштасып, тығыз байланысқан жеріне айналды.

Жаһандық интеграция дәуірінде өмір сүргендіктен, бірлік пен келісім, татулық пен ауызбіршілік бар жерде ғана, мемлекет ілгері баса алады. Тұғыры биік тәуелсіздігімізді алу үшін ата-бабаларымыз қасық қаны тамғанша ел мен жерді қорғап, ұлттық мүддені жоғары қойды, ұлт пен елдің тұтастығының сақталуы, ауызбіршіліктің жігі ажырамауы үшін жанын берді. Ендеше, ата-баба үмітін ақтау үшін, атадан балаға, қазіргі өскелең ұрпаққа мирас етіп қалдырылған мұраны сақтау үшін, бүгінгі күннен ертеңіміз жарқын болады деген сенімділікті нығайту үшін, бәсеке қабілетті отыз елдің қатарына ену үшін ұлт болып, ұлыс болып үлесімізді қосуымыз абзал, бірлігімізді бағалай білуіміз, қазақстандық патриотизмді күшейтуіміз қажет. [147]

Көпмәдениеттілікті толығымен зерттеуші Уилл Кимлика [148] оның мынадай белгілеріне тоқталған еді:

- Орталық аудандық және қалалық деңгейлерде көпмәдениеттілікті конституциялық заңның және парламенттің растауы;
- мектеп бағдарламасында көпмәдениеттілікті қабылдау;
- бұқаралық ақпарат құралдарында этникалық мүдделерін қорғауды енгізу;
- этникалық топ ұйымдарының мәдени іс-шараларын қолдау мақсатында, оларды қаржыландыру;
- екі тілді білім беруді қаржыландыру;

– жағдайы төмен иммигранттарға қолдау көрсету.

Қайрат Мәми республикалық «Айқын» газетіне 2012 жылы берген сұхбатында былай баяндап еді: “Елімізде бүгінде этностардың мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Мемлекет аумағында қазіргі күні 800-ден астам этномәдени бірлестіктер болса, оның ішінде 28-і республикалық болып табылады. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді”.[149] Жоғарыда Кимлика атап өткен белгілерге және Қайрат Мәмидың сұхбатына қарап, қорытар болсақ, Қазақстан Республикасында мультикультуралық идеяның не саясаттың біртіндеп жүзеге асып келе жатқандығын аңғаруға болады.

Көпмәдениетті, көпұлтты Қазақстан халқының құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін насихаттайтын бірден-бір ұйым – ол Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады. 1995 жылы 1 наурызда құрылған Қазақстан халқы ассамблеясының негізгі мақсаты мен міндеті - осы көпмәдениеттілік саясатын жүзеге асырып, Қазақстан халқына татулықты насихаттап, елге ауызбіршілікті паш етеді. Мемлекеттік өкімет билігі мен көпұлтты қоғам арасындағы диалогтың маңызды буыны ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы азаматтық қоғамның орнағанын нақты бейнелейді. [129, 12 б.] 2017 жылы 26 сәуірде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясының тақырыбы – “Жаңғыру негізі тұрақтылық, бірлік, келісім”делінген болатын. Елбасымыз “Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру” мақаласында [150] ұлттық бірегейлік пен ұлттық құндылықтарды сақтау туралы алға тартты, этностар арасындағы өзара ынтымақтастық, достық қарым-қатынас, салтанат құрған бейбітшілік сөз етілді. Ұлттық бірегейлікті сақтау дегеніміз – Қазақстанды мекен ететін жүз отыздан астам ұлт өкілінің, діні мен ділінің, мәдениетінің, салт-дәстүрі мен әдет–ғұрпының сан алуандығына қарамастан бейбіт қоғамда қақтығызсыз өмір сүруінің айқын дәлелі. Қаншама ұлттың баласына есігін айқара ашқан кең байтақ Қазақстан – қазіргі таңда тұрақтылық пен достықтың алтын бесігіне айналды. [151]

1995 жылғы 30 тамыздағы Конституция нәсіліне, ұлтына, дініне және әлеуметтік тиесілігіне қарамастан барлық азаматтар құқықтарының теңдігіне кепілдік берді. Сонымен қатар, этностық, тілдік, мәдени, діни әралуандылықты мойындау негізінде қазақстандық бірегейлік пен бірлікті қалыптастырудың азаматтық қағидаттарын бекітті.[152] Ол – ортақ мүдде мен өзара сыйласуды білдіреді, және басқаға деген туысқандық пен сүйіспеншілікті көрсетеді,

халықтардың өзіне тән ерекшеліктерін дамытатын және ұлттар арасында мәдени құндылықтармен алмасуының құралы болатын мәдени саналуандықты сақтау, [153] яғни көпмәдениетті Қазақстанның ғұмырын баянды ету. Ал өз кезегінде баянды ету үшін, көпұлтты қоғамда толеранттылық [154] сияқты маңызды либералдық құндылықты ілгерілету, дамытуымыз керек.

Көптүрліліктің, көпұлттылықтың және көпконфессиялықтың толерантты дамуы – ғаламдық бейбітшілік пен келісімнің кепілі. Ғасырдан ғасырға ауысып келген этномәдени алуантүрлілік болмысты бір мәдениет пен бір танымның туының астына енгізуге, қалыптастыруға талпыныс күшеюде. Сондықтан да көпмәдениетті тіршілік пен диалог мәселелері қазіргі заманғы қоғам үшін аса өзекті болып табылады. [155] Ел бірлігі – ең асыл қасиет, Қазақстан халықтарының достығы – еліміздің баға жетпес игілігі.Барлығымыз бір шаңырақтың астында өмір сүреміз, түріміз басқа, тірегіміз бір, жүзіміз басқа, жүрегіміз бір! Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін ең алдымен бірлігімізге бекем болуымыз керек. Қазақ әлсіресе өз арасындағы алауыздығынан әлсіреген. Күшейсе, бірлігімен күшейген. [156]

Азаматтық институты республиканың егемендігінің, тәуелсіздігінің және конституциялық құрылысының басты белгілерінің бірі болып табылады, өйткені мемлекет азаматтарынан тұратын Қазақстан халқы «мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі» болып табылады және «билікті республикалық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ өз өкілеттіктерін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға тапсырады» (Конституцияның 3 бабының 1 және 2 тармақтары). [157]

Қазақстан азаматтығы қағидаттарының жүйесі, біздің ойымызша, жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді. Халықаралық актілерге сәйкес жалпы қағидаттар ретінде келесі принциптерді бөліп қарауға болады: Қазақстан Республикасының азаматтығына құқығы, азамат пен мемлекеттің өзара жауапкершілігін мойындау, Қазақстан Республикасындағы тең азаматтығы, азаматтығының тұрақтылығы, Қазақстан Республикасынан тыс жерде адамдардың мемлекет тарапынан қорғалуы және қамқорлығы, ұстап берудің жол берілмеуі. некеде немесе ажырасқан кезде Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтай отырып, басқа мемлекеттің азаматы. Ерекше қағидаттар ретінде: жалпы азаматтық, қос азаматтыққа жол берілмеуі, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын этникалық қазақтарды қолдау. «Азаматтық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жеке бабында азаматтық принциптерін тұжырымдап, бекіту ұсынылады. [107, 56 б.]

“Қазақстан Республикасының азаматтығын алу туралы” заңымен реттелетін құқықтық қатынастарға айрықша назар аудару қажет. Бұл құқықтық санат «қан құқығы» және «топырақ құқығы» сияқты қағидаттарға негізделген. «Қан құқығы» принципі бойынша, бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. Ал, ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда, егер осы кезде ата-анасының екеуінің де Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты

тұрғылықты жері болса, Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде білдірген келісімі бойынша анықталады. Мұндай жағдайларда халықаралық келісім нормаларын және баланың ата-аналары тұратын елдің ұлттық заңнамасын ескеру қажет.

Бала туылған кезде ата-анасының тек біреуі ҚР азаматы болатын жағдайлар жиі кездеседі. ҚР азаматтығын алу үшін, «топырақ құқығы» бойынша, бала мемлекет аумағында туылуы тиіс. Бала Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылса, ата-анасы ол туылған сәтте, олардың елде тұрғылықты жерлері бар екендігін дәлелдеулері қажет. Алайда, бұл талаптар ҚР азаматы мен азаматтығы жоқ тұлғадан ортақ туылған баланың азаматтығына қолданылмайды. Заңда былай деп көрсетілген: “Бала туған кезде ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығында болып, ал екіншісі азаматтығы жоқ адам болса, не оның азаматтығы белгісіз болса, бала қай жерде туғанына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады”. [158]

“Қазақстан Республикасының азаматтығына Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады”, - делінген ҚР азаматтығы туралы Заңының 16 бабында. [159] ҚР Азаматтық туралы заңына 1993 жылы 23 желтоқсанда және 2005 жылы 6 маусымда өзгерістер мен толықтырулар енгізілу барысында мына жайттардың орындалуы көзделді:

– Азаматтық алуға қажетті он жылдық тұрақты тұру мерзімі бес жылға қысқартылды;

– ҚР азаматтығын қабылдауға өтініш білдірген адамдардың өтініштері алты айдан кешіктірілмей қаралады;

– Бұрынғы Одақтас республикалардан отбасылық қатынастарын қалпына келтіру үшін ҚР азаматтарына жақын туыстары бар адамдар ҚР азаматтығына қабылданды;

– ҚР азаматтығын қабылдау кейбір маман, кәсіп иелеріне жеңілдетілген тәртіппен жүзеге аса бастады;

– Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен мемлекетаралық шарттар негізінде, азаматтар ҚР аумағына тұрақты тұруға келгендігін, және бұрынғы КСРО азаматы болғандығын дәлелдесе, азаматтық алудың жеңілдетілген тәртібі ұсынылып, өтініштерді үш ай мерзім ішінде қарастыру қолға алынды.[48, 98-99 б.]

Республика территориясында тұру мерзіміне:

– егер адам армияға дейін Республика территориясында тұрып, армиядан босатылған күні мен Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген күні арасындағы үзіліс үш айдан аспаса, армияда қызмет еткен уақыты;

– егер оқуды бітірген немесе оқу орнынан шығарылған күні мен Қазақстан Республикасына келген күні арасындағы үзіліс үш айдан аспаса, республикадан тыс жерлерде оқыған уақыты;

– егер командировканың аяқталуы мен Қазақстан Республикасына

келген күнінің арасындағы үзіліс үш айдан аспаса, республикадан тыс жерлерге командировкаға барған уақыты есептеледі.

Науқастанып қалған, дүлей апат болған ретте немесе басқа да дәлелді себептер бойынша осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген үш айлық мерзімді есептеу тоқтатылады. Қазақстан Республикасының аумағында тұру мерзіміне Қазақстан Республикасының соты және (немесе) басқа да мемлекеттердің сот органдары тағайындаған қылмыстық жазалау шараларын өтеу уақыты, сондай-ақ республика аумағында іссапарда, емделуде болған мерзімі және уақытша тұрудың басқа да жағдайлары есепке алынбайды. [144, 38 бап]

Азаматтық ұғымы үш басты элементтен тұрады:

1. адамның мемлекетпен байланысы тұрақты болуы тиіс. Адам өз қалауы бойынша азаматтықты біресе қабылдап, біресе бас тарта алмайды;
2. адамның мемлекетпен байланысы саяси-құқықтық сипатта болады. Мемлекет ҚР азаматы болып табылмайтын кез-келген адаммен құқықтық байланысқа түсе алғанымен, саяси қатынас орната алмайды. Саяси қатынас тек мемлекет пен оның азаматы арасында орнай алады;
3. мемлекет пен азамат арасында өзара құқықтар мен міндеттер белгіленіп, әр тараптан тиісінше заңмен белгіленген тәртіпте орындалады. [160]

Сондай-ақ, азаматтық институтының өзіне тән бірнеше қағидалары бар:

- азаматтықтың бірыңғайлығы – бұл ҚР азаматтарының бірыңғай құқықтық мәртебеге ие екендігін білдіретін қағида;
- қан және топырақ құқығының үйлесімдігі – ҚР азаматтығын тууы бойынша алу кезінде ата-анасының азаматтығына сәйкес қан құқығы бойынша, ҚР аумағында туғанына сәйкес топырақ құқығы бойынша беріледі;
- бір азаматтық – Қазақстан Республикасында қос азаматтық танылмайтындығын білдіреді;
- азаматтықтың еріктілігі – азаматтықты алу не одан шығу ерікті түрде жүзеге асырылады;
- азаматтықтың теңдігі – ҚР азаматы болу/болмауына қарамастан, барлығының құқықтары мен бостандықтарының, міндеттерінің теңдігі қағидасы;
- ҚР азаматтығынан айыруға болмайтындығы – бұл қағида ҚР азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға жол берілмейтіндігімен пара-пар;
- ҚР азаматын басқа мемлекетке бермеу – Халықаралық шарттарда өзгеше қарастырылмаса, ҚР азаматтары басқа мемлекетке берілмейді.[98, 69 б.]

ҚР-да азаматтықты алудың басты екі жолы бар: туған кезде беріледі және азаматтықты қабылдау нәтижесінде [161] алуға болады. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстан сол уақытта, еліміздің шекарасында өмір сүрген барлық адамдарға азаматтық берді, ал ол кезде бұрынғы КСРО елдерінің көпшілігінде, азаматтық құқықтар тек этникалық негізде берілді.

Мемлекет барлық азаматтарға, азаматтығы жоқ адамдарға, босқындарға, ел ішіндегі қоныс аударған адамдарға бірдей құқықтарды ұсынуға мүмкіндігі жоқ екендігін ескерсек, Конституцияда бекітілген құқықтар мен міндеттер –

оның азаматтарының құқықтары мен міндеттерінен өзгешеленуі мүмкін. Мысалы, азаматтардың тиісті құқықтарының жиынтығы елдің саяси өмірімен (сайлау және сайлану құқығы) байланысты.

ҚР азаматтығы 1991 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы» заңымен реттеледі. Бұл заң Қазақстан азаматтары ретінде төмендегі тұлғаларды таниды:

– Осы Заң күшіне енген күнге дейін, яғни 1992 жылғы 1 наурызға дейін, Республика аумағында тұрақты тұратындар;

Осы Заңда белгіленген ережелер мен талаптарға сәйкес азаматтық алғандар. [162]

Қазақстан Республикасының азаматтығы тууы бойынша – филиация, азаматтықты қабылдау нәтижесінде, яғни натурализацияны жүзеге асыру арқылы, немесе Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарында не тиісті келісімдерде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша беріледі. Заңда көзделген азаматтықты қабылдаудың өзге де түрлеріне Қазақстан Республикасының азаматтығын сыйға тарту (октроирленген азаматтық), оралмандардың елге тұрақты тұруы үшін оралуы (репатриация), азаматтықты қалпына келтіру (реинтеграция) және т.б. жатады. Халықаралық шарттарда қарастырылған негіздер бойынша азаматтықты екі жолмен қабылдауға болады: бірі оптация, екіншісі трансферт. Оптация – бір мемлекет аумағы басқа мемлекетке өтуі кезінде халықпен таңдалатын азаматтық. Ал, трансферт – белгілі бір аумақ азаматтарының түгелдей аумақпен бірге келесі бір мемлекеттің азаматтығына автоматты түрде өтуін білдіреді. [98, 65 б.]

Қазақстан Республикасы азаматтығына азаматтыққа қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы шыққан күні; кәмелетке толмағандардың туған немесе асырап алынған күні; кәмелетке толмағандардың ата-анасын Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы шыққан күні; жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу тіркелген күні ие болады. [159, 37 бап]

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев түрлі себептермен басқа жаққа қоныс аударған қазақтарды елге қайтаруда, қос азаматтыққа жол бермеуде ерекше табанды, үздіксіз қажырлы әрекеттер жасады. Қос азаматтық адам мен азамат арасындағы теңсіздікке, олардың бөлшектінуіне, алып келуі мүмкін. Мысалы, белгілі бір елдің азаматы өзі тұрып жатқан мемлекетпен қорғалады, сол елдің құқықтары мен бостандықтарына ие, мүдделерін сол елдің аумағында қорғауға құқылы. Ал, қос азаматтығы бар адам екі не одан да көп мемлекетпен қорғалады, бірнеше елдің құқықтары мен бостандықтарына ие. Сайып келгенде, бұл екеуінің теңсіздігіне алып келеді, яғни адам құқықтары мен бостандықтарының теңдігі қағидасына қайшы келеді.[48, 100 б.]

Басқаларға қос азаматтық алу тыйым салынғанымен, репатриацияланған қазақтарға бұрынғы елдің де, Қазақстанның да қос азаматтығын сақтауға рұқсат берілді. 1991 мен 2011 жылдар аралығында 860 мыңға жуық этникалық қазақтар Отанына оралды. Бұл Қазақстандағы орыс ұлтының наразылығын туғызды, себебі олар Н.Ә.Назарбаевқа ресейлік және қазақстандық

азаматтықты қосарлай алуға рұқсат беруді ұсынған еді. Көптеген этникалық орыстар бұл саясат әдейі жоспарланған, яғни олардың Ресейге немесе бұрынғы КСРО-ға шын берілгендігін басып-жаншуға, олардың бетін қайтаруға және сонымен қатар, этникалық орыстардың Қазақстанмен және этникалық қазақ өмірімен бірлесіп, бірігуге мәжбүрлеуге бағытталған қасақана әрекет деп санады. [163]

Әлемдік ғылымда бипатризмді (қос азаматтықты) қарастырып, зерттеу мәселесі толық шешілген жоқ. Бұл мәселеге бірыңғай ғылыми көзқарастың болмауына байланысты, әр түрлі елдердің азаматтығы туралы заңнамаларда көптеген қарама-қайшылықтар, қақтығыстар туындайды. Бипатризмнен, яғни қос азаматтықтан бас тарту қажеттілігін зерделеп, негіздеу – бұл біздің әлемдік ғылымға қосқан үлесіміз болып табылатынына кәміл сенемін.

“Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды”, [164] - деп ҚР Конституциясының 10-бабының 3-тармағында бекітілген; бұл елдің қос азаматтықтан бас тартатындығының айқын көрінісі. Аталмыш саясаттың Қазақстан үшін оң ықпалы өте көп және бұл басқа да елдерге, соның ішінде Брексит референдумында азаматтары Еуропалық Одақтан шығуға ниет білдірген Ұлыбританияға да үлгі бола алады. Кей ғалымдар қос азаматтықты ел өмірінің әлеуметтік-экономикалық деңгейін шектейтін және әлсіретететін, оның қауіпсіздігі мен егемендігін бұзатын, сондай-ақ «азаматтық», «ұлт» және «халық» сияқты ұғымдардың конституциялық маңызын жоятын табиғи емес фактор ретінде қарастырады.

Сонымен бірге, қос азаматтықтың мемлекеттің дағдарыс жағдайында таралуы, сөзсіз оның одан әрі әлсіреуіне және эрозиясына әкеледі. Әдетте, елдің халқын неғұрлым өздерін басқа елге адалдық танытуға міндетті деп сезінетін қос азаматтығы бар адамдар құраса, соғұрлым ұлттық қоғамдастықтың болбырлығы, жікке бөлінуі, қақтығыстар мен қоғамның бір ауыздылығының әлсіреу қаупі үдей түседі. [165] ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Виктор Рогалев Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-бабының 3-тармағы нақты түсіндіруге ие деп санайды, онда “Қазақстан Республикасының азаматтығы басқа мемлекеттің азаматтығын танымайды, яғни мойындамайды” делінген. Оның бағалауы бойынша, Қазақстандағы қос азаматтығы бар адамдардың пайызы төмен, олар бірден екі елде де кез-келген дүниені материалдық мақсатта қолданғысы келетін бірліктер санын құрайды. Бұл сондай-ақ жазалануы мүмкін, бірақ қарастыратын басқа да факторлар бар. Сенімсіздік, белгісіздік, күнделікті тұрмыс жағдайында күмәнділік, кейде тіпті отансүйгіштіктің болмауы, Отанына деген құрметсіздігі – кей сыншылардың пікірінше, мұндай адамдар ешқандай жақсылық әкелмейді. [166]

Қазақстан Республикасының азаматтығы институтының негізін қалайтын жалпы қағидаларын қоспағанда, оның ішінде, заңмен белгіленген негіздер бойынша азаматтықты қабылдау, тоқтату және азаматтық алудағы теңдік сияқты қағидаларды есепке алмағанда, мемлекет өз тарапынан елден тыс жерлерде тұратын азаматтардың азаматтығын сақтауды және Республиканың азаматтарын басқа елдерге бермеуді, мұндай адамдарды қорғауды, сондай-ақ неке жасасу немесе бұзуда Қазақстандық азаматтығын сақтауды қамтамасыз

етеді.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық институттарының бірі азаматтықты тоқтату болып табылады. ҚР азаматының елден тыс аумақта тұрғылықты тұруы – ҚР азаматтығын тоқтату негізі болып табылмайды. Заңда анықталғандай, Қазақстан Республикасының азаматтығы Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу, Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалту, Қазақстан Республикасы азаматтығынан айыру салдарынан тоқтатылады. Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу азаматтың жеке өтініші арқылы жүзеге асырылса, ал Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу террористік қылмыстар сияқты басқа да аса ауыр зиян келтірілген жағдайларда сот шешімімен жүзеге асады. [159, 19-20 баптар]

Заңда Қазақстан Республикасының азаматтығын келесі жағдайларда жоғалтатындығы көрсетілген:

– Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа мемлекетте әскери қызметке қауіпсіздік қызметіне, полицияға, юстиция органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан;

– Қазақстан Республикасының азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса;

– адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса;

– егер адамның Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына негіз болған Қазақстан Республикасының азаматымен некесін сот жарамсыз деп таныса;

– ҚР азаматы болып табылатын, шетелдіктерге асырап алуға берілген бала кәмелетке толған кезде оның ерікті қалауы бойынша;

– адамның шетелдік қарулы қақтығыстарға, шет мемлекет аумағындағы экстремистік және (немесе) террористік әрекетке қатысуы салдарынан жоғалтады. [159, 21 бап]

Қазақстан Республикасының азаматтығы Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтықтан шығару туралы Жарлығы шыққан күні; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру туралы соттың үкімі заңды күшіне енген күні; мемлекеттік органдардың азаматтықты жоғалтқанын тіркеген күні; Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы тіркелген күні тоқталады. [159, 37 бап]

Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңының ерекшеліктері халықаралық шарттармен белгіленуі мүмкін, Қазақстан азаматын басқа елге экстрадициялауға тыйым салу құқығына кепілдік береді. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, ҚР азаматы шет мемлекетке берілмейді. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік беретіндігі ҚР Конституциясының 11-бабында белгіленген. [167]

Қазақстан Республикасындағы азаматтық мәселелері бойынша лауазымды тұлға – Қазасқтан Республикасының Президенті болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы

азаматтығына қабылдау туралы, Қазақстан Республикасы азаматтығын қалпына келтіру туралы, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығару туралы шешімдер қабылдайды. Бұл мәселелерді алдын-ала қарауды ҚР Президенті құрған азаматтық мәселелер жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Азаматтық мәселелер жөніндегі арыздар ІІО арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің атына беріледі. ҚР аумағында тұрып жатқан азаматтардың азаматтығы мәселелерін ҚР ІІО қарауына жатса, ҚР аумағынан тыс жерде тұрақты не уақытша тұрып жатқан азаматтардың мәселелерін ҚР Сыртқы Істер министрлігі және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері қарайды. [48, 102 б.]

Шетелдік азаматтардың конституциялық құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетелдік азаматтың құқықтық жағдайлары туралы" Жарлығында бекітілген. Олардың құқықтық мәртебесі сондай-ақ, халықаралық шарттарда да көзделген. Егер де халықаралық шарттар мен Жарлық арасында қарама-қайшылықтар кездессе, онда мұндай жағдайда халықаралық шарттардың ережесі қолданылады. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, басқа мемлекеттің азаматы екендігі расталған азамат шетел азаматы болып танылады. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, сондай-ақ, өзге мемлекеттің азаматы екендігіне дәлелі жоқ адамдар азаматтығы жоқ адамдар деп танылады. Азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық мәртебесі көбіне шетелдік азаматтардікіне ұқсас болып келеді, және оған теңестіріледі.

Қазақстан Республикасында шетел азаматтары шығу тегіне, дініне, діліне, лауазымына, ұлтына, біліміне, жынысына, әлеуметтік және мүліктік жағдайларына қарамастан, заң алдында тең болып табылады. Бұның халықаралық құқықтық актілерде, халықаралық шарттарда құқықтық мәртебесі бекітілген дипломатиялық қатынастағы шетелдік азаматтарға қатысы жоқ. Олардың құқықтық мәртебесі өзгешелеу болып келеді.

Шетелдік азаматтарды Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты және уақытша тұратын деп бөліп, қарастыруға болады. Тұрақты тұратын шетелдік азаматтардың Ішкі істер органдары берген рұқсаты болуы тиіс. Уақытша ҚР аумағына келген азаматтар, белгілі бір мерзім аралығында елден кетеді. Халықтың денсаулығына, мемлекеттік қауіпсіздік мүддесіне, діни келісім мен татулыққа зиян келтірілген жағдайларда, шетел азаматтары елден күштеп шығарылуы мүмкін, ал кей жағдайларда оларды елден шығаруға рұқсат етілмейтін тұстары да Жарлықта қарастырылып, бекітілген. Шетелдіктердің кетуіне: террорлық әрекеті үшін жаза тағайындалып, сотталса; адам мен азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында; ұлтаралық және дінаралық алауыздықтар тудырса; қоғамдық тәртіп пен халықтың тұтастығына нұқсан келтірсе және т.б. жағдайларда рұқсат етілмейді. [48, 149-152 бб.]

Кез-келген қоғамда арнаулы мәртебеге ие шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқығы мемлекеттің мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті деңгейде шектеледі. Мысалы, олар мемлекеттің өкілді органдарын сайлауға қатыспайды, және әскери қызметке шақырылмайды. Дегенмен, олар кәсіпкерлік саласында мемлекеттің қорғауында болады, сот

шешімінен басқа реттерде ешкім ешкімді өз меншігінен айыра алмайды. Бұл халықаралық құқықтар нормаларына да сай келеді. Себебі, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакттің 16 бабында “әр адам, қай жерде туып, қай жерде тұрғанына қарамастан, оның құқықтық субъектілігін тануға құқы бар” деп бекітілген.Қазақстан Республикасының заңнамаларында және халықаралық шарттарда басқаша қарастырылмаса, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтары үшін бекітілген құқықтар мен бостандықтарды иеленіп, сонымен қатар мемлекет жүктеген міндеттерді орындайды. [48, 85-86 бб.; 105 б.]

Кеңес уақытында, атап айтсақ 1936 жылдан кейін барлық өкімет органдары, үкімет, орталық және басқа да мемлекеттік органдар формальды түрде жұмысын атқара бастады. Ол өтпелі кезеңде, жеке басқа табынушылық салдарынан депутаттыққа кандидатқа жүз пайыз дауыспен күштеп дауыс беріліп, азаматтылықтың жоғарғы деңгейін, жүйесін азаматтар емес, мемлекет пен оның барлық органдары “қалыптастырып” жатты. Күштеу ұйымдары күштеу саясатын тұрақты жүргізіп, нәтижесінде азаматтардың елден, мемлекеттілігінен, азаматтылығынан оқшаулану үдерісі ақырындап жүзеге аса бастады. Саяси өмір жайлы, Коммунистік партияның диктатурасы туралы ешкімнің тіс жаруына құқы болмады, ал шындықты бетке айтқан зиялыларымызға түрлі күйе жағылып, ату жазасына кесілді, елден қуылды, азаматтығынан айырылды. Азаматтылығымыздың аяққа тапталмауына жанын салған ата-бабаларымызға керісінше мұндай қаситеттерден жұрдай деп айып тағылып, халық жауы атанды. Мұның бәрін осы тоталитарлық режимның Қазақ елінің дамуына, оның мемлекеттілігінің қалыптасуына, азаматтылық туын көк аспанда желбіретер азаматтардың көбеюіне тигізген үлкен қасіреті, үлкен нәубеті деп түсінуге болады. Осыған қарамастан, Кеңес одағын фашизмнен қорғап, Отан алдындағы борышы ретінде жауға дес бермей, елі мен жері үшін қасық қаны тамғанша шайқасып, Ұлы Жеңісті алып келген ата-бабаларымыз өзінің азаматтылығын сол уақытта да дәлелдеді.

Тәуелсіздік таңы атысымен, Қазақстан өз назарын саяси және азаматтық ұлттық бірегейлікті құруға шоғырландырды. Барлық адамдар азаматтықтың артықшылығы мен пайдасын көретін уақыт жетті. [163]

2014 жылдан бастап, Қазақстаннан басқа мемлекеттерге тұрақты тұруға кететін мигранттардың көші-қон ағысы байқалады. Салыстырмалы талдау барысында, 2016 жылдың қаңтар айынан сәуіріне дейін төрт ай ішінде 6753 адам кетіп, 3,045 адамның келгенін, және көші-қонның теріс сальдосы 3708 болғандығын аңғаруға болады. Ал, 2015 жылы дәл осы уақыт аралығында, 5,882 адам кетіп, 4748 адам келді және көші-қон теңгерімі 1,134-ті құрады.[168]

Тәжірибеге сүйенсек, бипатридтердің көбеюі сепаратизмге, қарулы қақтығыстарға, аумақты аннексиялауға және соңында егемендік пен тәуелсіздіктің жоғалуына әкелуі мүмкін. Егер бір елдің бипатризм деңгейі халықтың 15 пайызынан асса, мемлекет бұл мәселені өте байсалды қарастырып, бипатридтер санын азайтуға тырысуы керек. Мұндай көзқарасты қолдайтын ғалымдардың қатары біраз екенін атап өткен жөн. Мысалы, А. Ю. Полтораков, К.А. Гельвеций, П.Буаст сынды ғалымдар “қос азаматтық институты ең әуелі,

бипатридтер өздерінің тұрғылықты жерінде қолдана алатынжәне өздері азаматы болып табылатын этникалық Отанының заңнамасына сәйкес қолдануға құқылы әртүрлі құқықтар мен бостандықтар көлемі салдарынан гуманитарлық және саяси келіспеушіліктер, саяси және құқықтық қақтығыстар туындайды”,-[169] деп санайды. Соның салдарынан, соңғы 150 жыл бойы мемлекетаралық қатынастар тәжірибесінде қос азаматтық институтын қолданудан аулақ болу үрдісі байқала бастады.

Қазақстан ұлтаралық татулық және дінаралық толеранттылықты көздейтін көпмәдениеттіліктің еуразиялық үлгісін жүзеге асырып келеді.[170] Көпмәдениетті қоғамның гүлденуі, дамуы мақсатында елімізде бірқатар саяси-құқықтық іс-шаралар жүзеге асырылады, заңдар мен заңнамалар, құқықтық құжаттар дайындалады, олардың іске асып, орындалуын тиісті органдар қамтамасыз етеді. Жоғарыда атап өткендей, ең әуелі, көпмәдениеттілік мәселесі негізгі Атазаңымыз - ҚР Конституциясында, “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” заңында, жыл сайын өтетін Қазақстан Халқы Ассамлеясы (ҚХА) сессияларында, одан кейін, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерінде талқыланады. Сонымен қатар, ол “Мәңгілік Ел” жалпыұлттық патриоттық идеясында, Елбасымыз құрған қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік моделінде, Қазақстан Халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасында, ҚР Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №147 Жарлығымен бекітілген, Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымымдамасында, ҚХА үндеулерінде [171] көрініс тауып, басты назарда екенін естен шығармауымыз керек.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі Астана қаласында әр екі жыл сайын өткізіледі. Оның миссиясы да бейбітшілікке, келісім мен ынтымақтастыққа ұмтылу болып табылады. 2015 жылы өткізілген V съездте мына мәселелер бойынша уағдаласты: “азаматтық қоғаммен тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жанжалдарды болдырмау және реттеу мақсатындағы диалогына жәрдем ету, бітімге келу және келіссөздер арқылы зорлық-зомбылыққа жол бермеу, бейбіт азаматтарды қорғау, барлық қайшылықтарды бейбіт жолмен шешуге шақыру; ұлттық деңгейде де, мемлекетаралық деңгейде де кез келген саяси және діни қайшылықтарды күшпен шешу әдісінен түбегейлі бас тарту”. [172]

Қазақстан Республикасында азаматтық концепциясы ең әуелі, нормативтік құқықтық актілер жүйесінде бекітілген. Бұл жүйені мемлекет пен жеке тұлғаның құқықтары мен міндеттерін нығайтатын саяси және құқықтық актілер жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Саяси және құқықтық актілерге 1990 жылғы мемлекеттік егемендік туралы декларация, мемлекеттік тәуелсіздік туралы конституциялық заң және Қазақстан Республикасының азаматтығы қағидаларын жетілдірген 1993 жылғы ҚР Конституциясы кіреді. Қазақстан Республикасының азаматтығы құқықтық нысанда 1995 жылғы ҚР Конституциясында және 1991 жылғы Азаматтық туралы Заңында [173] жинақталған.

ҚР азаматтығын алу немесе оның өзгеруі, көптеген елдерде сияқты, елдің Конституциясымен реттеледі. Қазақстан азаматтарының барлық құқықтары,

бостандықтары мен міндеттері ҚР Конституциясы, ұлттық заңнамаларымен және ҚР халықаралық шарттарымен анықталады, бұл ҚР азаматтары болып табылмайтын тұлғаларға немесе оның аумағында тұратын тұлғаларға да қолданылады.

Азаматтық институтының қазіргі заманғы дамуы – оны реттейтін конституциялық құқықтық нормаларды жетілдіру процесі ретінде танылуда. Бұл кезең азаматтық туралы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ конституциялық құқықты дамыту арқылы жетілдіру үдерісімен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматтығы, азаматтықты ұйымдастырудың ұйымдастырушылық-құқықтық тетігінің негізін айқындайтын, конституциялық құқықтық нормалар арқылы анықталады. Олар азаматтық институтының жүзеге асуын реттейтін мемлекеттік органдар жүйесінің құрылымы мен қызмет етуін белгілейді. [174]

Терең мағыналы «азаматтық» концепциясының құқықтық санатында конституциялық құқықтың элементтері бар екенін ескеру керек, бірақ мұны толық әрі дұрыс түсініп, қолдану үшін көші-қон құқығы, еңбек құқығы сияқты басқа да құқық салалары әсер етеді. Әрбір мемлекеттің конституциялық қорғауды қамтамасыз ету деңгейінде азаматтықтың мәні, тұжырымдамасы, азаматтықты қабылдау немесе одан айырылу үдерістері арнайы ұлттық заңдармен бекітіледі. Сонымен бірге, оның маңыздылығы мен тәжірибеде дұрыс қолданылуы қоғамдық және халықаралық заңдары арқылы да қалыптасады, ал бұл өз кезегінде, бүкіл әлемдегі құқықтық қатынастардың шеңберінің маңыздылығына байланысты. Әлем мемлекеттерінің конституциялары ұлттық нормалардан халықаралық нормалардың басымдықтары мен қолдану тәртібін айқындайды. Әдетте, Конституциямен бекітілген нормалар тек ұлттық заңнаманың нормаларынан ғана емес, сондай-ақ халықаралық шарттар нормаларынан да басым болады. Өз кезегінде, халықаралық құқық нормалары ұлттық заңнаманың нормаларына үстемдік етеді. Ұлттық заңнама нормалары мен халықаралық құқық нормалары әр адам мен азаматтың тиісті мемлекетпен құқықтық және саяси қатынастарын орнату қажеттілігіне бағытталған. Осы заңның, құқықтық норманың арқасында, мемлекеттер басқа елдер мен халықаралық ұйымдар алдында өз іс-әрекеттері үшін саяси жауапкершілік алады. [175]

Қазақстан мен Ұлыбританияның құқықтық жүйелерін салыстыру, атап айтқанда, азаматтық мәселелерін реттейтін заңнама нормалары – әлемнің әртүрлі елдерінің азаматтық мәселелерін түрлі жолдармен реттейтінін түсінуге мүмкіндік береді.

Азаматтықты реттеу мәселелерінде әртүрлі елдердің құқықтық жүйелерінде елеулі қайшылықтардың болуы – жаһандық мәселелердің пайда болуына, атап айтқанда, көп азаматтықтың дамуына ықпал етеді. Құқықтық нормалардың қақтығыстарын шешуге бағытталған халықаралық келісімшарттар мұндай мәселелерді шешуге әрдайым көмектесе алмайды. [176]

Экс-сенатор Аңсар Мұсахановтың айтуынша, демократиялық дамудағы күрделі жағдайларда Қазақстан тарапынан қабылданатын нық жаңа қадамдарда, біздің көз алдымызда өзгеретін әлемдік даму соншалықты шапшаң уақытта

конституциялық реформалар қазақстандық және әлемдік сарапшылар тарапынан қолдау тапты. Осыған байланысты, ол ҚР Парламенті Сенатының депутаты Г.Кимнің Конституцияның 10-бабының 2-тармағын төмендегідей сөйлеммен толықтыру туралы ұсынысын қолдады: “Террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі”.

Мұндай көзқарасты қолдауға тұрарлық, өйткені жаһандық лаңкестік бүгінгі күні барлық елдерге әсер ететін елеулі мәселе болып тұр. Тәжірибеге сүйенсек, террористер азаматтығы жоқ адамдар қатарынан емес, керісінше белгілі бір елдің азаматтары қатарынан шығады. Сонымен қатар, көбінесе, олар бірнеше азаматтығы бар эмигранттар болып табылады.

Қорыта келе, азаматтық институтының мәні мен маңызы өте зор. Құқықтық мемлекетті жақсарту қазіргі мемлекеттіліктің негізі ретінде азаматтық институтын зерттеуді және ғылыми негіздеуді болжайды. Қазақстан азаматтығы оны алу негізіне қарамастан біркелкі және тең болып табылады. Сонымен қатар, Республика азаматы мұндай шарттарсыз азаматтықтан, азаматтығын өзгерту құқығынан айырылуы мүмкін емес деген пікір айтылады. Заңда азаматты Қазақстан шекарасынан шығару мүмкін емес екендігі, басқа мемлекеттің азаматтығы Республика азаматы болып танылмайтындығы анық айтылған.

Осылайша, қазіргі заманғы азаматтық дегеніміз - бұл мемлекет және құқық теориясы, конституциялық, әкімшілік және өзге де құқық салаларының нормаларын, сондай-ақ азаматтық пен адам құқықтарына қатысты халықаралық стандарттарды біріктіретін Қазақстан мен халықаралық құқық нормаларынан тұратын жан-жақты институт.

2.3 Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғау жолдары және тиімділігі

Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау ең бірінші Қазақстан Республикасының Президентінен бастау алады. Президент – Атазаңымызда көрсетілгендей, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі делінген. Президент бастамасымен оның жарлықтарыарқылы еліміздегі адам және азамат құқықтарын қорғау жүзеге асады. Сонымен қатар, Парламент те адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру мен қорғауға кепілдік беретін маңызды мемлекеттік институт болса, сот, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ықпал ететін органдар болып саналады.

Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – ол адам. Адамның ең негізгі құқығы – ол оның өмір сүру құқығы. Адамның жеке өміріне, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне, ар-намысына ешкімнің қол сұғуға құқығы жоқ. Ол заңмен қорғалады; мемлекеттік органдарға, арнайы құқықтар мен бостандықтарды қорғайтын органдарға, арнайы институттарға тіпті, қажет жағдайда ҚР Президентіне жүгінуге құқылымыз. Заңмен көзделген

жағдайлардан басқа, ешбір мемлекеттік орган, ешбір лауазымды тұлға адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектей алмайды. Адамның ең маңызды әрі ең басты табиғи құқығы – ол оның өмірі. Адамның өміріне қауіп төндірген, төндіретін әрекеттер заңмен қудаланады. Адамды азаптауға, кемсітуге, зорлық-зомбылық көрсетуге, сөзбен не іспен қорлауға, қатігездік көрсетуге, күш көрсетуге жол берілмейді. Бұл – тек ұлттық заңнаманың ғана берік қағидалары емес, бұл – халықаралық құжаттардың да мызғымас әрі елеулі, ойып орын аларлық адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың іргетасы.

Адамның ар-намыс бостандығы – бұл адам бостандығының ішіндегі ең негізгілерінің бірі. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып саналғандықтан, әр адам өз қалауынша қай дінге сенетіндігін, қандай діни көзқарастар ұстанып, қандай ғұрыптар сақтайтындығын өзі шешеді. Дегенмен, бұл конституциялық құрылыс пен қоғамдық тәртіпке залал келтірмеуі тиіс. Діни көзқарастары үшін халық арасында алауыздық, жауыздық тудырған іс-әрекеттер жазаланады. Кез-келген діннің өкілдері Конституциямен тең болып табылады, дінге сенушілер не сенбеушілер деп алаланбайды. Мемлекет органдары мен лауазымды тұлғалар діни бірлестіктердің қызметіне араласа алмайды. [48, 108-111 б]

Атазаңымызда бекітілген саяси құқықтар мен бостандықтарды атайтын болсақ, оларға аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттардан Республика Парламентіне дейінгі деңгейде өкілетті органдарды сайлау құқығы, Республика азаматының саяси құқығына бейбіт жиналыстар, демонстрациялар, митингілер, шерулер жүргізу, тосқауылдарға тұру құқығы, қоғамдық бірлестіктер (діни бірлестікті қоспағанда) құру құқығы, мемлекеттің қызметке кіру құқығы, мемлекеттік органдармен еркін қарым-қатынас жасау құқығы және т.б. жатады.

Адам құқығы жеке тұлғаларды тиімді қорғау үшін құқықтық тұрғыдан институттандыруды қажет етеді. [47, 227 б.] Сол себепті, адам құқықтарын қорғаудың тиімділігі ұлттық және халықаралық деңгейде үлкен алаңдаушылық тудырады.

Қазақстан Республикасының Конституцисының 13-бабында көзделгендей: “Әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы”. Адам құқықтарын қорғау бойынша Ұлттық институттардың үш түрі бар – адам құқықтары бойынша комиссиялар, арнайы институттар және омбудсмен. [177]

Жалпы, мемлекеттік органдардың өкілеттіктері кеңейген сайын, азаматтарды мемлекеттің өктемдігінен қорғайтын механизмдердің күшейе түсуі керектігі заңдылық. Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің қызмет етуі адам оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары қымбат қазына деп танылатын демократиялық, құқықтық мемлекетті құру жолындағы еліміздің әлімдік стандартқа лайық болуға ұмтылғандығының дәлелді көрінісі.[178]

Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті танылады. Ол адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, мүдделері мен

міндеттерінің атқарылуын қамтамасыз ететін ең маңызды институт болып табылады. Ол заң жобаларына бастамашылық қызметінен, Президенттің тиісті Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызмет қағидаларынан, Президенттің адам мен азаматтың саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік, азаматтық және жеке құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды көздейтін жеке құқықтық актілерінен көрініс табады.

Үкімет арқылы Президент бастамашы болған заңдарға мысал ретінде "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы Заң", "Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы Заң" және т.б. жатқызуға болады. Мемлекеттік органдардың адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ұстанатын басты қағидаларына адам құқықтары мен бостандықтарының және олардың заңды мүдделерінің басымдығы қағидасы, мемлекеттік қызметке орналасудағы теңдік қағидасы, және қоғамдық пікірді ескеру қағидасы жатады. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының азаматтығын белгілейді, саяси баспана беру, аса ауыр қылмыспен сотталған адамдарға кешірім жасау мәселелерін қарастырып, шешеді. [48, 147-148 б.]

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары, соты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен ұйымдастыруға елеулі әрі оңынан ықпал етуші органдар болып табылады.

Адам құқықтарын қорғауда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегіКомиссияның рөлі орасан зор. Бұл ҚР Президенті жарлығымен 1997 жылы 22 сәуірде құрылған консультативті-кеңесші орган болып табылады. Комиссияның негізгі міндеттеріне ҚР Президентінің адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық мәртебесін жүзеге асыруы үшін жағдай жасау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау тетігін жетілдіруге жәрдемдесу; орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметіне жәрдемдесу; адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамалары мен бағдарламаларын дайындауға қатысу; адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу жатады. [179]

Комиссияның өкілеттіктеріне тоқталсақ, біріншіден, мемлекет басшысына және тікелей комиссияға жолданған ҚР азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ұйымдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы өтініштерін қарастырады. Екіншіден, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғайтын ҚР заңнамасына талдау жасайды, заң жобаларын әзірлеуге қатысады. Үшіншіден, адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар бойынша талдау материалдарын, сараптау-ұсынымдық қорытындылар әзірлеп, адам құқықтары жөніндегі халықаралық

ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысады. Комиссия адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында құқық қорғау органдарымен, Адам құқықтары жөніндегі Уәкілмен өзара әрекет етеді. [180] Келесі, Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтарын қорғаудағы маңызды институттардың бірі – Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл жайлы, оның тарихы, қызметі және міндеті туралы ой өрбітейік.

1948 жылғы Адам құқығының жалпы Декларацияның 8-бабының тармағында адам Конституция немесе заңмен берілетін оның негізгі құқықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің құзыретті органдарының құқығында нәтижелі қалпына келтіру құқығы бар делінген болатын. Сондықтан ел тәуелсіздігі жылдарында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру сапалы құқықтық базаны іске асыруға әсерін тигізді. Тәуелсіздік жылдарындағы шынайы реформалық өзгерістер бізді тоталитарлық жүйенің бөлігінен қазіргі заманғы серпінді дамып келе жатқан елге айналдырды. Омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) институтын құру мықты құқықтық базаны іске асырумен қатар, бұл институт Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік тетіктің маңызды және ажырамас бөлігі ретінде бекіді. Азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі хаттарын қарап шешу Уәкілдің негізгі қызметі болып табылады. [181]

2002 жылы қыркүйектің 19ында Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институтын құру жайында Президенттің арнайы жарлығы шықты. ҚР-да Омбудсмен институтының құрылуы - осы жолда үздіксіз атқарылған қыруар жұмыстың нәтижесі әрі жемісі. Көптеген жылдар бойы мамандар осы құрылымның адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы маңызын анықтап, оны қалыптастырудағы әлемдік тәжірибені жинақтауға бар күш-жігерін салған. Әсіресе, БҰҰ-ның Даму бағдарламасы, БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссарының басқармасы, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі ұйым сияқты халықаралық органдарды ерекше атаған жөн. [182]

Омбудсмен институты адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қол сұғуынан қорғауды, заңнаманың қалыптасуын қамтамасыз етуді және оларды жүзеге асыруды көздейді. Омбудсменнің қызметі БҰҰ-ның бірқатар конвенцияларын ратификациялаған ҚР халықаралық міндеттемелеріне және әлемдік тәжірибесіне сай болады. Омбудсмен қызметінің негізгі принциптері: жариялылық, әділдік және бейтараптық. Омбудсменның ҚР азаматтарының ғана емес, сондай-ақ ҚР-да тұрып жатқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың да құқықтарын қорғауда көптеген өкілеттіктерге ие. Өзінің қызметі аясында кез-келген адамның құқықтарын мемлекеттің лауазымды тұлғалары бұзған жағдайда, тергеуді бастауға, оның жан-жақты жүргізілуін қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін мемлекеттің лауазымды тұлғаларына кеңестер беруге құқылы. Сонымен қатар, ол адам құқықтарын қорғау бойынша мамандарды, сарапшыларды және халықаралық

ұйымдарды тарту арқылы ынталандыру жүйесін дамытуға құқылы. [183]

Көңіл бөлетін мәселе, қазақстандық омбудсменнің қызметі тек азаматтардан шағым қабылдаумен шектелмейді. Ол өз құзырындағы мәселелер бойынша азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге байланысты шараларды іске асырады. Омбудсман тиісті мемлекеттік органдарға істі тексерудің нәтижелеріне негізделген фактілерді және ұсыныстарды енгізуге, қажет болған жағдайда Парламентке және Үкіметке елдегі адам құқықтарының сақталуы жағдайын мәлімдеуге құқылы. Бұл қызмет адам құқығын сақтаудағы жариялылықты және мәселелермен қалың бұқараның таныс болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстандық омбудсменнің мәртебесі және өкілеттіктері төрелік етуші соттардың қызметіне, құқық қорғау органдарының процессуалдық және жедел іздестіру жұмыстарына кедергі жасалмайтындай етіп құрылған. Сонымен қатар сот және құқық қорғау органдары секілді омбудсман, негізінен, жалпы құқықты емес, адамның жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қалыптасқан. Осы орайда өзге институттарға қарағанда омбудсманның азамат пен мемлекет арасындағы даулы мәселелерді шешуге барынша бейімделгенін байқауға болады. Ол өзінің болмысы бойынша өзге құқық қорғау органдарын алмастыра алмайды, керісінше қолда бар құқық қорғау ұйымдарының жүйесін толықтыра түседі.

Сонымен қатар, ұлттық омбудсмен адам құқықтары саласында әрекет етуші заңдылыққа талдау жасау міндеті жүктелген және адам құқықтарын қорғаудың формалары мен тәсілдерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды әзірлеуге қатыстылығы көзделген. Бұл қызметтің тиімді іске асуы үшін адам құқықтары жөнінде ұлттық орталық құрылды.

Омбудсман институты қызметінің икемділігі азаматтардың шағымдарын қарауда формализмге берілуге тегеурінді тосқауыл бола алады. Бұл таңда бұл қызметтің таптырмайтын жетістік екені рас. Яғни, Қазақстанда адам құқығын қорғаудың жаңа құралын енгізу заман талабынан туындап отыр. [184]

ҚР азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар өздерінің құқықтары бұзылған жағдайда адам құқықтары жөніндегі Уәкілге шағымданса болады дедік. Ал сол шағымды қарастырғаннан кейін Уәкілдің ары қарайғы қызметі қандай болмақ? Ол шағымды қарағаннан кейін Уәкіл белгілі бір мемлекеттік органға шағым жасаушының құқықтарын бұзған тұлғаларды жауапқа тартқызу туралы, материалды және моралды шығынның орнын толтыру үшін шара қабылдау туралы ұсыныс жасайды; шағым жасаушының құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін арызын қарастыру қай органның құзырына жатса, сол органға осы істі тапсырады. [185] Уәкілмен ҚР Президентінің Әкімшілігіне ішкі көші-қон және оралмандарды орналастыру саласындағы келеңсіз үрдістерге қатысты және Қауіпсіздік кеңесіне ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты шет елдердегі қазақстандықтардың құқықтарын қорғау механизмін әзірлеу мәселесі бойынша мемлекеттік маңызы бар ұсыныстар берілді. [186]

БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен құрылған БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасымен адам құқықтары мен

бостандықтарын қорғау мақсатында ынтымақтастық орнату Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің негізгі беталысы болып табылады. 2013 – 2015 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы тұңғыш рет БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болды. Ал, 2015 жылы Қазақстан Кеңестің Вице-төрағасы ретінде сайланды. Қазақстан Кеңестің жыл сайынғы сессияларына ұдайы қатысады. [187]

Адам құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуының амал-тәсілдерін, жолдарын құрайтын адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері келесілерден тұрады:

– әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер – құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру үшін орта мен материалдық негіздің болу ұғымына саяды; Мысалы, дамыған экономика жағдайы, әлеуметтік тұрақтылық;

– заңи кепілдіктер – адам құқықтар мен бостандықтарын қорғайтын барлық құқықтық амалдарды құрайды, оған конституциялық құқықтар мен бостандықтардың қорғалуы, сақталуы, заңға бағыну, Конституцияның жоғары маңыздылығы, құқықтық тәртіп және т.б. кіреді; Мысалы, сот арқылы қорғалу құқығы, ереуілдерге шығу құқығы, сөз бостандығы;

– саяси кепілдіктер – адамдарға лайықты өмір сүруіне жағдай жасауды қамтамасыз ететі мемлекеттің саясаты; Мысалы, саяси тұрақтылық, азаматтардың саяси мәдениетінің жоғарғы деңгейі;

– идеологиялық кепілдіктер – адам мен азамат құқықтары мен бостандықтары, міндеттері мен мүдделері туралы білімді, танымды көтеріп, жоғарылатумен жүзеге асады. [188]

Қазақстан Республикасының заңнамасында адамның құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін шоғырландыру және қорғау оның ең маңызды функциясы болып табылады, оның жүзеге асырылу деңгейі елдің әр азаматына әсер етеді. Өздерінің құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы нақты түсінікке ие болмаса, ешқандай адам өзін азаматтық, демократиялық қоғамның толық мүшесі санай алмайды, сәйкесінше осы қоғамның ережелеріне сәйкес өмір сүре алмайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен конституциялық реттеуге енгізілген жаңа тұстарды ескере отырып, ғылымда қол жеткізілген жетістіктердің негізінде бірқатар жаңа мәселелерді көтеруге немесе қолданыстағы ұстанымдарды нақтылауға әрекет жасалды.

Адам құқықтарының тұжырымдамасын жан-жақты қамтуға, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің шығу тегіне, тарихи дамуына, олардың халықаралық-құқықтық нормаларда жариялануына көп көңіл бөлінеді. Адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қалыптастыру, олардың конституционализм тәжірибесінде жүзеге асырылуы және дамуы, жүзеге асыру тетігі - кең зерттеу әдіснамалық негізде осы зерттеудің негізгі бағыты. Осылайша, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері - арнайы құқықтық құбылыс және конституциялық құқық ғылымының маңызды тұжырымдамасы болып

табылады.Олардың ерекшелігі, ең алдымен, осы конституциялық құқықтардың, қоғам мен мемлекеттің өміріндегі бостандықтар мен міндеттердің маңыздылығымен көрінеді.

Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері қомақты дәрежеде, мемлекеттік құрылысинституты болып табылатын қоғам мен мемлекеттің демократия деңгейін анықтайды.

Адаммен азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері қоғамның құқықтық жүйесінің негізін құрайды, мемлекеттің өзіне құқықтық сапаны беретіндігі анық. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар құбылысын түсінудегі айрықша маңызды аспектісі олардың мемлекеттік билікпен демократиялық мемлекетпен өзара әрекеттесуінің заңды сипаты болып табылады.

Ең маңызды мәселелердің қатарында адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін дамыту, тану, жүзеге асыру, кепілдендіру, құқықтық қорғауындағы демократиялық мемлекеттің ролімен қатар, оларға ортақ азаматтық идеясының сипатын беру мәселесінің демаңыздылығы айрықша.

Адам және азаматтың кейбір конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туғаннан бастап әркімге тиесілі және ажырамас болып табылады. Адам өмір бойы өзінің құқықтары, бостандықтары мен міндеттерімен тығыз байланысты, олар ешкіммен және ешқандай жолмен алынбауы тиіс. [189]

Елде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жоятын немесе кемітетін заңдар немесе өзге де нормативтік құқықтық актілер шығарылмауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясы конституциялық құрылыстың, адамгершілікке, денсаулық сақтауға, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, елдің қорғанысы мен мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті дәрежеде конституциялық құқықтар мен бостандықтарды белгілі бір мөлшерде шектеуге жол береді.

Өмір сүру құқығы, адамның қадір-қасиеті, жеке өміріне қол сұғылмау құқығы, ар-ождан бостандығы сияқты бірқатар құқықтар ешқандай жағдайда, тіпті төтенше жағдайларда да шектелмейді.Осыған байланысты,адамның конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінен азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін ажырата білу қажет.

Адамның және азаматтың конституциялық құқықтарының, бостандықтары мен міндеттерінің ерекшеліктері - оның теориялық және қолданбалы маңызы бар әмбебаптық, теңдік, бірлік және кепілдікке тән ерекшеліктері. Олар іргелі конституциялық принциптерді қамтиды.Конституциялық құқықтар, бостандықтар мен міндеттер қолданыстағы заңнамамен бекітілген адамның және азаматтың барлық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің құқықтық негізі болып табылады.

Конституциялық құқықтардың, бостандықтардың және міндеттердің

сипаты олардың қолданыстағы заңнаманың құқықтық негізі болып табылатын Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылғанымен ғана емес,сонымен қатар олар қоғамдағы және мемлекеттегі адамның позициясымен қалыптасатын маңызды әлеуметтік қатынастар екендігіне негізделеді.

Азаматтық – азамат пен мемлекет арасындағы тұрақтылық, бірлік, өзара жауапкершілік пен жан-жақты қатынастармен сипатталатын,жеке тұлғаның белгілі бір мемлекетке тиесілігін көрсететін, құжатпен заңды түрде расталған және жеке адамның қоғамдық істерге қатысуы, оның мемлекетінен қорғалуын қамтамасыз ететін ерекше құқықтық мәртебесі.

Азаматтық – бұл адам мен мемлекет арасында қалыптасқан әлеуметтік байланыстардың заңды көрінісі. Әлеуметтік тұрғыда азаматтық - белгілі бір мемлекеттегі адамның игерілуін білдіреді, яғни қоғамның істеріне қатысы бар екендігін білу.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау институттарының маңызы айрықша. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолдары біршама.

3 ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ

МӘРТЕБЕСІ

3.1 Ағылшын конституциялық құқығы бойынша адам құқықтары мен бостандықтары

Англо-саксондық құқықтық отбасы қазіргі уақытта Ұлыбритаияда, АҚШ-та, Канадада, Жаңа Зеландияда, Австралияда, Солтүстік Ирландияда және басқа да көптеген елдерде бар. Англо-саксондық отбасы туралы түсінік өте өзгеше. Көптеген ғалымдар бұл отбасын «англо-саксондық» деп атаған абсурд деп санайды және ағылшын және американдық заңдарды біріктіріп, «заңды құқықтар отбасы» деп атай отырып, осы заңды отбасына кеңірек түсінік беруді жөн санайды. Бұл қайшылық Ұлыбританияның құқықтық жүйесі тарихындағы маңызды кезең болған және елде күшті орталықтандырылған билік жүйесін құруды білдіретін Ұлыбританияны нормандықтар жаулап алуының нәтижесі туралы әртүрлі көзқарастардан туындады. Ағылшын құқықтық жүйесінің даму ерекшелігі, ол Рим құқығын қабылдауға тәжірибе алмады, кодификациядан өтпеді, автономды түрде дамыды, өзін континенталды еуропалық құқықтан оқшаулайды. [190]

Англо-саксондықтардың тарихын немесе жалпы құқықты ағылшын құқығының тарихы ретінде қарастыруға болады, өйткені Ұлыбританияның құқығын басқа елдерге таратқаннан кейін ағылшын құқығы үстем болып қала берді және олар үшін тарихи үлгі болды. Ортақ құқық үш бағытта дамиды деген пікір бар: оны қалыптастыру, сот төрелігі және жарғыларды түсіндіру құқығымен толықтырылған. [191]

Заңгер-ғалымдар англо-саксондық құқықтық отбасының дамуының төрт кезеңін ажыратады. Бірінші кезең - ерте орта ғасырлар кезеңі, ол 1066 жылғы Нормандықтар жаулап алуына дейін созылды. Бұл уақытта Ұлыбританияда орталықтандырылған басқару жүйесі болған жоқ, өйткені бүкіл ел англо-саксон патшаларының қол астында бірікті және аморфты құрылым болды. Сондықтан, бұл кезең жергілікті сипатта болатын және бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін варвар тайпаларының көптеген заңдары мен патриархалды әдет-ғұрыптарының болуымен сипатталды. [192]

Ағылшын құқығының дамуының екінші кезеңі 11-15 ғасырларға жатады (Тюдор әулеті билік құрғанға дейін). Нормандықтар жаулап алғаннан кейін корольдік соттар құрған жалпы заңдардың дамуы басталды. Олардың қызметінде болашақта осы соттарды басшылыққа алатын шешімдердің жиынтығы құрылды. Дәл сол кезде прецеденттік ереже қалыптаса бастады, ол кейінірек ағылшын құқықтық жүйесінің барлық ерекшеліктерін ашатын негізгі буын болды.

Үшінші кезең хронологиялық тұрғыда елде Тюдор әулетінің құрылуынан бастап анықталды - 1485 - 1832 (Жаңа сайлау туралы заң қабылданғанға дейін) және ағылшын құқығының таңы деп саналады. Вестминстердің корольдік соттарының қызметі барысында қалыптасқан жалпы құқық ережелерімен қатар, ағылшын құқығына жалпы заң ережелеріне толықтырулар мен толықтырулар енгізе отырып, әділеттілік ережелері де кіреді. Бұл кезең сонымен қатар заңдардың қайнар көзі ретіндегі парламенттік заңдардың рөлінің

жоғарылауымен және оның үстемдігі қағидатын мойындаумен сипатталады. [193]

Төртінші кезең, 19 ғасырдан бастап, бүгінгі күнге дейін жалғасады. Осы кезеңнің басында заңнаманы және сот реформалары түбегейлі жүргізілді, бұл баса назарды іс жүргізу құқығынан мазмұндыққа ауыстыруға мүмкіндік берді. Заңнаманы тазарту, оны архаикалық, ұзақ уақытқа созылатын актілерден босату үшін үлкен жұмыс жүргізілді. Ағылшын құқығының бірқатар салаларында қолданылатын нормативтік актілердің барлық жиынтығы жүйеленді.

Сонымен, XIX ғасырдың 70-ші жылдары Ұлыбританияда соттардың барлық салаларына әсер ететін жан-жақты сот реформасы өтті. Жоғарғы Сотқа бұрынғы үш жоғарғы патша сотының, сондай-ақ канцлер сотының өкілеттіктері берілді. Осы сәттен бастап жалпы құқық пен әділеттілік құқығы біріктіріліп, аралас заң жүйесі қалыптасады, қазіргі уақытқа дейін Жалпы құқық деген атпен белгілі. Кейіннен, 1880 жылы филиалдар саны азайды. Осыған ұқсас жүйе 2005 жылы Конституциялық реформа туралы заң қабылданғанға дейін болды, онда жаңа сот енгізілді - Ұлыбританияның Жоғарғы Соты Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландиядағы барлық соттардың шешімдеріне шағымдарды қарауға құқылы. [194]

Ұлыбританияда әлі де жазбаша конституция жоқ, оны парламенттің актілері ауыстырады. Заңнама құқықтың қайнар көзі ретінде азырақ қолайлы жағдайға ие, өйткені парламент актісі сот түсіндірмелерін талап етеді, олар өздері сот прецеденттеріне айналады. Осы заңды құқықтық түсінудің өзіндік белгілері формула арқылы көрінеді: «Соттық қорғау құқыққа қарағанда маңызды». Сот ісін жүргізу формалары, іс жүргізу ережелері, дәлелдемелер, уәждердің жиілігі, шешімдер қабылдаудың қатаң рәсімдері, негізінен ауызша және үздіксіз сот ісін жүргізу - бұл ағылшын құқығының ерекшелігі. [195]

Ұлыбритания – конституциялық монархия арқылы басқарылатын мемлекет. Бұл жауапты мемлекет принциптеріне негізделген демократиялық ел. Ол демократиялық түрде сайланған Парламент өкілдеріне бағынатын, маңызды азаматтық қызметтерді жүзеге асыратын министрлармен басқарылады. [196]

Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру ең алдымен, заңнамаларды жетілдіріп, оларды іс жүзінде жүзеге асырып, қолданумен пара пар келеді. Ұлыбритания мемлекетінің құқықтық жүйесіне көз жүгіртетін болсақ, адам мен азамат құқықтарының қорғалуы сонау 1215 жылы атты Еркіндіктің Ұлы Хартиясын қабылдаудан бастау алады. Бұл дегеніміз – Common Law немесе прецеденттік құқықтың негіздері мен басты қағидаларын жүзеге асыру XIII ғасырдан бастау алады дегенге саяды.

Кейіннен 1689 жылы “Құқықтар туралы билль” кейбір құқықтар мен бостандықтарды қозғап, олардың қорғалуы заң жүзінде құқықтық механизмдер арқылы жүзеге аса бастады. Ал, Британияның 1973 жылы Еуропалық Одаққа кіруі, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенцияны 1951 жылы ратификациялауы, 1998 жылы Адам құқықтары туралы заңын қабылдауы – осының бәрі Ұлыбританияның адам мен азамат құқықтарының мықтырақ

қорғалуына зор үлесі болды. [197] Себебі, осы заңнамалардың барлығының бастапқы және түпкі мақсаты - бұл құқықтар мен бостандықтардың заң жүзінде қорғалуы, адамдардың теңдігі, барша адам мен азаматқа бірдей, тең құқықтар мен бостандықтар берілетіндігін одан ары айқындай түсу болатын. Қазірде қолданыстағы Адам құқықтары туралы заң біршама сын-пікірге ұшырағандықтан, халық пен билік өкілдерінің назардағы мәселесі осы актіні "Құқықтар жөніндегі Британ биллімен" алмастыру болып тұр. [198]

Ұлыбританияда 17 ғасырдың ортасынан бастап, адамдар "болжамды түрде" белгілі бір сипаттағы заңмен қорғалған, негізгі құқықтар мен бостандықтарды иелене бастады. Бірнеше ғасырлар бойы Біріккен Корольдік сот билігінің даналығы, әлемдегі ең маңызды активтердің бірі - Жалпы құқық – кодифицияланбаған, яғни жазылмаған англо-саксондық жүйе, әдет құқығы арқылы танылды. Қазіргі таңда, Ұлыбританияның жазылмаған Конституциясы Парламент актілері, сот шешімдері, конституциялық конвенциялар, және басқа да саяси тәжірибелер нысанында көрініс табады. [199]

Ұлыбритания сияқты ұлы держава, ұлы ұлт жеке адам мен азаматқа тиесілі шынайы құқықтармен бостандықтардан танудан бас тартып, қалайша осы позицияға орнықты деген сұрақтар көптеген адамдарды толғандырады. Азаматтық соғыс болды, нәтижесінде мыңдаған адам қаза тапты. Болжаммен 17 ғасырдың ортасында «бірінші» азаматтық соғыс кезіндегі толассыз шайқастарда ағылшын қолбасшысы, революционер Кромвель немесе парламентшілердің Патшаны соттап, оны дарға аспақшы болды. Кромвельдің негізгі наразылығының түп-тамыры тек қана кішігірім азшылықтардың өкілдік етуінде ғана емес, сонымен қатар халықтың іргелі құқықтары мен бостандықтарын нақты әрі анық тануда жатты. Ол шамамен 350 жыл бұрын Корольге қарсы жасалған айыптауларда айқын көрініс тапты. Кромвельдің ойынша, нағыз «зұлымдық» болып халықтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жоққа шығару және бұзу саналды. [53, 208 б.]

Шамамен үш жүз жыл өткен соң, адам құқықтары мен бостандықтары Нюрнбергтегі Трибуналда танылды. Сәйкесінше, бұл құқықтар мен бостандықтар халықаралық құқықпен қорғалып, мойындалды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін көп ұзамай, ұлы державалар адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы деп аталатын құжатта халықтың құқықтары мен еркіндіктерін қарастырғанын нақты мәлімдеді. Бұл – адамзат тарихындағы адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына жасалған оңтайлы қадамдардың бірі еді.

Ұлы державалар, басқа ұлттармен бірге, адам құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясын бекіткен кезде, бұрын танылмаған саны шексіз құқықтарды қарастырмады. Мұның басты себебі, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі кінәсі жоқ, жазықсыз құрбандардың құқықтарының бұзылуы еді. [53, 147-148 б.]

1949 жылы 5 мамырда Лондон келісімшартына қол қою арқылы Еуропа Кеңесі құрылды. 1950 жылы Еуропа Кеңесі адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенцияның жобасын жасады. Кейіннен, бұл адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция деп аталып, ол 1953 жылы

күшіне еніп, Еуропа Кеңесінің барлық қырық жеті мүше мемлекетімен бекітілді. Конвенция, сондай-ақ, адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотты бекітті. Еуропа Кеңесінің барлық мүше-мемлекеттері Конвенцияның қатысушысы болып табылады. Конвенцияның өзектілігі бұл кез-келген мемлекеттің мойындауымен айқын көзге түсті. [53, 128 б.] Бүгінгі таңда,Еуропа Кеңесіне мүше болғысы келетін кез келген мемлекет адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенцияны ратификациялауға міндетті болып табылады. [200]

Конвенцияның артықшылықтарымен қоса, кемшіліктері де бар. Конвенцияны 1959 жылы 8 наурызда ратификациялаған алғашқы мемлекет болғанымен, [201] 1998 жылы адам құқықтары туралы заң Корольдік келісімге ие болып, заңға айналғаннан кейін, былайша айтқанда, 2000 жылға дейін ол Ұлыбританияның ішкі заңнамасының бір бөлігі болмады. Ал, Германия, Австрия және Франция сияқты басқа да көптеген мемлекеттерде Конвенция салыстырмалы түрде ақылға қонымды уақыт ішінде осы мемлекеттердің ішкі заңдарының бір бөлігіне айналды. [53, 128 б.]

1968 жылға дейін Британдықтар құқықтар туралы заң жобасына қызығушылықтарын танытпаған-мыс. Дәл осы жылы британдықтардың атақты “жазылмаған” Конституциясы, Лейбористтік үкіметтің Достастық Иммигранттар туралы заңы небәрі үш-ақ күнде қабылданған соң, бүкіл әлем жұртшылығының назарында еді. Осы заң Шығыс Африкадан қуылған британдық азиаттарға Ұлыбритания аумағына кіруге тыйым салып, британ азаматтығына мұқтаж болып тұрған кезде, оны да алуға кедергі болды. Ақыр соңында, қуғын-сүргінге ұшыраған шығысафрикалық азиаттар Адам құқықтары бойынша Еуропалық сотпен ақталды. Алайда, Адам құқықтары бойынша Еуропалық Конвенцияның ұлттық (ішкі) соттарда күші жоқ болатын. Жазылған Конституциясыз және құқықтар туралы заңнамасыз, Британ демократиясы жаңағы азаматтардың құқықтарын мүлдем қорғай алмады. Сонда да, консервативтік партия құқықтар туралы заң “Парламенттік суверинитет” доктринасын жоқ қылады деп шырылдады. [62, 703 б.] Дегенмен, Лейбористер лидері Джон Смит Британ Құқықтар туралы Биллін жақтап, “біз демократияны қайтаруымыз қажет, біздің елде демократия емес, біздің елде элективті диктатура”,-деді. [62, 704 б.] Бірақ, Парламенттік егемендіктің басымдығы мен заң үстемдігінің әлсіздігі – адам құқықтарын қорғауды дамытудағы мемлекеттік саясатқа тигізер салдары орасан зор. [202]

Фундаменталды құқық көптеген жолдармен табиғи құқықтан, позитивизмнен, халықаралық құқық немесе адам құқықтары туралы құқықтан айтарлықтай өзгешеленді. Оны адам жасаған және ол қандай да бір егеменді ұйымға тәуелді емес; оның қағидаттары халықаралық аренада мойындалғанмен, ол танылу үшін мемлекеттердің келісіміне тәуелді емес. Бұл мемлекеттердің игілігі үшін емес, жеке адамның, тұлғаның, жалпы адамзаттың игілігі үшін әрекет етеді.

Бұл фундаменталды құқықтар – ағылшындар қолданған заңдар жинағы – адамдарды өмір бойы тікелей немесе жанама қорғады, олардың әрқайсысы фундаменталды шынайы құқық не фундаменталды шынайы бостандықты білдірді. Бұл құқықтар мен бостандықтар әділдік пен әділеттілік

концепциясымен біте қайнасқан болатын. Және де бұл әділеттілік жеке адамға тән болып, сонымен қатар, ол қоғамдағы адамның өмірін бейбіт және лайықты түрде сүруінің негізі болып табылды. [53, 202 б.]

Адам құқықтары туралы құқық бойынша берілетін құқықтар соттармен түсіндірілуге жатқандықтан, мұндай түсіндірме барысында соттар мемлекет мүддесін ескеру үшін, қолданылатын сөздердің дәлме-дәл мағынасынанан үнемі ауытқитындығы анық. [53, 147-148 б.] Ал, британ құқықтық жүйесінде фундаменталды құқық сот билігі тарапынан танылмайды. Негізінде, Фундаменталды құқық адам құқықтарының ең жоғарғы нысаны болып табылды және бұл саяси доктриналардың кез келген түрінен басым. Фундаменталды құқықты жекелеген заң жинағы деп танымаудың жалғыз заңды себебі - ол, Ұлыбританиядағы Парламенттік егемендік доктринасы. Бұл доктринаның құқықтық негізі жоқ екені анық, ол табиғатында таза саяси сипатқа ие. Оның күші билікті кез-келген уақытта үкіметтің қолында сақтау болып табылады. Үкімет қате пікірде, мұндай билікті абсолютті деп санайды.Ұлыбритания азаматтарының басым көпшілігі бірдей шынайы құқық немесе еркіндікті иеленбейтіндігін толық білмейді деп санайды Британдық фундаменталды құқық жақтаушылары. Фундаменталды құқықты мойындамау – жеке тұлғаға тиесілі шынайы құқық немесе бостандықтың болмауына ықпал етеді. [53, 202-208 б.]

Адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін негізгі заңнамалардың қатарына төмендегілер жатады:

– Хабеас Корпус Акті:1679 жылы Парламентпен қабылданған, қылмысқа айыптыны сотқа заңды түрде ғана тарту және тұтқындау ережелерін бекітті.

– 1911 ж. және 1989 ж. Ресми құпиялар туралы Акт:қорғаныс пен ұлттық қауіпсіздікке қатысты тыйым салынған жерлерге қозғалыс еркіндігін шектеді; белгілі ұлттық мүдделерге нұқсан келтіретін ақпарат беру тұрғысында сөз бостандығын шектеді.

– 1959 ж. және 1964 ж. дөрекі жазылған жарияланымдар туралы Акт: әдепсіз, дөрекі мақалалар жарияланымдарына тыйым салу арқылы сөз бостандығын шектеді.

– 1974-89 жж. Терроризмнің алдын алу туралы Акт (қазіргі 2000 және 2006 жылғы Терроризм туралы Акт):терроризммен айналысатын ұйымдардың болуына және мүшелігіне тыйым салу жолымен қауымдастық құру бостандығын шектеді; Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияға кіруге кедергі келтіретін тыйым салу туралы бұйрықтарды қолдануға рұқсат беру жолымен жүріп-тұру еркіндігін шектеді.

– 1976 ж. Нәсілдік қарым-қатынастар туралы Акт: жұмыспен қамтуда, білім беруде және тауарлар мен қызметтерді ұсынуда нәсілдік кемсітушілікке тыйым салынды.

– 1994 ж. Қылмыстық сот әділдігі және қоғамдық тәртіп туралы акт:қылмыстық іс бойынша үнсіздікке абсолютті құқықты алып тастады; құқық бұзушыларды ұстау және қоғамдық тәртіпті бақылау үшін полицияға қосымша

өкілеттіктер берілді.

– 1998 ж. Адам құқықтары туралы Акт: Адам құқықтары туралы Еуропа конвенциясына заңды күш беру арқылы жеке тұлғаның мемлекетке қарсы құқықтарын кеңейтті. [184, 54 б.]

2000 ж. Ақпарат бостандығы туралы Заң және 1998 ж. Ақпаратты қорғау туралы заң:мемлекеттік органдардың ақпаратына қол жеткізу және жеке сипаттағы ақпаратты пайдалануды бақылау құқығы берілді.

Соңғы 65 жыл бойы Британ халқы өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауды Адам құқықтары бойынша Еуропа Конвенциясымен, ал соңғы 17 жыл бойы 1998 жылы Адам құқықтары туралы Актісімен (заңымен) жүзеге асырып келеді. Коалициялық үкімет Құқықтар Биллі туралы Комиссия алдына қазіргі таңда не болашақта арнайы Британ құқықтарын құрайтын заңнама қажет пе деген мәселе қойды. Комиссия өз жауабын "A UK Bill of Rights? The Choice Before Us" [203] деп аталатын ауқымды жазбаша баяндама ретінде берді.

Ұлыбританияда адам құқықтарын, адам құқықтары туралы заңнамаларды көбінесе, елеп-ескермейді, оның орнына олар "бұл біздің елде орын алуы мүмкін емес", "біз Парламент мүшелеріне сенеміз" дегенді жиі айтады. Құқықтанушылардың айтуынша, біз кез-келген уақытта нақты басшылардың идеологиясына тәуелді болмауымыз қажет. [53, 208 б.]

"1998 жылғы адам құқықтары туралы заң да, адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы да кез-келген адамға, лайықты түрде, шынайы құқықтар бере алмады", - деп санайды негізгі (фундаменталды) құқықтарды түбегейлі қарастырған Малкольм Дэвид Синклер. Ұлыбританияның адам құқықтары туралы құқығында берілетін құқықтар негізінде шынайы құқықтармен емес, оған қарағанда өкілеттік не артықшылықпен пара-пар, себебі оның мәні – ол ұзақ өмір сүруі үшін іс жүзінде үкіметтің, теория жүзінде парламенттің рақымшылдығына тәуелділігінде. Сондықтан да көп заңгер ғалымдардың пікірінше, қазіргі таңдағы Ұлыбританиядағы адам құқықтары туралы құқық артықшылық не биліктен артық ұғымды білдірмейді. Ол әр елдің негізгі заңының, негізгі құқық нормаларының дамуына кедергі келтірді және оны ресми танудан бас тартты. Конвенция жобасын жасаған уақытта, әр мемлекет көбірек өз басқарушылығының маңыздылығына көңіл бөліп, өз мүддесін қорғамақ мақсатта болды, яғни, Конвенцияда көзделген "негізгі құқықтар" мен "негізгі бостандықтар" мемлекеттің емес, адамзаттың мүдделеріне бағытталғанын естен шығарды. Көптеген баптарда қамтылған ескертулер мен шарттар – мұның айқын дәлелі. Бұл құқықтар мен бостандықтар мемлекетке пайда әкелгенімен, адам мен азаматқа пайдасы жоқ болып саналды. [53, 131 б.] Бұған қоса, сыни көзқарасты заңгерлердің пікірінше, қазіргі күні де адам құқықтары туралы құқық әрдайым басшылар мен билеушілердің және абсолютті билікке ұмтылатындардың қыңырлығына ұшырайды. [53, 147-148 б.] Алайда, Soering v United Kingdom (1989) 11 EHRR 439 кейсында Конвенцияның негізгі әрі басты мақсаты – жеке тұлғаның құқықтарын қорғау екендігі баяндалды. [184, 395 б.]

Негізінен, 1972 жылы Ұлыбритания Еуропа қоғамдыстығына мүше болып қосылып, біртіндеп Еуропа Конвенциясын толық танып, оны ұлттық құқықта

қолданды, кейіннен 1998 жылғы Адам құқықтары туралы заңның қабылдануы – сол Еуропаның Ұлыбританияға ықпалы мен бағыт-бағдарынан туындаған нормативтік құқықтық акт болып тұжырымдалды. [184, 48 б.]

Ұлыбритания азаматтық және саяси құқықтарды қорғау үшін 1998 жылы Адам құқықтары туралы Акт (Human Rights Act) қабылдап, ол 2000 жылдың қазанынан бастап күшіне енді. [204] Сол жылдары Ішкі істер Министрі болып тұрған Jack Straw аталмыш заңнаманың қабылдануын "бұл елдің үш ғасырда тұңғыш жарық көрген Құқықтар Биллі" ретінде сипаттады. Ол құқықтар туралы заң жобасына байланысты түрлі пікірталастардың негізінде пайда болды. Американдық журналист Франк І Кобб "Құқықтар Биллі әрбір бабында мемлекеттің бекітілген билігіне өзінің жұдырығын сермейтін іспетті" көрінеді дейді. [62, 705 б.]

Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы "ұлттық соттар ұлттық құқықтық жүйеге қарай қызмет ету керек" деп болжайды. Адам құқықтары бойынша профессор Роберт Уинтермут "егер мемлекет ұлттық заңын Конвенцияның дәлме-дәл сөздерімен инкорпорацияласа, онда ол Еуропалық мәтін емес, ұлттық мәтінге айналады",- деп өз пікірін білдірді. Адам құқықтары бойынша Еуропалық сот та "Еуропа Конвенциясына мүше елдердің ешқайсысына бұл Конвенцияны ұлттың заңнамасына енгізуі керек деген міндеттеме жоқ" деп, өз ойын анық жеткізді. [62, 711 б.]

Адам құқықтары бойынша халықаралық құқық нормалары бұзылса, Еуропа Конвенциясының баптарымен жазаланады, ал Конвенция нормаларын орындамаған жағдайлар "Адам құқықтары туралы" заңымен реттеледі. [188, 212 б.]

Қоғамдық моралді бұзу мақсатында Құдайға тіл тигізу, бүліншілік пен қастандыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар мен жала жабу негізінде кемсітушілікке ұшыраған сөз бостандығын шектеу – ағылшын құқығындағы кодификацияланбаған адам құқықтары мен бостандықтарының тізіміне кіреді. Сондай-ақ, бұл тізімге бейбітшіліктің бұзылуын болдырмау үшін адам, жиналыс және қозғалыс бостандығына кедергі жасау үшін полицияның өкілеттігі жатады. Бұларды адам құқықтары саласындағы көпшілік мойындаған, жазылмаған заң деп те атауға болады. [184, 56 б.]

Жалпы, құқықтар туралы заң жобаларын төрт топқа бөлуге болады. Біріншісі, әмбебап құжаттар, мысалы, 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы; оның мемлекеттерді және жеке адамдарды міндеттейтін күші жоқ. Екіншісі, қатысушы мемлекеттерді міндеттейтін, бірақ оның белгілі бір елдің жергілікті ұлттық заңнамасына енбізбейінше күші жоқ болып саналатын келісім-шарттар. Мысалы, адам құқықтары бойынша Еуропа Конвенциясы. Үшіншісі, адам құқықтарын анықтайтын және сол құқықтармен басқа заңнамалардың сәйкестігін қарастыру үшін соттарға билік беретін заңдар. Және де төртінші топ – өзімен сәйкес келмейтін заңнамаларды жоюға соттарға билік беретін конституциялық құқықтар Билльдері. Мысалы, АҚШ, Индия, Оңтүстік Африка, Канада сынды бірқатар елдердің осындай билльдері бар. [181, 393 б.]

Адам құқықтары тұжырымдамасы БҰҰ Хартиясынан бұрын қолданыста

болған, Ұлттар Лигасының пактісінде қарастырылмады.[59, 63 б.]

Британ құқығындағы “адам құқықтары туралы” заң жобасының ең басты қызметі – заң шығарушы және атқарушы биліктің тираниясынан азшылық құқықтарды қорғау болып табылады. [181, 392 б.] Ол азаматтық бостандықтарды мейлінше жақсы қорғауға құнды үлес қосатынына деген сенімге негізделген. [205]

Жалпы, құқықтардың заңды танылуы екі аяда: біріншісі, белгілі бір мемлекет аумағындағы ұлттық заңдар арқылы болса, екіншісі, халықаралық құқық арқылы жүзеге асады. Халықаралық құқық – халықаралық келісім-шарттар, яғни халықаралық адам құқықтары туралы Конвенцияларды ратификациялау және халықаралық әдет-ғұрып заңдары, яғни мемлекет тәжірибесі және opinio juris (заңды пікір) арқылы пайда болады.

Адам құқықтарының практигі, профессор Филипп Олстон өзінің “Conjuring up New Human Rights: A proposal for Quality Control” мақаласында“жаңа құқықтардың таралуы – қолданыстағы құқықтардың қамту аймағын едәуір кеңейтіп, байытқаннан гөрі, адам құқықтарының елеулі түрде құнсыздануына үлес қосары әбден мүмкін” деген еді. Нәтижесінде, адам құқықтары шын мәнінде адам төзбейтін нәрселерге қарсы жұмылдыру күші ретіндегі өзінің басты негіздемесін, басты бағыт-бағдарын жоғалтты. [206]

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Кеңесі(бұрынғы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы) жаңа адам құқықтарын жариялауды БҰҰ Бас Ассамблеясына сілтеме жасамай, яғни жүгінбей іске асырады.Осыған орай, профессор Олстон БҰҰ Хатшылығы мен мемлекеттер тарапынан оларды ресми қарағанға дейін және тіпті, БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткенге дейін жаңа құқықтарды “мұқият қарастыру” тәртібін ұсынды.Мысалы, таза қоршаған ортаға құқық, бейбіт өмір сүруге құқық және даму құқығы сияқты жаңа құқықтар мұқият қарастырылып, жеткілікті қолдауға ие болып, қажет деп табылды. Ал, ойнау құқығы, су құқығы, спортпен шұғылдану құқығы және халықтың қатысу құқығы сияқты жаңарақ, соңғы жылдарда пайда болған құқықтар жеткілікті қолдауға ие болмай, бас тартылуда. Қазіргі уақытта, біз БҰҰ мен мемлекеттердің адам құқықтарын қорғау механизмдері қабылдаған жаңа құқықтардың пайда болуына сақтықпен қарайтынын байқай аламыз. Қосымша құқықтар адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенцияның қосымша хаттамаларымен беріледі.[185, 43б.] Конвенция тек негізгі құқықтардың каталогын қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар, шағымдарды қарастыру механизмін бекітетін процедуралық ережелерді де қамтамасыз етеді. [186, 82 б.]

Адам құқықтарына байланысты жаңа заңнамаларды қабылдаған уақытта:

– ұсынылатын нормалардың мәні мен мазмұнына;

– оны халықаралық құқықтың бөлігі ретінде қарастырудағы негізіне;

– оның қолданыстағы адам құқықтары нормалары жиынтығына қатынасына;

– оның қолданыстағы не ұсынылған мемлекеттік тәжірибені көрсететін деңгейіне баса назар аударған жөн. [191, 477 б.]

Адам құқықтары мен бостандықтарының тұрақты дамуы тек ұлттық

қоғамның дамуымен ғана емес, сондай-ақ халықаралық қоғамдастықпен де тығыз байланысты. [59, 61 б.] Заң шығарушы органның халықаралық құқық нормаларын ұлттық заңнамаларға Парламент актілері арқылы өзгерту үдерісін "трансформация" деп атаймыз. Ал "инкорпорация" термині халықаралық құқық нормалары ішкі құқықтық тәртіпке Парламент актісінен гөрі халықаралық құқық нормасы ретінде жататындығын білдіреді. Соттар, кейде, халықаралық әдет құқығының нормалары мәртебесіне инкорпористтік тәсілдеме қолданған. [207]

1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын қабылдады. Оған азаматтық және саяси құқықтар, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар кіреді. [208] Ол "орнықты халықаралық негізде" жете зерттеліп, дайындалған болатын; БҰҰ-ның барлық мүше-мемлекеттері адам құқықтарының қорғалуын ішкі құқықтық жүйеде арттыру үшін осы Декларацияға сілтеме жасаулары тиіс. Алайда, көптеген мемлекеттер Декларацияны міндетті емес құжат ретінде қарастырды. Ол екі жағынан сынға ұшырады. Біріншіден, ондағы құқықтар өте индивидуалды болды және шын мәнінде, олар бүкіләлемдік емес, мәдени тұрғыдан "батыстық" болып табылды. Екіншіден, адам құқықтары көп болғандығы соншалықты, олар түсініксіз болып, жүзеге асырылмайтын күйге жетті. [49, 278 б.] Декларация экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға қарағанда, азаматтық және саяси құқықтарға көбірек кеңістік пен серпін берді. Халықаралық құқық маманы, итальяндық заңгер Антонио Кассезе айтқандай, мұнда "халықтардың құқықтары" туралы ештеңе айтылмаған және отыз баптың бесеуі ғана экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға арналған. [193, 358 б.]

БҰҰ тарихында тұңғыш рет Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы нәсіліне, жынысына, тіліне немесе дініне қарамастан, адам құқықтарын айқындайтын және жалпыға ортақ стандарттарды белгілейтін адам құқықтарының жаһандық құрылымын енгізді. [209]

1948 жылы Декларацияны қабылдаған соң, адам құқықтары бойынша Комиссия 1949-1951 жылдар аралығында құқықтарды түсіндірумен айналыса бастады. [210] БҰҰ құқықтарды міндеттейтін екі пактіге бөлуге келісім берді: бірі Декларацияның 3-21 баптарын құрайтын, азаматтық және саяси құқықтарды танитын "Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакті" болса, екіншісі Декларацияның 22-27 баптарын құрайтын, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды танитын "Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакті" болды. [193, 25 б.]

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы аймақтық деңгейдегі адам құқықтарын қорғау құралдарын ынталандырады, олардың әрқайсысы өз ұстанымын қайта бекітті. Мысалы, Адам және халықтар құқықтарының Африкалық хартиясы (1981), Адам құқықтары жөніндегі Араб хартиясы (1994), LAW ASIA Адамның негізгі принциптері туралы мәлімдемесі (1980), Исламдағы адам құқықтары туралы Каир декларациясы (1990) және Адам құқықтары жөніндегі Америка декларациясы (1969).[211]

Адам құқықтары интернационализациясы Біріккен Ұлттар Ұйымы пайда болған кезде Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде басталды. БҰҰ Жарғысы - оның Конституциясы - оны халықаралық аренаға шығару арқылы адам құқықтарын жоғарылатып, оны жалпы және тұжырымдамалық маңыздылыққа ие етіп, бүкіл халықаралық қоғамдастықтың мүддесі мен міндеті ретінде оның ақталуын мойындады. [59, 64 б.] БҰҰ Жарғысы «адам құқықтарының құрылымының» негізі болып саналса да, бұл адам құқықтары туралы құжат болуға арналмаған еді. [193, 19 б.]

Соңғы уақытта, құқықтанушылар арасында БҰҰ Бас Ассамблеясы не БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Кеңесі қабылдаған адам құқықтары жөніндегі заңнамалар халықаралық әдет-ғұрып құқығына айналуда деген қызу талқылаулар жүріп жатыр. [191, 477 б.] Бүгінгі таңда, БҰҰ Жарғысында көзделгендей адам құқықтарын құрметтеу және сақтау міндеттемесі – халықаралық әдет құқығы ретінде қабылданған негізгі нормалар болып табылады. [59, 72 б.]

Жалпы алғанда, адам құқықтары туралы шарттар нақты материалды құқықтарды дамытып, жетілдіреді және оның қатысушысы болып табылатын барлық мемлекеттерді ратификациялау не оған қосылу жолымен міндеттейді. Бұл мемлекеттердің шартта қамтылған заңды құқықтар мен міндеттемелерді қабылдауға нақты дайын екендігін көрсетеді. [193, 27 б.]

2007 жылғы Лиссабон келісіміне негізделген Еуропадағы адам құқықтарының құзыреті екі елеулі нормативтік құқықтық актіге кеңейді: ЕО құқықтық жүйесіне адам құқықтары бойынша Еуропа Конвенциясының инкорпациялануы және негізгі құқықтар бойынша Еуропа Хартиясының толыққанды танылуы.[184, 65 б.]

Англияда тек қана құқық қорғау органының ғана емес, сонымен бірге құқық шығармашылығын атқаратын, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын үш сот бар - Корольдік сот, Жоғарғы сот және Апелляциялық сот. Бұл тек осы соттар ғана жаңа прецеденттер құра отырып, құқықты жасай алады дегенді білдіреді. Лордтар палатасы, дәлірек айтқанда оның апелляциялық комитеті және құпия кеңестің сот комитеті заң шығарушы органдар мәртебесіне ие. Осы соттардың шешімдерінде қамтылған Racio decidendi өздері үшін және төменгі соттар үшін міндетті болып табылады, дегенмен бұл жерде ерекше жағдайлар бар. Біріншіден, Лордтар палатасы бұрынғы шешімдерімен байланысты емес. Қарапайым шешім қабылдау принципінен бұл ерекшелік (прецедентті сақтау қағидасы) кездейсоқ қолданылмайды. [212]

Қазіргі уақытта ағылшын прецеденті доктринасы үнемі өзгеріс жағдайында тұр, бірақ үш ерекшелік өзгеріссіз қалады:

1) жоғары соттардың үлгі ретінде алған шешімін құрметтеу;

2) жоғары тұрған соттардың сот шешімдерінің иерархия бойынша төменгілеріне сенімді танылуы;

3) жеке шешім әрқашан төменгі соттар үшін міндетті прецедент ретінде қарастырылады. [213]

Сот прецеденті құқықтың қайнар көзі ретінде келесі ерекшеліктерге ие:

1) нақты істі шешу кезінде шығарылады;

2) құқықтық норманы қамтиды, нәтижесінде төменгі соттар өз шешімдерінде осыған жүгінеді;

3) оның орындалуы кепілдендірілген барлық соттар үшін міндетті болып табылады. [214]

Дәл осы сот прецедентінің белгілері оның маңыздылығын қамтамасыз етеді: көптеген елдер оны өз еркімен ұлттық құқықтың қайнар көзі ретінде қабылдады. Прецеденттің құқықтың қайнар көзі ретіндегі тиімділігі Еуропалық Адам құқықтары сотының оны осылай деп танығанынан да көрінеді. Атап айтқанда, Косси ісіндегі Еуропалық Сот (1990 жылдың 27 қыркүйегі) конвенцияға сәйкес «заңды сенімділікке және іс жүргізу құқығын тұрақты дамытуға» жетуге бағытталған прецеденттің негізін анықтады. [215]

Прецеденттің ағылшын доктринасы қоғамның өзгеріп отырған қажеттіліктеріне бейімделуге икемділікті, тұрақты ұстанымдар жиынтығын сақтау үшін шамадан тыс икемділік пен тым қатаңдық арасында «алтын ортасын» құрайды. Бірақ бұл «икемділіктің» артықшылықтарын тек жоғарғы соттар ғана қолдана алады: Лордтар палатасы және белгілі бір дәрежеде Апелляциялық сот. Барлық басқа соттар үшін прецедент доктринасы сөзсіз қатаң болып табылады. Жай судья жоғары тұрған соттың прецедентін ешқашан қайтара алмайды, тіпті ол оған негізсіз болып көрінсе де. [216]

Сондықтан әлі де ұзақ уақыт бойы Англия заңында жарғылық және прецеденттік ережелер қатар жүреді және прецедент доктринасы маңызды рөл атқарады.

Келесі тарауда Ұлыбританиядағы азаматтық институтының мәртебесі, теориялық және тәжірибелік маңызы, британ азаматтығын қабылдау үдерістері, оның құқықтық негіздері зерттеледі.

3.2 Ұлыбритания заңнамасы бойынша азаматтық институты

Ұлыбритания – бұл ұзақ мерзімді иммиграциялық ел, көбінесе отаршылдық тарихы мен Достастық жүйесі негізінде көпұлтты болып танылған мемлекет. Алайда, ЕО ұлғайып, әсіресе ол шығысқа қарай кеңейгеннен кейін, иммиграцияға қатысты алаңдаушылық туындады. 1992 жылы, Еуропа Одағы құрылған соң, оған мүше барлық мемлекеттер өздерінің азаматтығын сақтай отырып, ЕО азаматтығын қабылдады.

Батыстың либералдық мемлекеттеріндегі азаматтық, феодалдық артықшылықтар сияқты, адамның өмір сүру мүмкіндіктерін арттыратын мұраға қалдырылған мәртебе болып саналады. [47, 185 б.]

Қай елдің азаматтығын алып, қабылдаса, сол елдің өзіндік талаптары мен ерекшеліктері болады. Менің қарастырайын дегенім, британ азаматтығын алу мәселесі, оның артықшылықтары мен кемшіліктері. Осындай дамыған алпауыт елдің азаматтығын қабылдау қаншалықты қиынға соғады? Бұл қазіргі таңдағы құқықтық жүйедегі ең өзекті мәселелердің бірі. Себебі, қазіргі жаһандану жағдайында, бүкіл әлемде көші – қон процесі өз айналымын алуда. Сондықтан, азаматтық алу, қабылдау, қос азаматтық сынды мәселелер әрбір құқықтық жүйеде өзектілігімен көзге түсуде. Жалпы, британ азаматтығын қабылдаудың қыр-сырын, басымдықтары мен проблемалық жақтарын ашуға тырысамын.

Ұлыбританияда, британдықтар мен басқа да ұлттар (әсіресе, шотландтықтар) арасындағы шиеленіс, Еуропалық Одақпен байланысты дамулар мен Еуропалық азаматтықты қабылдау, иммигранттардың сіңісуі (әсіресе аз бөлігі мұсылмандар), халықтың әл-ауқатының төмендеуі және азаматтардың әлеуметтік құқықтарының күйзелісі [217] – бұның бәрі британ ұлты мен азаматтығына байланысты қызу пікір-таласқа ықпал еткен жағдайлар.

Ұлыбританиядағы азаматтық қатынастарды құқықтық реттеу Қазақстан Республикасындағы азаматтықты құқықтық реттеуден біршама ерекшеленеді, бұл елдегі құқықтық жүйеде прецеденттік тәжірибенің болуымен түсіндіріледі. Ұлыбритания аумағында азаматтықты арнайы реттеудің қалыптасуына ерекше ықпал еткен – ол елдің отаршылдық сипатта тарихи қалыптасуы.

Ұлыбритания, мемлекеттің азаматтық концепциясының мазмұнын қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысуда, қажет уақытта жауапкершілікпен билікті өз қолына алса, ал басқа жағдайда тізгінді кәсіпқой мамандар мен мигранттарға беріп, жалпы алғанда, бірқалыпты позиция ұстанады. Бұл басқарудың ырықты (либералды) көзқарасы азаматтық қоғамның өзекті мәселесі ретінде азаматтықты тұжырымдауды білдіреді. [218]

Британ азаматтық институты британ азаматтарының, шетелдегі британ азаматтарының, британдық шетел азаматтарының, британдық қорғалған жеке тұлғалар мен британдықтардың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді. [219]

Батыс елдердің азаматтығын иелену трансұлттық мобилділікті қосқанда, бірқатар мүмкіндіктердің есігін айқара ашады. Батыс елдерінің азаматтығын қабылдау ұлғайған көлденең мобильділік арқылы әлеуметтік капиталды арттыру құралы ретінде әрекет ете алады. Төлқұжат – саяхат серігі және жаһандық мобилділік кепілі ретінде сипатталуы мүмкін. Батыс мемлекетінің төлқұжатын иелену – айтарлықтай адамның өмірлік мүмкіндіктерін жақсартатын, атадан балаға берілген, яғни мұраға қалдырылған мәртебенің символы, әсіресе Ұлыбритания мигранттарының жағдайын алар болсақ, оларға бірқатар елдерге көшіп-қону мүмкіндігі ашылады.

Азаматтық жаһандық бизнесті іске асыруды жеңілдетіп, орасан зор мүмкіндіктер беретіндіктен, бірнеше мемлекеттердің төлқұжатын иелену – еркін жүріп тұруға жол ашады. [220] Британ паспортына ие бола отырып, кез келген адам сол елде өмір сүруге және жұмыс істеуге, әлеуметтік және салықтық жеңілдіктерге, Ұлыбританиядағы сайлау процесіне қатысуға құқылы. Сондай-ақ, Еуропалық Одаққа кіретін барлық елдерде еш шектеусіз өмір сүріп, жұмыс істеуге құқылы және де әлемнің көптеген елдеріне, оның ішінде дамыған алпауыт АҚШ, Жаңа Зеландия, Канада, Австралия сынды елдерге визасыз бара алады. [221]

Еуропа азаматтығын қабылдау үдерісі бір елдің мүшесі болуды ғана емес, бұл субъект ұстанымының мінез-құлқын басқаратын қатынастарды қамтиды.

Теориялық тұрғыда, азаматтық берілген кезде емес, ол еңбекпен алынған уақытта бағалырақ болып табылады. Қатаң көші-қон саясатына сәйкес, Британ үкіметі ағылшын азаматтығын алуды «құқық емес, артықшылық» ретінде анықтап, британ мәдениеті туралы білім мен озық тілдік дағдыларды дамытуға

шақырады.

1981 жылғы “Азаматтық туралы” заңында Ұлыбританиядағы аумақтық тиістілікке байланысты азаматтықтың келесідей алты санаты анықталған:

– Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің азаматтары;
– теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарының азаматтары;
– шетелдегі британ азаматтары;
– Ұлыбритания елінің құзырындағы азаматтар (подданные);
– теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарындағы британ азаматтары;
– Британ протекциясындағы азаматтар, яғни қорғалған адамдар.

Ұлыбритания тұрғындарының көпшілігі Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің азаматтары болып табылады. Ұлыбритания азаматтарының осы санаты елге еркін кіріп-шығуға, сондай-ақ бірқатар басқа да құқықтар мен бостандықтарға ие.

Теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарының азаматтары. Теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарының азаматтығы Ұлыбритания аумағына еркін кіру құқығын қарастырмайды, бірақ Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің азаматтығын алуда жеңілдетілген процедураны (тіркеу тәртібімен) қамтамасыз етеді. Ұлыбританиядағы ерекше мәртебеге Ирландия Республикасының азаматтары және Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары ие. 1992 жылғы Маастрихт шартымен құрылған ЕО азаматтығы ЕО-ға мүше мемлекеттердің азаматтарына Ұлыбритания аумағына еркін кіру-шығу құқығын көздейді. Азаматтықты тоқтату бас тартқан немесе одан айырған жағдайда мүмкін болады, ол Ішкі істер жөніндегі Мемлекеттік хатшының шешімімен ресімделеді.

Кімде-кім 31 желтоқсан 1982 жылға дейін Біріккен Корольдік және оның отар елдерінің азаматы болса және теңіздің арғы жағындағы Британ аумағымен байланысы болса, яғни ата-анасы не ата-әжесі сол аумақта дүниеге келсе, онда ол1 қаңтар 1983 жылы теңіздің арғы жағындағы Британ аумағының азаматы болып табылады.

Кімде-кім теңіздің арғы жағындағы Британ аумағында дүниеге келсе және ол туылған сәтте оның ата-анасы теңіздің арғы жағындағы Британ аумағының азаматы болса немесе сол аумаққа заңды түрде қоныстанса, онда ол теңіздің арғы жағындағы Британ аумағының азаматы болып табылады.

Теңіздің арғы жағындағы Британ аумағының азаматтары, шетелдегі британ азаматтары, Ұлыбританияның құзырындағы азаматтар, Британ протекциясындағы азаматтар, теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарындағы британ азаматтары британдық паспортқа ие бола отырып, Ұлыбританияның дипломатиялық лауазымдары тарапынан қорғау мен консулдық көмек алуға құқылы. Дегенмен, ЕуроОдақ бұл азаматтарды Ұлыбританияның азаматтары ретінде қарастырмайды және олардың Ұлыбританияда өмір сүріп, жұмыс істеуге автоматты түрде құқығы жоқ.

Шетелдегі британ азаматтары**.**1982 жылдың 31 желтоқсанында

Ұлыбритания және оның отар елдерінің азаматы болса және 1983 жылдың 1 қаңтарында Ұлыбританияның да азаматы, теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарының да азаматы болмаса, онда ол 1983 жылдың 1 қаңтарында шетелдегі британ азаматы болып саналады.

Гонконгпен байланысы болғанғандықтан, теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарының азаматы болып саналған адамдар 1997 жылдың 30 маусымында өз азаматтықтарынан айырылды, себебі ол кезде Қытайға егемендік қайтарылған еді. Алайда, екі жағдайда тұлғаның: біріншісі, егер адам бірде-бір ұлтқа тиесілі болмаса және азаматтығы жоқ тұлға болса; екіншіден, егер адам 1997 жылдың 1 шілдесінде не одан кейін азаматтығы жоқ болып туылса және егер ата-анасының біреуі ол туылған сәтте Ұлыбританияның шетел азаматы немесе теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарындағы британ азаматы болса Ұлыбрианияның шетел азаматы ретінде мәртебесі сақталады.

Азаматтығы жоқ адамдар екі жағдайда теңіздің арғы жағындағы Британ аумақтарының азаматы ретінде тіркеле алады:

– Ұлыбританияда не теңіздің арғы жағындағы Британ аумағында дүниеге келсе;

– Ата-анасының бірі шетелдегі британ азаматы болып табылса.

1949 жылға дейін Ұлыбританиямен тығыз байланысы бар кез-келген адам оның құзырындағы азамат (британские подданные) болып есептелінді. Ал, 1983 жылдың қаңтарына дейін Достастық елдері азаматтарының барлығы Ұлыбританияның құзырындағы азамат болып саналды. Біріншіден, азаматтығы жоқ Британ елінің құзырындағы азамат болған жағдайда, бұл дегеніміз Ұлыбритания және оның отар елдерінің, Достастық елдерінің, Пакистан немесе Ирландия Республикасының азаматы болмаған, 1948 жылы 31 желтоқсанда Ұлыбританияның құзырындағы адам болғанын білдіреді. Екіншіден, 1948 жылдың 31 желтоқсанында Ирландия Республикасының азаматы болған және Британ елінің құзырындағы адам болып қалуға өтініш білдірген азаматтар 1983 жылдан бастап, Британ елінің құзырындағы азаматтар болып қарастырылды. [193, 5 б.]

Ұлыбритания елінің құзырындағы азаматтар өз мәртебесін балаларына, егер олар 1983 жылдың 1 қаңтарында не одан кейін туылса, бере алмайды. Бірақ, 1983 жылдың 1 қаңтарында не одан кейін Ұлыбританияда немесе теңіздің арғы жағындағы Британ аумағында туылған бала төмендегілер қатысты болған жағдайда:

– Ата-анасының бірі Ұлыбритания елінің құзырындағы азамат болса;

– Ата-анасының екеуі де Ұлыбританияның, теңіздің арғы жағындағы Британ аумағының азаматы не шетелдегі Британ азаматтары болып табылмаса;

– Олар Ұлыбритания елінің құзырындағы азамат мәртебесінсіз азаматтығы жоқ адам болып табылса, Ұлыбритания елінің құзырындағы азамат болып саналады.

1983 жылдың 1 қаңтарынан бастап, басқа мемлекеттің кез-келген азаматы Ұлыбританияның құзырындағы азамат бола алмайды. Бұл ереже Ирландия Республикасының азаматтарына қатысты емес.

1983 жылдың 1 қаңтарында:

– Бруней азаматы болса;

– Ұлыбритания елінің бұл уақыттан әлдеқайда ертеректе қорғауында болса;

– Туылған сәтте ата-анасының бірі Британ протекциясындағы азамат болғандықтан, Ұлыбританияда не теңіздің арғы жағындағы Британ аумағында азаматтығы жоқ адам болып туылса, Британ протекциясындағы азамат болып саналады.

Британ протекциясындағы азаматтар:

– Басқа мемлекеттің азаматтығын қабылдаса;

– Тұлға тығыз байланысқан мемлекет тәуелсіздігін алып, және сол адам осы мемлекеттің азаматы болса, өз мәртебесінен аталмыш жағдайларда айырылады.

Егер тұлға Ұлыбританияда не теңіздің арғы жағындағы Британ аумағында туылған азаматтығы жоқ адам болса, және ата-анасының бірі ол туылған сәтте Британ протекциясындағы азамат болса, онда ол Британ протекциясындағы азамат бола алады.

Азаматтықты реттеуге бағытталған бірқатар арнайы заңдардың қабылдануына дейін, 1914 жылдан бастап, елде ұзақ уақыт бойы Жалпы құқықтың шын бағынушылық қағидасы әрекет етті. (Common Law doctrine of allegiance)

Ұлыбританияда 1981 жылғы Британ азаматтығы туралы заңынан кейін, азаматтыққа қатысты саясат, салыстырмалы түрде байыпты, тыныш кезеңде жүргізіліп жатты. Дегенмен, “мультикультурализм сәтсіздікке ұшырады”, “қауымдар параллель өмірлер сүріп жатыр” деген сияқты дәйектер салдарынан, соңғы уақытта бірнеше өзгерістер орын алды. Мысалы, 2002 жылғы “Азаматтық, иммиграция және баспана беру туралы” заңы британ азаматтығына үміткерлерден ағылшын тілі, тарихы, құқығы, мәдениеті мен салт-дәстүрінен сынақтан өтуі талап етіліп, содан кейін азаматтық алу рәсімдері жүргізіліп, корольдік билік алдында адалдық антын беретін болды. Шекаралар, азаматтық және иммиграция туралы заңында, 2009 жылы тестілеу концепциясы енгізілді; британ азаматтығын алуға өтініш білдіргендердің көптігіне байланысты, олардың бойында белсенді азаматтық ұстанымның болуын талап ету ұсынылды. [222]

Еуропа азаматтары британ азаматтығын алу үшін 6 жыл үздіксіз мерзімде Ұлыбританияда өмір сүріп, жұмыс істегенін, соңғы 5 жыл ішінде Ұлыбританиядан тыс жерде 450 күннен астам, соңғы 12 айда 90 күннен астам уақыт өткізбегенін дәлелдеуі тиіс.

Біріншіден, бұл жалған неке мәселесі, ол әлі күнге дейін әмбебап тиімді шешімі жоқ және жалғандық фактісін дәлелдеуде айтарлықтай қиындықтарды тудырады. Қазіргі уақытта жалған неке қию кіру елінде заңдастырудың негізгі және қарапайым тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекет қабылдаушы мемлекеттің азаматымен некеде, заңда қарастырылған жағдайларда, кейбір әлеуметтік жәрдемақылар алуға мүмкіндік береді. Бүгінгі

таңда ең қарапайым тәсілдердің бірі - қабылдаушы мемлекеттің азаматтығын алу, тұру және азаматтығын алудың жеңілдетілген рәсімін қолданудың неке қиюға, оның ішінде қабылдаушы мемлекеттен тысқары жерлерге тәуелділігін анықтау. Әдетте, некенің белгілі бір ұзақтығының талабынан басқа, отбасы мүшелерін материалдық қамтамасыз ету және тұрғын үйдің болуы туралы талап қойылады.

Жалған некелердің алдын-алуға қатысты Ұлыбританияның көші-қон заңнамасы қазақстандық заңдарға қарағанда анағұрлым дамыған. Сонымен, 2015 жылдың наурызында талап қойылды, оған сәйкес неке қию туралы өтініш беру мен некенің ұзақтығы 28 күнді құрайды (бұрын бұл мерзім екі есе аз - 16 күн), ал ішкі істер органдары өтінішті қарау мерзімін ұзарта алады себептер болған жағдайда 70 күнге дейін. Жұбайы (серіктесі) ретінде виза алу үшін, әдетте, өтініш беруші келесі талаптардың бірін қанағаттандыруы керек:

Ұлыбританияда танылған азаматтық серіктестік немесе неке мәртебесі;

өтініш берген кезде екі жылдан кем емес қарым-қатынаста болу;

Келін, күйеу немесе болашақ серіктес ретінде виза алу кезінде сіз Ұлыбританияға келгеннен кейін 6 ай ішінде неке немесе азаматтық серіктестікке кіруіңіз керек (сонымен бірге барлық бұрынғы неке немесе азаматтық серіктестік аяқталғанын дәлелдеуіңіз керек).

Бұл жағдайда өтініш беруші өзінің ағылшын тілін білетіндігін және өзін және асырауындағыларды қаржылық қамтамасыз ете алатындығын дәлелдеуі керек. [223]

Заңға сәйкес, шетелдік азаматтың қатысуымен өтетін неке Ұлыбританияның иммиграциялық заңнамасының немесе иммиграциялық ережелердің әсерін болдырмау үшін немесе, керісінше, тиісті заңмен берілген құқықтарды алу үшін, егер тараптар арасында нақты қарым-қатынас болмаса немесе бір немесе екі тарап некеге тұрған болса, жалған болып саналады.

2013 жылдың қазанынан бастап, британ азаматтығын алу талаптары, іріктеу критерийлері қатаңырақ бола бастады. Кейбір анықталмаған критерийлермен бірге («жақсы бедел» және «салауатты рух»), британ азаматтығын алғысы келетін үміткерлер – 18 жастан асқан болуы шарт, ағылшын, валлий (Уэльс), не гаэль (Шотландия) тілінде еркін қарым-қатынас жасай алуы тиіс, "Ұлыбританиядағы өмір" тестінен білімін жоғары нәтижемен дәлелдеулері қажет. Сондай-ақ, әрбір өтінім беруші 1000 фунт көлеміндегі ақы төлейді. [224]

"Independent" газеті: "Балалардың британ азаматтығын қабылдауға өтініш білдіру құны қазіргі таңда Германиямен салыстырғанда 22 есеге қымбат",-деп жарияланған екен. 2010 жылы 386 фунтты құраса, 2017 жылы 973 фунтқа жетіпті. Үш баласы бар отбасына орташа есеппен азаматтықты қабылдау, көші-қон үдерісі 15 мың фунтқа түседі екен. Ал, бұл талаптардың барлығын орындаған өтінім берушілердің наразылығын тудырып, олардың саны күннен күнге өсуде. [225]

«Ұлыбританиядағы өмір» сынағы үкіметтің иммиграциялық бақылау бойынша әрекеттерінің бір бөлігі болып саналады. Бұл сынақты сол кездегі премьер-министр Тони Блэрдің басшылығымен Үкімет енгізген болатын. [226]

Британ азаматтығына қабылдау сынағы мигранттардың қоғамдастықтарындағы интеграция және әлеуметтік үйлесімділік мәселелерін шешуге бағытталған жаңа рәсімдердің бірі ретінде енгізілді. [227]

Ұлт пен азаматтық ұғымы әр мемлекетте әр түрлі нысанда, әр түрлі бағытта қолданылады. Мысалы, англо-саксондық құқықтық жүйеде, "ұлт" термині азаматтық ұғымымен мағыналас болып келеді. "Азаматтық" термині толық құқыққа ие адам мен азамат ұғымын білдіреді. Бұл сөздердің қолданыс аясы Ұлыбританияға тәуелді бодан мемлекеттерге де тараған.

"Ұлт" (nationality) ұғымы – 1981 жылғы азаматтық туралы заңда Британ азаматы мен Ұлыбританияның өзінің, сондай-ақ бұрынғы түгел отар мемлекеттер Достастығы арасындағы анықталған құқықтық қарым-қатынас ретінде азаматтықты сипаттаса, "азаматтық" (citizenship) ұғымы – Британ азаматы мен тікелей Ұлыбританияның және оның тәуелді аумақтарымен құқықтық қатынасты қамтиды.

Ұлыбританияның ұлттық заңнамасы британ азаматтығын алудың осындай әдістерін реттейді:

– Тууы бойынша (Ұлыбританияда туылған бала, ата-анасының біреуі британдық азамат болса немесе елде тұрақты тұрса, британ азаматы болып есептеледі);

– Туған жері бойынша (егер бала елден тыс аумақта дүниеге келсе, және ата-анасының біреуі Ұлыбритания азаматы болса, бала британ азаматы болып саналады);

– Натурализация (азаматтықты қабылдау) бойынша. Кәмелетке толған британ азаматтығына үміткердің 1981 жылғы Азаматтық туралы заңының талаптарына сәйкестігі қатаң тексеріледі. Британ азаматтығын қабылдағысы келген азаматтарға – ағылшын шотланд не валий тілін міндетті түрде жетік білуі, [228] Ұлыбритания аумағында тұрақты тұрғылықты жері болуы, корольдік қызметтен өту және т.б. осы сияқты талаптар қойылуы мүмкін. Британдық азамат басқа мемлекеттің азаматымен некеге тұрса, және соңғысы Ұлыбритания азаматтығын алуға ұмтылатын болса, онда талаптар біршама жеңілдетілуі мүмкін. Ересек адамдар британ азаматтығын алу үшін кемінде Ұлыбританияда бес жыл немесе британ азаматымен некеде үш жыл тұру арқылы өтініш жасай алады. Белгілі бір қоғамның азаматының қалыптасуы – бұл ұлттық топтың табиғи мәнін, болмысын табу үдерісіне меңзейтіндігін байқауға болады. Бұл – натурализацияға тән қасиет. Осылайша, натурализация көбінесе ұлттандыру үдерісінің айқын көрінісі ретінде жүзеге асады. [229]

Тіркелу бойынша (кәмелетке толмаған баланы тіркеген жағдайда, егер ол осындай құқығы болса, бірақ оны әр түрлі себептермен пайдаланбаған болса; басқа мемлекеттің аумағында тұратын, бірақ 1948 жылғы Азаматтық туралы заңға сәйкес, Британияның қорғауында болып табылатын және Британ азаматтығына құқығы бар кәмелетке толған адамды тіркеу; Британиға тиесілі аралдардың және Британияға тәуелді болып табылатын аумақтардың кәмелетке толған азаматын тіркеу). [230]

2004 жылдан бастап, Ұлыбританияда, заңнамалық деңгейде Британ

азаматтығынан айыру және депортациялау рәсімін жүзеге асыру мәселелерін реттеуге әрекет жасала бастады. Сонымен бірге, мемлекеттік органдардың алдында бір мезгілде екі іс-әрекетті де жүзеге асыруды реттеу міндеті тұрды. Осыған байланысты, 2002 жылғы "Азаматтық, иммиграция және баспана беру туралы" заңына түзетулер енгізілді.

Нәтижесінде, тұлға бір мезгілде азаматтығынан айырылып, елден шығарылуы мүмкін болды. Егер тұлға британдық азаматтығынан айырылса және сол уақытта ЕО-ның басқа мүше елінің азаматы болса, онда бұл адам Біріккен Корольдіктің аумағында болу үшін тиісті құқықтық режимге бағынады.

Алайда, жағдайдың басым көпшілігінде мұндай шаралар ЕО-ға мүше мемлекеттер азаматтары болып табылмайтын тұлғаларға қолданылады. Азаматтығынан айырылған азаматтар шетелдіктерге ұсынылатын ел аумағында болу ережелеріне бағынатын үшінші тұлғаға айналады, ал өз кезегінде бұл ережелер түрлі көші-қонды бақылау рәсімдерін қамтиды. Мемлекеттік хатшы тарапынан, жоғарыда аталған үшінші тұлғаларды азаматтығынан айыру туралы бұйрық, ресми түрде олар елден тыс жерде болған кезде де берілген жағдайлар болды.

2005 жылы лаңкестік әрекеттермен байланысты Лондонда болған оқиғалар, қатаңырақ ережелердің пайда болуына және азаматтықтан айыруды жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардың құқықтарын кеңейтуге, ықпал етті. Ұлыбританияның Премьер-Министрі, тиісті адамдарды азаматтығынан айыру және депортациялауды қоса алғанда, елде терроризмге қарсы шаралар жүргізуді жариялады.

Осы оқиғалардан соң, үкімет заңнамаларға түбегейлі өзгерістер енгізіліп, заңнама "британ азаматтығын қабылдаған адамдар ғана емес, тіпті тумысынан британ азаматтары болып табылатын адамдар да заңда көзделген жағдайларда өз азаматтығынан айырылуы мүмкін" деген жолдармен толықтырылды.

Ирландия азаматтарына Ұлыбританияда белсенді сайлау құқығы берілгендіктен, олар ерекше мәртебеге ие болды. 1992 жылғы 7 ақпанда Еуропалық қоғамдастық Маастрихт шартына қол қойып, экономикалық құқықтық қатынастарды дамытумен "қатар, ЕО-ға мүше елдердің азаматтары Біріккен Корольдіктің аумағына еркін кіру құқығын иеленді.

Көпмәдениеттілікті зерттеуші ғалымдардың ішіндегі белді өкілі Кимлика айтқандай, азаматтық ұғымы бір жағынан жеке құқық идеяларын көздесе, екінші жағынан белгілі бір қоғамдастыққа бекумен тығыз байланысты. Сондықтан да, азаматтық концепциясы өз мәртебесін құқықтар мен міндеттер жиынтығы арқылы анықтайды, және жеке басының астарында белгілі саяси қоғамдастықтың мүшелігінде болуын қамтиды. Алайда, мигранттар үшін азаматтық пен ұлттық бірегейлік арасындағы қарым-қатынас күрделі болып табылады, бұл олардың бірнеше мемлекетке тиесілілігі және саяси адалдығы сынды мәселелерге келіп жанасады. [231]

Әлемдік көші-қон, әр түрлі нәсілдік, ұлттық, этникалық, мәдени, лингвистикалық және діни топтарды тану, азаматтық теңдік және құрылымдық интеграциялау – мұның бәрі әлемнің біраз дерлік мемлекеттерінде азаматтық

алуды қиындатты.

Соның ішінде, Біріккен Корольдікте де ұлтшылдық пен әлеуметтік бірлікке бағытталған қозғалыс жаһануға және этникалық, мәдени, лингвистикалық және діни алуан түрліліктің өсуіне байланысты пайда болды. Ұлыбритания сияқты еуропалық мемлекеттерде мұсылман азаматтарының мәдени, қоғамдық және азаматтық өмірде бірігіп, қабысуы қиындау болып келеді. [232] Әлеуметтік қорғалмаған топтарды жаппай денационализациялаусияқты, азаматтықты жоюдың қазіргі салыстырмалы түрдегі тәжірибесі – көбінесе тек мұсылмандарға бағытталған феномен болып келеді. [233]

Соңғы онжылдықта қатарынан «иммигранттық наразылықтардың» жарылысы, заңсыз мигранттарды және активист-мигранттарды саяси мобилизациялау орын алды. Осыған байланысты, азаматтық түсінігіне сыни көзбен қарауымыз қажет. [234]

2016 жылы 23 маусымда британдық референдумда дауыс беру (Брексит) арқылы Еуропалық интеграцияға, оның ішінде еуропалық азаматтыққа күмәншілдік танытылды. Мәдениет, ұлттық сәйкестік және азаматтық мәселелеріндегі плюрализм Брекситтің басты әрі негізгі бағыты болды. [235] Брексит (Brexit) сөзі “Britain exit” тіркесінен туындаған, “Британияның ЕуроОдақтан шығуы” деген мағынаны білдіреді. ЕО құрамында қалуды көздеген халық “еуропалық азаматтық ұлттық азаматтықтан туындайды, ол оны алмастырмайды, керісінше оны толықтырады” деген ұстанымда болды. [236] Брекситте дауыс беру кезінде ЕО-тан шығуға ниет білдірген британдықтар үшін ең алдымен, ЕҚ-ның көші-қон мәселелері бойынша тым жылы шырайлы саясаты салдарынан босқындардың ағылып, қаптауынан қорғану болды.

Бипатридтердің, яғни бірнеше азаматтығы бар адамдардың кең ауқымды көбеюі, негізінен, соңғы жылдары босқындардың Еуропа елдеріне ағынының артуына байланысты. Бұл елдер босқындарға баспана беріп, уақыт өте келе натурализация арқылы азаматтығын алуға мүмкіндік береді. Осындай адамдардан бұрынғы азаматтығынан бас тарту талап етілмеуіне байланысты, қос азаматтығы бар адамдар саны ұлғаюда. Мұндай жағдайларда, бипатрид мәртебесін алу босқындардың негізгі мақсаты болып табылмайды. Бір мезгілде, тәжірибе көрсеткендей, қазіргі таңда қоғамның салмақты бөлігі саналы түрде қос азаматтыққа ұмтылады. Бұл әлеуметтік мәртебе осындай адамдарға екі немесе одан да көп мемлекеттерге тиесілі болу мүмкіндігін береді, яғни әртүрлі елде әртүрлі құқықтар, бостандықтар мен жеңілдіктер беретіндігімен тиімді.

Сарапшылардың пікірінше, қос азаматтық «де-юре» (және тек «де-юре») жеке тұлға мен мемлекет үшін маңызды артықшылықтарға ие, өйткені:

- Мемлекет қос азаматтықты тану туралы келісімдерге қай елдермен қол жеткізуге болатындығын, тіпті қай елдермен тиімді екендігін мемлекет өзі шешеді;
- Тиісті халықаралық шарттың қатысушылары қос азаматтықтың теріс салдарларын масималды түрде бейтараптандыруға мүмкіндік алады;
- Екінші азаматтығы бар мемлекеттің аумағында тұратын бипатрид-азаматтар арқылы осы елдер арасында достық байланыстар нығаяды;

– Бипатрид болған тұлғалардың құқықтар ауқымы – айтарлықтай де-юре өсуде (мемлекеттер арасындағы қозғалыс еркіндігі, үшінші елдер аумағында азаматтығын қабылдаған екі елдің дипломатиялық қорғалу мүмкіндігі, азаматтығы бар екі мемлекетте де жылжымайтын мүлікті сатып алу мүмкіндігі) және адам мен азаматтың құқықтары қазіргі заманғы мемлекеттер үшін ең жоғары құндылық болып табылады. [237]

Ұсынылған мәлімдемемен келіспеуге себеп көп. Тәжірибе көрсеткендей, бипатридтер өздері тұрғылықты тұрып жатқан мемлекетті бағаламайды. Жиі жағдайларда олар кәнігі жемқор болып табылады, өйткені, оларда әрдайым қашып, құтылудың «қосалқы нұсқасы» бар. Олар тұратын елде бипатридтер арасында патриот азаматты табу күрделі және қиын сәтте оларға сенім арту мүмкін емес.

Бірнеше азаматтықтың болуы ғалымдар тарапынан негатив пен сынға ұшырайды, бұл жағымсыз құбылыс болып табылады және көптеген елдердің халықаралық ұйымдары мен мемлекеттік органдары деңгейінде кеңінен талқылануда. Құқықтық, экономикалық және әлеуметтік даму тұрғысынан мемлекеттер арасында өзара қайшылықтар мен келіспеушіліктер болса, қос азаматтық азаматтың мемлекетке жеке басының тиесілілігі принципін бұзатындығы фактісін ескеруіміз керек. Елдер арасында елеулі қақтығыстар болған жағдайда, мемлекеттердің бірінің сенімсіздігі түрінде білдірілетін негативті жағдайлар қос азаматтығы бар тұлғаларға тікелей қауіп төндіруі мүмкін.

Адамның азаматтығы құқығы 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 15.1-бабының 1-тармағында, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 24-бабының 3-бөлігінде, 1989 жылғы Бала құқықтары туралы Конвенцияның 7-бабының 1-тармағында айқындалады. [238]

Ұлыбританияда азаматтықты құқықтық реттеуде елеулі үлес болып 1948 жылы азаматтық туралы заңның қабылданғаны саналды. (British Nationality Act, 1948). Осы заң бойынша үш мәртебе анықталды:

– Біріккен Корольдік пен оның отар елдерінің азаматтығы;
– Біріккен Корольдіктің азаматтығы;
– отар елдердің азаматтығы.

Әлеуметтік және көші-қон қарым-қатынастарының дамуына байланысты, 1948 жылғы азаматтық туралы заңға елеулі өзгерістер енгізіліп, заң азаматтық мәселелерді жаңа жолмен реттей бастады. Осылайша, Ұлыбритания азаматтары ретінде 1981 жылы азаматтық туралы заң қабылданып, 1983 жылы 1 қаңтар заң күшіне енген уақытқа дейін Ұлыбританияда туылған және тұрғын үйге құқығы бар адамдарды таныды. Бұл ереже 1982 жылы 31 желтоқсанға дейін Британия отарындатуылып, сондай-ақ Ұлыбританияда тұруға құқығы бар адамдарға да қатысты қолданылады. 1983 жылы 1 қаңтардан кейін туылған адамдарға британ азаматтығы автоматты түрде емес, қан құқығы және топырақ құқығы бойынша беріледі.

1948 және 1981 жылдары заңдар арасында тығыз байланыс болуы нәтижесінде, көптеген онжылдықтар бойы азаматтық туралы заңнамалар сот

тәжірибесінде құқықтық нормаларды қолданудың берік құқықтық негізін қалыптастырды. Сондықтан да. 1981 жылы жаңа азаматтық туралы заң қабылданғанына қарамастан (British Nationality Act, 1981), 1948 жылғы азаматтық туралы заң әлі де қазіргі нормативтік-құқықтық актілерде маңыздылыққа ие. Осыған байланысты, азаматтық қатынастарды реттейтін заңнаманы қолданған кезде, екі заңның да ережелері де назарға алынады.

Ұлыбританияда азаматтықты анықтап, реттеудің жаңа ережелері 2002 жылдан бастап күшіне ене бастады. Оған "Азаматтық, иммиграция және баспана беру туралы" Заңының қабылдануы ықпал етті. Осы Заң, егер елге белгілі бір азамат тарапынан қауіп төнсе немесе төнуі мүмкін болатын жағдайда, Ішкі істер бойынша Мемлекеттік хатшыға азаматтығынан айыруға өкілеттік береді. Сонымен қатар, 1961 жылғы "Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы" халықаралық конвенцияның ережелерін ескерсек, Мемлекеттік хатшының мұндай өкілеттіктері шектеулі болды – егер бұл тұлғаның апатридтігіне, яғни Отансыздығына әкеп соқса, онда Мемлекеттік хатшы оны азаматтығынан айыра алмайды. [239] Конвенция ережелері оның қатысушысы болып табылатын кез келген елдің азаматының азаматтығын жоғалтуға әкелетін іс-әрекетіне тыйым салуды анықтайды. Осыған байланысты, Мемлекеттік хатшының бұл құзыреті тек қана бипатридтерге, яғни қос азаматтығы бар адамдарға ғана қолданылады. Сонымен қатар, Ішкі істер бойынша Мемлекеттік хатшы британ азаматтығын тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде адамның азаматтығының әрекет ету мерзімін де ескереді.

2002 жылғы "Азаматтық, иммиграция және баспана беру туралы" заңының 40-бөлімінің 3 тармағы "Біріккен Корольдіктің өмірлік маңызды мүдделеріне кімде-кіммен елеулі түрде зиян келтірілгендігі анықталып, оған нақты көз жетсе, Мемлекеттік хатшының оны азаматтығынан айыруына жол беріледі" деген жолдармен толықтырылды. [240]

Ұлыбританияның ЕО-қа мүше мемлекет болуына байланысты, елдің құқықтық қатынастарының, оның ішінде тұлғаның азаматтығы мәселелерінің құқықтық реттелуі тек ұлттық заңнамамен ғана емес, сондай-ақ ЕО заңнамасымен де жүзеге асады.

Мигранттардың британ азаматтығын алу үдерісіне қатысты құқықтық реформалар әлеуметтік бірлестік бағдарламасының бөлігі болып табылады. Бұл саясат ұлттық шекараларды иелену және басқарумен байланысты. [241]

Диссертациялық жұмыстың соңғы тарауы Ұлыбританиядағы адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалу жолдары мен механизмдарын, олардың құқықтық негіздері мәселелерін алға тартады.

3.3 Ұлыбританияда адам құқықтарын қорғау ерекшеліктері

Адам құқықтары жөніндегі аймақтық және жаһандық келісім-шарттармен салыстырғанда, адам құқықтары жөніндегі Еуропа Конвенциясының мәжбүрлі орындау механизмдері өте мықты. Азаматтық және саяси құқықтардың қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (1959 жылы) құрылды. ЕҚ контексінде Еуропа соты - құқықтық нормаларға, мүше мемлекеттердің жалпы

құқықтық принциптеріне және халықаралық шарттарға негізделген құқықтық қорғау құралдарын қамтамасыз ете алады. ЕҚ азаматтары Қоғамдастық деңгейінде тиімді қорғалады деп айтуға әбден болады. [186, 58 б.] Сот жеке тұлғалардың да, мемлекетаралық шағымдарды қарастырады. Бүгінде ықтимал өтініш берушілердің саны 800 млн., мүше мемлекеттердің юрисдикциясында тұратын барлық адамдар өздерінің негізгі құқықтары мен бостандықтары бұзылғандығы үшін Европа сотына тікелей жүгінеді.[60, 44 б.]

Ұлыбританияда құқықтың негізгі көздері болып жарғылар (парламенттік заң) және сот прецеденттері табылады. Сот тәжірибесі - ағылшын құқығының ежелгі қайнар көзі. Заңнамалық актілердің жариялануынан бұрын, Вестминстерде және округтік аудандық соттарда отыратын патша судьялары істерді қарап, үкім шығарғаннан кейін мемлекет құқығының негізін құрайтын ережелер жасады [242].

Адам құқықтары мен бостандықтарын сотқа жүгіну арқылы қорғауда ең маңызды заң болып - 1984 ж. «Полиция және қылмыстық іс туралы дәлелдеу туралы» Заңы табылды, ол 1994 жылғы «Сот төрелігі және жария құқық туралы» заңымен толықтырылды. [243].

Ұлыбританияда арнайы полиция бөлімшелерінің қызметі олардың ерекше қызмет түріне байланысты ұйымдастырылған. Бұл жерде арнайы полиция бөлімшелері бар, мысалы, Британдық көлік полициясы, ядролық нысандардағы полиция, қорғаныс полициясы, корольдік әскери полиция, Ұлттық қылмыс агенттігі және т.б. [244].

2016 жылғы 23 маусымда Ұлыбритания азаматтары Еуропалық Одақтан (ЕО) шығуға дауыс берді. 2017 жылғы 29 наурызда Ұлыбритания Еуропалық Кеңеске Лиссабон шартының 50-бабына бастамашы болатындығын, ЕО құрамынан шығуға ниеті туралы ресми түрде хабарлады. [245]

Британияның Еуропалық Одақтан кетуіне көптеген себептер бар, олардың бірі экономикалық себеп болды. Ұлыбритания азаматтарының көпшілігі ЕО экономикасына үздіксіз инвестициялауды және одаққа жаңадан келгендерді қолдауды ақылға сыймайды. Brexit-ті жақтаушылар (Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуы) олардың елі бұл ақшаны ішкі қызметті, оның ішінде елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды қаржыландыру үшін қолдана алады деп сенеді.

Ағылшын құқықтық жүйесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап конституциялық құрылымдағы елеулі өзгерістермен назарда болды. Бұл Ұлыбританияның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отаршылдық империядан айырылуы нәтижесінде пайда болған жаңа проблемаларға әкеп соқты. Мұндай проблемалардың бір себебі - Ұлыбританияның Еуропалық Одаққа мүше болуы табылды. Бұл қатынастардағы ең маңызды оқиға 1992 жылы Factorame ісі Ұлыбританияда Еуропалық соттың шешімімен бірінші рет жойылған кезде болды. [246] Ал, бұл өз кезегінде парламенттік актілердің жоғарғы билігі доктринасының негізінде бірде-бір британдық сот істей алмайтын әрекет еді. Сонымен қатар, Ұлыбританияның сот жүйесін Еуропалық Адам құқықтары сотының адам құқықтарын қорғау тұрғысынан бірнеше рет сынға алуы да түрлі кикілжіңдерге ұласты. [247]

Ұлыбританияда адам құқықтарын қорғауды ұлттық заңнамалары, халықаралық құқық нормалары, сондай-ақ, аумақтық деңгейде адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы, қолданыстағы жазбаша Қоғамдастық туралы заңы мен Еуропа Соты шешімдері жүзеге асырады. Егер адам құқықтары қоғамдастықтың мүдделеріне қайшы келсе, заңнаманы жетілдіру заң шығарушы органның қарауына жатады.[186, 52 б.] Derbyshire CC v Times Newspapers Ltd кейсында 1998 жылы Адам құқықтары туралы Заң қабылданбастан бұрын Аппеляциялық сот былай деген еді: “заңның түсініксіздігі, не жалпы көмескіліктер орын алған жағдайда, немесе аппеляциялық сот заңды әлі жарияламаған жағдайда ағылшын соты Конвенцияның салдарын қарастыруға жай құқылы ғана емес, сондай-ақ, міндетті”. [248]

Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Конвенциясын 1950 жылы Еуропа Кеңесіне шеңберіне кіретін 12 (қазір 47) мемлекет қабылдады. Жеке адамның өтініш беруге құқығы алғаш осы Конвенциядан бастау алады - 1966 жылдан бастап, Британия осы құқықты жүзеге асыра бастады.Конвенция – II дүниежүзілік соғыс кезінде бүршік жарған адам құқықтары бойынша халықаралық құқықтың көрінісі болып табылады. Ол британ не француз ұлтына тиесілі емес, тіпті ол Еуропа стандарттарын да құрамайды, ол – халықаралық жария құқығының жаратылысы болып табылды. [188, 209-211 бб.]

Аймақтық деңгейде адам құқықтарын қорғау идеясы II Дүниежүзілік соғыстан кейін туындады, және 1949 жылы 10 елден құралған Еуропа Кеңесі құрылды. Еуропа Кеңесінің негізі Страсбургте (Франция) қаланған және қазіргі таңда 47 мемлекет мүше, іс жүзінде барлық дерлік еуропалық континентті қамтиды. Ол бүкіл Еуропа территориясында адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенцияға және жеке тұлғаларды қорғау туралы басқа да құқықтық құжаттарға негізделген, жалпыға ортақ және демократиялық қағидаттарды дамытуға тырысады. [249]

Еуропа Кеңесі адам құқықтарын қорғауды келесі құқықтық нысандарда жүзеге асырады:

- Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы
- Азаптауды болдырмау жөніндегі Еуропа комитеті
- Нәсілшілдікке және төзімсіздікке қарсы Еуропалық комиссия
- Адам саудасына қарсы іс-қимылдар туралы конвенция
- Балаларды жыныстық қанаушылықтан қорғау туралы конвенция
- Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенция
- Еуропалық әлеуметтік хартияға сәйкес әлеуметтік құқықтар
- Аймақтық немесе азшылық тілдері бойынша Еуропалық хартияға сәйкес лингвистикалық құқықтар
- Ұлттық азшылықтарды қорғау жөніндегі шектелмелі конвенцияға сәйкес азшылық құқықтар. [250]

1997 жылы Амстердам шартының 6-бабында бекітілгендей, “Еуропа

Одағы мүше-мемлекеттер үшін ортақ болып табылатын еркіндікке, демократияға, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуге, сондай-ақ, заңның үстемдігі қағидаттарына негізделген". Сондай-ақ, "Одақ, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропа Конвенциясына кепілдік беріп, негізгі құқықтарды құрметтейді",- деп атап, көрсетілген. [61, 318 б.]

Профессор Франческа Клугтың ойынша, Британияда адам құқықтарының үш толқыны болды. Бірінші толқын құқықтары бостандық пен тәуелсіздік құндылықтарына, екіншісі теңдік пен қадір-қасиетке негізделсе, соңғысы ортақтастық пен өзара тәуелділік құндылықтарына сүйенеді.[236]

Ал, адам құқықтары бойынша Еуропа Конвенциясы – жалпы азаматтық және саяси құқықтарды жекелей қорғаудың тиімді жүйесін құрайды. [185, 1 б.] Конвенцияда құқықтарды үш буынға бөліп қарастырады: Бірінші буын – азаматтық және саяси құқықтар, екіншісі – экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар, үшінші буынды ынтымақты құқықтар құрайды.

Әлеуметтік құқықтарды Еуропалық деңгейде конституциялық қорғау – 1992 жылы Маастрихт шартын қайта қарауда және 1997 жылы Амстердам шартын қайта қарауда көрініс табады. Әлеуметтік құқықтарға қатысты халықаралық келісім-шарттардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында заңнамалардың үстінен Парламенттік бақылауды күшейтіп, заңнамаларды одан ары тереңірек зерделеп, жетілдіру қажет. [61, 312 б.]

ЕуроОдаққа мүше мемлекет болуының нәтижесінде Ұлыбританияда екі Конституция қолданыста: бірі – ағылшындардың жазылмаған Конституциясы болса, екіншісі – ЕуроОдақ Конституциясы. Конституциялық және әкімшілік ұлттық құқықты реттеуде ЕуроОдақ заңнамаларының, жалпы ЕО құқығының маңыздылығы айрықша. [184, 64 б.]

Ұлыбритания табиғи құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беретін біраз халықаралық келісімдер мен шарттарға мүше ел болып табылады. Алайда, Ұлыбритания дуалисттік мемлекет болғандықтан, мемлекет ратификациялаған шарттар мен келісімдердің ұлттық заңнама қатарына енгізілмей, қолдану күші болмайды. Қазіргі таңда Ұлыбританияда адам құқықтары жөніндегі, өзіне тән нақты юрисдикциясы мен қызметі бар, үш ұлттық институт жұмыс атқаруда. Біріншісі, Адам құқықтары жөніндегі Солтүстік Ирландия комиссиясы, 1999 жылы құрылды; оның өкілеттігі – түрлі мәселелер бойынша кеңес, жеке тұлғаларға құқықтық көмек көрсету, адам құқықтарын көтеру, қауіпсіздік арқылы күшейту, жарияланымдар, ғылыми-зерттеу, тергеу, халықаралық стандарттардың сақталуын бақылау, сондай-ақ білім беру және оқыту. Екінші орган – Теңдік және Адам құқықтары жөніндегі комиссия; Англия, Шотландия мен Уэльсте адам құқықтары, теңдік мәселелерімен және кемсітушілікке қарсы шаралармен айналысады. Үшіншісі – Шотланд Адам құқықтары жөніндегі комиссия. 2008 жылдың 10 желтоқсанынан бастап толықтай қызмет атқарады. Бұл айтулы күн – Адам құқықтары күні ретінде тойланады, және Адам құқығының жалпы декларациясына 60 жыл толумен тұспа-тұс келді. Комиссия жарияланымдар, ғылыми-зерттеу, сұраулар, кеңес, мониторинг, құқықтық араласу және білім беру және оқыту сияқты қызметтер арқылы азаматтық,

саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға қатысты Шотландияда адам құқықтарын көтермелеу және қорғауды жүзеге асырды.[183, 382 б.]

Ұлыбританияда тіпті, негізгі құқықтардың тізімі жоқ. Алайда, бұл адам құқықтары мүлдем қорғалмайды деген сөз емес. Нақты құқықтарды қорғау әртүрлі құралдарға, жарғыларға және құқықтың танылған қағидаттарына негізделеді. Ерекше атап өтуге тұраралық – бұл ЕО құқығының фундаменталды құқықтары. Ол - құқықтың жалпы қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылады әрі әрбір мүше мемлекеттің конституциялық салт-дәстүріне негізделеді. [186, 51 б.]

Ұлыбритания адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясын алғашқы болып қабылдағанымен, оны британ құқығына енгізуге асыққан жоқ. Тек 1966 жылдан бастап қана, Страсбургтегі Адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотына жеке адамның жүгінуіне жол берді.

Ұлыбританиядағы адам құқықтары туралы заң - бұл жарғы негізінде белгілі бір іргелі құқықтар мен бостандықтарды ұсынатын ішкі құқықтық акт. Ұлыбритания үкіметі, әдетте, адам құқығы туралы заңның күшін жойып, басқа заңға ауыстырылу ықтималдығы жайлы пікірлер көп білдіреді. Алайда, бұл заң аздаған болмашы ескертпелерді қоспағанда, адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясының елеулі түрде ізін басып, оны жаңғырта түскендей болды. Өз кезегінде, екі заңнама да адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясынан бастау алды. [53, 129 б.]

Адам құқықтары туралы заң – конституциялық емес құқықтар Биллі, себебі ол соттарға өзіне сәйкес болып табылмайтын заңнамаларды жоюға билік бермейді, бұл жай ғана Парламенттің құқықтық актісі болып табылады. Адам құқықтары туралы заң Парламенттің басқа актілері сияқты, Парламенттің заң шығарушы билігіне заңнаманы өзгертуіне немесе күшін жоюына әсер етпейді. [51, 395 б.] Бірақ, халықаралық дәрежеде мойындалған, адам құқықтарының жиынтығын құрайтын Адам құқықтары туралы заңының алдында Үкімет пен Парламент әрбір ісі үшін жауапты. [62, 710 б.] Саясат пен биліктің негізгі элементі болып табылатын құқықтар мен міндеттерге қатысты міндеттемені Үкімет өз жауапкершілігіне алды.

1998 жылы Адам құқықтары туралы заңы күшіне енісімен, Ұлыбританияда теңдік есебінен бостандық, еркіндік бағытына қатты бет бұрған теңгерімсіз Конституция қолданыста. [61, 301 б.]

Адам құқықтары туралы заңының жақтаушылары да даттаушылары да біршама. Мысалы, сынаушы жақтан белгілі конституциялық теоретик Джофри Маршалл “бұл акт шынайы Құқықтар Биллі емес” ,- деп пікірін білдірсе, заңгер Том Хикмэн ол “конституциялық әділдік” емес, ол “құқықтық эстетика” деп қосып, пікірталасты жандандыра түсті. 2006 жылы Дэвид Кэмерон “Адам құқықтары туралы заңын” жойып, құқықтар мен міндеттерді тепе-теңдікте ұстайтын, бізді бейбіт ұлт ретіндегі түпкі құндылықтарымызды айқындайтын “заманауи Британ Құқықтар Биллін” қабылдауды ұсынды. Халық бұл ұсыныстың “құқықтық сауаттылығына” көңіл бөлді. Осыған байланысты ең шынайы сын Кэмеронның партияласы, Консерваторлар Демократиясы

бойынша мақсатты топ төрағасы Кэн Кларк Кэмеронның ұсынысын “ксенофобты” және “құқықтық нонсенс” деп айыптады. “Адам құқықтары туралы” заң біздің қоғамды терроризм сынды алпауыт қауіптерден қорғауға атсалысқанымен, дәстүрлі британдық бостандықтарды қамтамасыз ете алмайды, “шетелдіктер” өздерінің “шетел құқықтарын” “біздің” ұлттық (ішкі) соттарда жүзеге асыруда деп дәйектейді сөзін Кэмерон.

“Адам құқықтары туралы” заңын сынға алғандар, тіпті, оны “Британдықтарға тиесілі емес” етіп шығарды. Олар оған үш фактор себепші деп есептейді:

– адам құқықтары туралы заңды көп адамдар ашық, шуақты күні пайда болған найзағайға теңеді;

– бұқаралық ақпарат құралдарының қауесеттері – бұл заң адам құқықтарын қорғағанға қарағанда, жоғарғы заң күші бар деген атағы жақсы, бір сөзбен айтқанда, затына қарағанда аты жақсы деді;

– мемлекеттің ыңғайы үшін атқарушы билікке қысым жасалып, қиындықтар туындады. [62, 714-719 б.]

Кейбір британ құқықтанушыларының ойынша, аталмыш заңның осал тұстары біршама:

– адам құқықтарын қорғай алмайтын заңгерлер де, заңнамалар да көбейіп кетті. Нәтижесінде, адам құқықтарын қорғау – мемлекетке үлкен шығын келтіретіндігі анықталуда. Адам құқықтарын қорғайтын аталмыш заңнамалардың адам құқықтарын қорғаудағы мемлекет пен қоғамға пайдасы екіталай;

– адам құқықтырын анықтаудағы соттардың құзыретінен тыс, заң шығарушының міндеттерінің туындауы. Заң шығарушы заң шығарушы билік алдында жауапты, ал судьялар жауапты емес. Заң шығарушы сайлаушы алдында жауапты, ал судьялар жауапты емес. Сондықтан да, әрі жауапты саналғандықтан, әрі сайлаушылармен тығыз байланыс орнатқандықтан, адам құқықтары мәселелерін соттарға қарағанда, заң шығарушылардың шешкені заңдырақ болып табылады. Ал, бұл – дұрыс емес тенденция;

– соттардың адам құқықтарына қайшы келетін, оны шектейтін заңнамаларды өзгертуі, өзгерту арқылы оның күшін жоюы;

– судьялардың өзінің шартты қызметтерін орындамауы. Адам құқықтарын анықтап, заңнаманы түбегейлі өзгерту салдарынан кейбір судьялардың негізсіз азғырылуы, еліктірілуі қаупі басым. Соттардың қараған істерінде Еуропа Конвенциясын қолдануы, жалпы адам құқықтарын сол Конвенцияға сәйкестендіруі - өздері салған даңғыл жолға емес, басқа жолға алып барары айдан анық, және қатері баршылық. Себебі, судьялар басқа мәселеге көңілі ауып, өз дәстүрлі қызметінен алыстайды;

– негізінен, ұлттық заңнамамен сәйкессіздік туралы декларацияларының сипаты консультативті болып келеді. Осы декларацияның берілуі – мемлекет үшін істің жағымсыз, жайсыз аяқталуымен пара-пар. Себебі, мұндай жағдайда мемлекетке заңнаманы өзгерту үшін қысым жасалады. Бір жағынан, аталмыш декларация арыз берушіге де артықшылықтар қалыптастырмайды. Өйткені,

арыз берушінің қолданыстағы заңнамасы жағымсыз қалпындағы күшінде бола береді және декларация оның заңдылығына әсер етпейді. Сонымен қатар, ол тараптар арасындағы ешқандай құқықтар мен міндеттерге де әсер етпейді, жалпылама мәселелерге кеңес береді. Заңнаманың Конвенция құқықтарымен сай келмеуі – оны заңсыз етпейді; [51, 399-405 б.]

– Ұлыбританияның Еуропа соты шешімдеріне бағынуы "мемлекеттік егемендіктен" айырылумен тең.

Алайда, академик Николас Бэмфорт "бұл заңның арнайы конституциялық рөлі бар" деп, жақтай түсті. Бұған қоса, профессор Уинтермут "Адам құқықтары туралы заң де факто ұлттық құқықтар Биллі" болып табылатындығын атап өтті.Басқа құқық қорғау құралдары қолданылмаса, Ұлыбританияда кедей жітіктен король тұқымына дейін құқықтарын барынша "Адам құқықтары туралы" заңымен қорғай алады. [62, 712 б.] "Еуропа Конвенциясын ратификациялау, Еуропа сотына жеке петиция беру құқығымен келісу, "Адам құқықтары туралы" заңды қабылдау" арқылы Ұлыбритания ешкімнен ешбір тұста жеңіліс таппады деп жиі айтылады.[51, 406 б.]

Аталмыш заңның мақсаты айқындалып бекітілген. Олар:

– мемлекеттік басқару мен саясатты қалыптастырудың ажырамас бөлігі ретінде, Конвенцияда қамтылған барлық құқықтар жайлы хабардарлықты арттыру;

– ерікті түрдегі жақсы тәжірибемен, сондай-ақ сот шешімімен Конвенцияның жасай алатын және жасайтын оң айырмашылықтарын жиі іс жүзінде көрсету;

– конвенцияның құндылықтары мен қағидаттарын жоғары деңгейдегі мемлекет пен мемлекеттік органдардың алдындағы міндеттемелерін ашық және кеңінен көрсету;

– Сапалы мемлекеттік қызметтерді көрсетуде Конвенцияның құндылықтары мен қағидаттарын одан әрі тану.[252]

Профессор Олстон әлемнің түкпір-түкпіріндегі адам құқықтары туралы заңдарын зерттей отырып, Құқықтар Билліне тән кең таралған үш сипаттаманы бөліп көрсетті:

– тарихтың осы сәтінде айрықша маңыздылыққа ие адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;

– мемлекетке міндетті болып табылады, одан орасан зор қиындықпен ғана бас тартуға болады;

– құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда, өтеудің белгілі бір түрін қамтамасыз етеді.[62, 705 б.]

1998 жылы "Адам құқықтары туралы" заңның атқаратын қызметтері:

– соттар тікелей заңнамаларды өзгертіп не жоя алмағандығымен, заңнамаларға басқаша мағына беріп, мәнін негізгі, түпкі мағынасынан өзгеше етіп өзгерте алатын өкілеттікке ие. Олар осы билікті Конвенция құқықтарына қатысты практикалық, әлеуметтік, және мораль тақырыптарына өз жеке ойларын, көзқарастарын білдіре отырып жасайды;

– сәйкессіздік туралы декларация – Конвенцияның 4 (2) бөлімі бойынша,

егер негізгі заңнаманың нормасы Конвенция құқықтарымен сай келмеген, яғни қарама-қайшы болған жағдайда, сот бұны жария ете алады. Бұл осы норманың заңдылығына, ары қарайғы жұмысына не орындалуына әсер етпейді. Алайда, Конвенцияның 10 бөлімінде көрсетілгендей, Парламент заңнаманы өзгертуді шұғыл түрде жүзеге асыруы тиіс; [51, 396 б.] Мысалы бұл тәжірибе жүзінде Golder v United Kingdom (1975) 1 EHRR 524, Malone v United Kingdom (1985) 7 EHRR 14 кейстарында көрініс тапты. Екі кейста да адам құқықтарын қорғауда ағылшын құқығының заңнамасы Конвенцияға қайшы келіп, кейіннен ол заңнамаларға өзгерістер енгізілді. Алғашқысында сот ісін жүргізуді бастау мақсатында құқықтық кеңестерге қол жеткізуге шек қойылса, кейінгісі тіпті жаңа "Телекоммуникациялық актіні тыю туралы" заңнамасының пайда болуына себепші болды;[184, 66 б.]

– заң жобасына жауапты министр "заң жобасының Конвенция құқықтарымен сәйкестігі туралы" бекітілген жазбаша құжат дайындауы тиіс. Адам құқықтарының қорғалуы Конвенцияның 19 бөлімі арқылы іске асады. Парламенттің қос палатасының мүшелерінен құралған – Адам құқықтары бойынша Біріккен комитетдәл осы адам құқықтарының қорғалуын қадағалайды. [51, 396 б.]

Ұлыбританиядағы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын мемлекеттік емес ұйымдар көбінесе, оған артықшылықтар беретін қайырымдылық мәртебеге ие. [237, 137 б.]

Адам құқықтарын қорғайтын ұйымдар мен органдарға көз жүгіртер болсақ, Amnesty International, әлемдегі ең ірі құқық қорғау ұйымы, Ұлыбританияда құрылған. Негізін 1961 жылы британдық заңгер Питер Бэнонсон қалады. "Ұмытылған тұтқындар" деген үндеуіне мыңдаған адамның қолдау білдіруі арқылы пайда болды. Мақсаты – өздерінің пікірі үшін қамауға алынғандарды босату үшін әділ жұмыс істеу; істі әділетті және жария қарастыру; саяси баспана беру құқығын кеңейту және саяси босқындарға жұмыс табуына көмектесу; тұтқындағы мұқтаж адамдарға және олардың туыстарына көмектесу; азаптауды, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекетті немесе жазалауды жою; адам құқықтарын зерттеу және зерттеу нәтижелерін тарату; сондай-ақ, пікір білдіру бостандығына кепілдік беру үшін тиімді жолдарды үндеу болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі Ислам комиссиясы – Лондонда негізделген коммерциялық емес ұйым болып табылады; ӘДІЛДІК – Ұлыбританияда негізделген адам құқықтары жөніндегі ұйым. Ол Халықаралық заңгерлер комиссиясының британдық бөлімі болып табылады. Оның міндеті адам құқықтарын көтермелеу және Ұлыбританияда құқық үстемдігін алға жылжыту; Liberty – Ұлыбританияда адам мен азамат бостандығын қорғауға бағытталған ықпалды топ.[253]

1941 жылы Бостандық үйі (Freedom House) және 1978 жылы Адам құқықтарын қорғау (Human Rights Watch) сияқты мемлекеттік емес ұйымдар адам құқықтары мен бостандықтарын қадағалаушы орган болып табылды.[239]

Адам құқықтарын қорғаудың басқа да механизмдері:

– өкімет билігінің бөлінуі – бұл адам құқықтарын қорғаудың

бағаланбаған кепілі. АҚШ Конституциясының негізгі авторларының бірі Джеймс Мэдисон адам құқықтарының қорғалуында биліктің бөлінуі мен федерализмнің болуын “қос кепілдікке” теңеді;

– заңдылық принципі – жаңа заңнамалық актілерді жасауға соттарды араластырмай, мақсатқа жетуге негізделеді;

– адам құқықтарын қорғауда анықталған құқық нормаларының қалыптасуы. Мысалы, британ заңнамасы құқық нормаларының нақтылығымен ерекшеленеді, ал Конвенция құқықтары егжей-тегжейлі түсіндірілмеген;

– омбудсменның адам құқықтарын қорғаудағы орасан зор рөлі;

– заң шығарушы билікте, тіпті, ол азшылықтың пікірі болса да, айтылған қуатты сөзі;

– бастамашыл әрі ынталы топтар көмегімен бұқаралық ақпарат құралдарын шақыртуы. [51, 409 б.]

Адам құқықтары туралы шарттар, басқа шарттар сияқты, тікелей әсер ете алмайды, және Парламент осындай шарттарды ішкі құқыққа енгізбейінше, олар Англия мен Уэльс соттарында қарастыруға жатпайды. Бұл дегеніміз, Парламент актісі арқылы шарт ұлттық құқыққа енбейінше, шарттық ережелер сынды халықаралық құқық нормалары британ құқықтық тәртібінде жарамды емес болып табылатындығын білдіреді.Ұлыбритания ратификациялаған, бірақ ол ұлттық құқыққа трансформацияланбаған адам құқықтары туралы шарттардың саны өте көп. 20 ғасырдың ұлы судьяларының бірі әрі бірегейі Лорд Деннинг ағылшын соттарында шарттардың қолданылуына байланысты өз ұстанымын: “Шарт заңдылықты белгілейтін конституциялық уәкілетті орган Парламент қабылдаған заңнамаға айналмайынша, сот шартқа назар аудармайды”, - деп қорытындылады.

Ұлыбританияның конституциялық заңына сәйкес, атқарушы орган Корольдік айрықша құзыреттің (Royal Prerogative) өкілеттігі Парламенттің араласуынсыз ұлттық құқықта қолданылатын келісім-шарттар жасасуды қамтиды. Алайда, Лорд Оливердің айтуынша, атқарушы орган ратификациялаған шарттар – ішкі құқықтық тәртіптің бөлшегі болып табылмайды.

Судьялардың бірқатары: “Адам құқықтарын қорғау туралы шарттар ағылшын соттарында тікелей іске асуы және қарастырылуы мүмкін”, - деп санайды. Кей заңгерлердің пікірінше, адам құқықтарын қорғаудың пайдасына презумпция (анық-қанықтылығына жету) болуы керек, және егер Парламент “Конституциялық реформа және басқару туралы Заңы” бойынша адам құқықтары туралы шартқа қарсылық танытпаса, онда сот мұндай шарттарды іс жүзінде қолдана алады. Бұл конституциялық аномалияны түзетеді, себебі сот билігінің “адам құқықтары туралы шарттар тікелей қолданылады” деп жобалауы – адам құқықтарын қорғауда соттардың рөлін жоғарылатады.

Адам құқықтарын қорғауда көпшілік мақұлдаған нормалар соттардың араласуын шектейді. Себебі, трансформацияланбаған адам құқықтары туралы шарттар жеке тұлғаларға талап ету не талап арызға қарсылық білдіру құқығын бермейді, және ағылшын соттарындағы судьялар жалпы өздерінің осындай

шарттарды түсіндіруге және осындай шарттарды орындамауға байланысты талап арыздарға сот шешімін шығаруға өкілеттігі жоқ деп санайды. Ағылшын соттарында халықаралық шарттардың іске асатындығын және жарамдылығын анықтаудың төркіні – "Парламенттік егемендік" конституциялық қағидасынан бастау алады. Бұл конституциялық қағида құқық шығармашылық пен шешімдер қабылдау билігінің тиісті аясын қамтып, осылайша адам құқықтары туралы шарттардың мәнін маңызсыз етеді.Бірақ, 1998 жылғы Адам құқықтары туралы заңы қабылдағаннан бері, ағылшын соттарында шарттардың жарамдылығын анықтау Парламенттік егемендік принципінен бастау алмайды. [192, 554-560 б.]

Адамзаттың жаһандық құқықтарын енгізу арқылы, егемен мемлекеттер бұдан былай, адам құқықтарының жан түршігерлік бұзушылықтарын қорғаушы қалқан ретінде егеменділікті, мәдени релятивизмді қолдана алмайтын маңызды өзгерістер белең алды. [255]

Адам мен азамат құқықтарын қорғауда Еуропа Омбудсменінің орны ерекше. Еуропадағы Омбудсмен Еуропа агенттіктерінің, лауазымды тұлғалардың және тағы да басқалардың қызметін теріс пайдаланушылығы не асыра сілтеп пайдалануы жайлы Еуропа азаматтарының, жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың талап-арыздарын, өтініштерін қарастырумен айналысады. Омбудсмен институты көбінесе Еуропа азаматтары мен Еуропа әкімшілігі екеуінің арасындағы алтын көпір іспетті. Ол өз жұмысын Лиссабон шарты мен фундаменталды құқықтар туралы Еуропа Хартиясына сәйкес атқарады. Оның түпкі мақсаты Еуропа азаматтарының рөлін жоғарылату, халықты ЕуроОдақ шешімдерін қабылдауға қатысуға белсенді тарту, адамның құқықтары мен бостандықтарын асқақтату, халықты адам мен азамат құқықтарымен заңнамаларға сәйкес жіті таныстыру болып табылады. Олардың елеулі еңбегі түрлі статистикалардан көрініс табады. [256]

Қорыта келе, адамның құқықтық мәртебесінің теоретикалық мәселелерін ескере отырып, Ұлыбританияда адамның құқықтық мәртебесі институтына тікелей талдау жасалынды. Бұл мәселені зерделеу кезінде, диссертант Ұлыбританияның жетекші конституционалистері, сондай-ақ белгілі бір құқықтар мен бостандықтарға қатысты нақты құқықтық актілерге негізделді.

Бұл әртүрлі мемлекеттік және құқықтық құрылымдарда уақыттың ағысымен, ғасырлар бойы өзгеріске ұшыраған заңнамалардағы бұл институттың қалыптасуыадамның құқықтары мен бостандықтарының бүкіл сипатын көрсете алады.

Адам құқығы - адамзат өркениетінің ең құндылығы. Адам құқықтарын құрметтеу принципі құқықтық қызметтің негізгі қағидасы ретінде тек еуропалық аймақтың ғана емес, бүкіл әлемнің мемлекеттерінің конституционализмінің негізі болды. XXI ғасырда пайда болған халықаралық және аймақтық ұйымдар адам құқықтарын қорғау мақсатын жариялады. Адам құқықтарын қорғау таза ұлттық мәселе болмай, дамудың жаңа деңгейіне жетті.

Британ позитивті құқығы Ұлыбританияның барлық отар елдерінде адамның құқықтық мәртебесін қалыптастыру үдерісінің негізі болды.Дегенмен, осы үдерістің тиімділігі мен нәтижелілігі тек құқықтық актілердің сапасымен

ғана емес, сондай-ақ отар елдердегі әкімшілік басқарудың бастамасымен де анықталды.

Ұлыбританияның отарлы елдерінде, метрополия құқығынан өзгеше “отаршылдық құқығы” қалыптасты. Оның қалыптасуына британдық заңнаманың әсері болды, ол белгілі бір дәрежеде отар елдердің құқықтық жүйелеріне бейімделді. Алайда,отар елдерде қалыптасқан позитивтіқұқық адам мен азаматтың табиғи құқықтарын елеусіз қалдырды.

Құқықтары мен бостандықтарын зерделеудегі проблемалық мәселелердің бірі олардың құқықтық мәртебесімен арақатынасын қарастыру, сондай-ақ осы институтты ағылшын ғылыми доктринасына және осы мемлекеттің заңдарына сәйкес қарау болып табылады.

Адамның және азаматтың құқықтық мәртебесінің элементтері құқықтар мен міндеттер болып табылатынына қарамастан, зерттеудегі басты назар азаматтардың құқықтарына қойылады.Бұл адамның негізгі міндеті – басқа адамдардың құқықтарын бұзбау міндеті екендігін дәлелдейді.

Тұрақты өмір сүру жағдайларын және адамның қоғамды жетілдіруге ұмтылуын ескере отырып, адам құқықтарын қорғаудың нысандары мен тәсілдері тиісінше өзгереді. Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер, сондай-ақ Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңесі үнемі реформалары мен жаңа органдар мен институттарды құру арқылы адам құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіріп отырады.

3.4 Ұлыбритания мемлекетінде және Қазақстан Республикасында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне салыстырмалы талдау: ұқсастықтары және өзгешеліктері

Әлемнің құқықтық бейнесі өзара әрекет ететін және бірі біріне әсер ететін ұлтық құқықтық жүйелерден тұрады. Әрбір мемлекетте өзіндік құқықтық жүйе іске асырылады. Сондықтанда әлемде екіжүзден астам мемлекет болса, онда екіжүзден астам ұлттық құқықтық жүйе бар дегенді білдіреді.

Осы заманның негізгі құқықтық жүйелерін зерттеуге көп ғалымдар өз үлестерін қосты. Мысалы француздық компаративист Рене Давид салыстырмалы құқықтанудың құндылығын ашатын үш позицияны көрсетті. Ол құқық тарихын, ұлттық құқықты зерттеу үшін, халықаралық қарым-қатынаста қалыптасатын қатынастардың үздік құқықтық нысандарын және халықтарды өзара түсіну үшін салыстырмалы құқықтанудың пайдасын тұжырымдаған болатын.

Қазіргі әлем адамзатты біріктіретін халықтардың өзара байланысы мен үйлемсімдігімен сипатталады. Рене Давид «мемлекет басқалардан оқшаулана алмайды, өйткені әлем бір болды. Халықаралық өзара әрекеттесудің қажеттігі «бізге терезімізді ашып, шетел құқығына қарауды» талап етіп отыр» [257] -, деп тұжырымдаған.

Құқықтық жүйелерді зерттеу өзінің өзектілігін жоғалтпаған және оны қазірде зерттеуді жалғастыруға болады.

Салыстырмалы құқықтану заң ғылымында үлкен маңызға ие, өйткені шет елдік құқықтық жүйелерді зерттей келе және талдай келе отандық құқықтық

жүйедегі кемшіліктерді аңғарып, анықтауға және талдауға болады, өзгерістер енгізіп, құқықтық жүйені жетілдіруге болады.

Көптеген құқықтық жүйелерді түрлі топтарға немесе түрлі белгілер бойынша топтастыруға болады.

Мысалы, неміс ғалымдары К. Цвайгерт және Г. Кетц негізгі критерий ретінде құқықтық стильді атап өтеді, оны бес фактормен байланыстырады:

1. құқықтық жүйенің тарихи қалыптасуы және дамуы;
2. заңи ой докринасының билеуі және оның ерекшеліктері;
3. өзіндік ерекшеліктері бар құқықтық институттар;
4. құқықтық қайнар-көздер және оларды талқылау әдістері;
5. идеологиялық факторлар. [258]

Осыған сүйене отырып ғалымдар сегіз құқықтық жүйені көрсетті, олар: романдық, германдық, англо-американдық, солтүстіктік, социалистік елдердің құқықтық жүйесі, сонымен қатар, исламдық құқық, индуистик құқық және қиыр шығыстық құқықтық жүйе.

С.С.Алексеев төрт негізгі құқықтық отбасыны көрсетеді: «романо-германдық құқықтық отбасы, англосаксондық құқықтық отбасы, Азия мен африканың бірқатар елдерінде басым діни-қауымдық құқықтық жүйе, авторитарлық саяси режимдегі идеологияға ұшыраған құқықтық жүйелер. [259]

Құқықтық жүйелердің ең тиімді түрін рене Давид көрсетіп кетті, ол құқықтық жүйенің үш түрін көрсетті: романо-германдық құқықтық жүйе, жалпы құқықтық отбасы және социалистік құқықтық отбасы.

Сонымен қатар Рене Давид өз еңбектерінде бірқатар негізгі емес құқықтық жүйелерді атап өтеді және ол құқықтық жүйелер діни догматтарға, ежелгі әдет-ғұрыптарға және нормаларға сүйенеді. Мұндайларға Рене Давид мыналарды жатқызады: мұсылмандық құқық, Үндістан құқығы, Қиыр Шығыстың, Африка және Мадагаскардың құқықтық жүйесі. [260]

Қазіргі кезде англо-саксондық құқықтық жүйе Англияда, АҚШ-та, Канада да, Жаңа Зеландияда, Австралияда, Солтүстік ирландияда және өзге тағы басқа мемлекеттерде бар. [261]

Англо-саксондық құқықтық отбасының түсінігі әртүрлі болып келеді. Көптеген ғалымдар «англо-саксондық отбасы» етіп атағанды дұрыс көрмейді, олардың ойынша ағылшын және американдық құқықтық біріктіріп «жалпы құқық отбасысы» деп атағанды жөн көреді.

Мұндай қарама-қайшылықтар 1066 жылы Англияны нормандардың жеңіп алуымен байланыстырады, нәтижесінде ағылшын құқықтық жүйесі тарихында көптеген өзгерістер анықталды. Ағылшын құқықтық жүйесінің өздігімен дамуы оның римдік рецепцияның ықпалына түспегендігі, кодификациялардың болмағандығымен, автономиялық жолмен дамығандығымен, континенталдық еуропалық құқықтың әсеріне түспегіндімен ерекшеленеді. [262]

Англо-саксондық немесе жалпы құқықтың тарихын ағылшын құқығының тарихы ретінде қарастыруға болады, өйткені Ұлыбритания құқығының басқа елдерге тарауы нәтижесінде ағылшын құқығы басым және оларға тарихи үлгі болып қала берді.

Жалпы құқық үш жолмен дамығандығы туралы ой-пікірлер бар, олар:

біріншісі – оның қалыптасуымен, екіншісі-жалпы құқық әділ құқықпен толықтырылды және үшіншісі – статуттарды талқылуымен.

Заңгер-құқықтанушылар англо-саксондық құқықтық жүйенің дамуының төрт кезеңін көрсетеді:

Бірінші кезең – 1066 жылға дейінгі ерте Ортағасыр кезеңі. Бұл кезеңде Англияда мемлекетті басқарудың орталық жүйесі болмады, барлық билік англо-саксондық патшалардың қолында болды. Сол себептен де бұл кезең әр түрлі заңдармен, варварлық тайпалардың әдет-ғұрыптарумен сипатталды. [263]

Екінші кезең - XI – XV ғасырлар аралығын құрайды. Нормандық жаулау нәтижесінде жалпы құқық дамып бастады, ол патшалық сотпен құрылды. Осы кезеңде прецедент қалыптаса бастады, кейнректе ол ағылшын құқықтық жүйесінің ерекшелігін көрсететін негізгі буын болды.

Үшінші кезең – Тюдор династиясының басқару кезеңі, 1485 – 1832 жылдарды қамтыды. Осы уақыт ағылшын құқығының гүлдену уақыты деп саналды. Жалпы құқықтың нормаларымен қатар, ағылшын құқығына әділеттілік құқығы нормалары енгізілді, ол Вестминстрлік патшалық соттардың қызмет етуі нәтижесінде қалыптасты. Бұл кезеңде Парламент шығарған заңдардың рөлі артып, заңдар құқықтың қайнар-көзі бола бастады және оның үстемділіг айқындалды. [264]

Төртінші кезең – XIX ғасырдан бастау алады, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл кезеңнің басында түрлі құқықтық және соттық реформалар жүргізілді. Бұл реформалар процессуалдық құқықтармен қатар, материалдық құқықтардың маңызын арттырды. Түрлі нормативтік-құқықтық актілер жүйелендіріліп, көптеген актілердің күші жойылды. [265]

Осылайша, XIX ғасырдың 70-ші жылдары Англияда кешенді сот реформасы жүргізілді, ол барлық сот қызметіне қатысты жүзеге асырылды. Жоғарғы сотқа үш соттың өкілеттігі беріліп, жалпы құққы пен әділ құқық біріктіріліп, аралас құқықтық жүйе пайда болады, қазіргі уақытта ол «common law» деп аталады. [266]

2005 жылдан бастап Англияда конституциялық реформалар туралы акті қабылданып жаңа сот жүйесі енгізілді. Бұл Жоғарғы сот Англияның, Уэльстің және Солтүстік Ирландияның барлық соттарына аппеляциялық шағымдарды қарауға өкілетті болды. [267]

Қазіргі кезде ағылшын құқығының басты қайнар-көзі соттық прецедент қала береді, ол жалпыға бірдей міндетті, күші бар, нақты іс бойынша соттың шығарған шешімін білдіреді. Олардың құқықтық нормаларының ерекшелігі де осыда. Ал құқық шығармашылық мұнда күрделі құрылым мен егжей-тегжей рәсімделуімен ерекшеленеді.

Англо-саксондық құқықтық отбасыдағы құқықтың құрылымы романо-германдық құқықтық отбасының тұжырымдамасына қарағанда әлдеқайда басқаша. Ағылшын құқығындағы прецедент құқықтық ереже болып табылады, және ол міндетті сипатқа ие. Англияның осы күнге дейін жазылған конституциясы жоқ, оны парламент актілері алмастырады. Құқықтың қайнар-көзі ретінде заң шығарушылықтың жағдайы мәз емес, өйткені парламент актілерін соттар талқылайды да, сот прецедентіне айналады. Бұл құқықтық

отбасыдағы құқықтық танымның ерекше белгілері мына формулаға сай келеді:«Соттық қорғаудың құралдары – құқықтан да маңыздырақ». Талаптың нысаны, процедуралық ережелер, дәледемелер, мотивацияның қысқалығы, шығаратын шешімнің қатаң ритуалы, ауызша және үздіксіз соттық өндіріс – ағылшын құқығының ерекшелігі болып табылады. [268]

Арнайы әдебиеттерде «британдық құқық» деген түсінік жоқ, оның орнына «ағылшын құқығы» деген түсінік қолданылатыны туралы жазылған. Ағылшын құқығына Англия мен Уэльс құқығы кіреді. Сонымен қатар, Ұлыбританияда ағылшын құқығынан бөлек (рим құқығының элементтері бар) Шотландия құқығы және Солтүстік ирландия құқықтары да әрекет етеді.

Ұлыбританияның құқығы туралы сөз қозғалғанда ағылшын құқығы туралы, яғни Англия мен Уэльстың құқығы туралы айтылады.

Салыстырмалы құқықтанудың классигі Рене Давид былай деп тұжырымдайды: «Ағылшын құқығының қолдану аясы тек Англия мен Уэльспен шектеледі. Ол Біріккен Корольдіктің де Ұлыбританияның да құқығы болып табылмайды, өйткені Солтүстік Ирландия, Шотландия, Ла-Манш түбегі және Мэн түбегі ағылшын құқығына бағынбайды» - [269], деп жазады.

Баршаға мәлім болғандай, әлемнің құқықтық жүйелерінің негізгі типтеріне жалпы құқық жүйесі (англо-саксондық құқықтық жүйе) және континенталдық құқықтық жүйе (романо-германдық құқықтық жүйе) жатады. Бұлардың арасында өте көп айырмашылықтар бар, екеуі әр түрлі құқықтық жүйе болып танылады.

Ағылшын құқығы жалпы құқық жүйесіне (common law) жатады, ал қазақстандық құқық болса негізі романо-германдық құқық болып табылатын континенталдық құқықтық жүйеге кіреді. [270]

Ағылшын құқығын жиі прецеденттік құқық (case law) деп те атайды. Бірақ бұл шындыққа жанаспайды, өйткені прецеденттік құқық ағылшын құқығының басым бөлігін құрайды. Дей тұрғанымен, ағылшын құқығы соттармен қалыптастырылды, олар ол кезде істі әдет-ғұрыптарға сүйене отырып шешкен. Уақыт өте келе соттардың шешімі – прецеденттер төменгі тұрған соттарға міндетті бола бастады. Бірақ та, прецеденттік құқықпен қатар Англияда әділеттілік құқығы да орнады (law of equity). Ол лорд-канцлер соттарымен құрылады, әділеттілкті орнату туралы шағымдарды қарады. Лорд-канцлер Соты прецеденттік құқықпен байланысты болмады. 1873 жылы Сот құрылым туралы заң қабылданды. Бұл заң әділ құқықтың жалпы құқықтан басым екенін бекітті. [271]

Сондай ақ, Англия құқығында статуттық құқық деген ұғым бар. Формальді түрде Парламент актілері-заңдар сот прецеденттерінен басым болып табылады. Бірақ та іс жүзінде прецеденттік құқық бәрі бір негізгі болып танылды. [272]

Заңдармен қатар, негізгі қайнар көз уәкіл етілген заңдар болды. Уәкіл етілген заңдар үкіметтік ұйымдармен қабылданған заңға негізделген актілер болып табылады. Осы ретте сот егер ол өкілеттікті асырып қабылданған болса не рәсімдік бұзушылықтар орын алса уәкіл етілген заңның нормаларын тоқтатуы мүмкін.

Англия құқығында құқық жеке және жария етіп бөлінбейді.

Рене Давид өз еңбектерінде: «Құқықтың құрылымында, біз көргендей, өзгешелік өте көп. Құқықтың біз білетіндей жеке және жария деп бөлінуін, біз, ағылшын құқығынан таппаймыз, олардың құқығы азаматтық құқық, сауда құқығы, әкімшілік құқық, әлеуметтік қамсыздандыру құқығына бөлінбейді. Мұның орнына ағылшын құқығында бірінші кезекте құқықтық жалпы құқыққа және әділ құқығына бөлінгенін көреміз» - деп жазады. [273]

Өз ойын арықарай жалғастыра келе Р.Давид былай деп тұжырымдайды: "ағылшын құқығында ата-ана билігі, узуфрукт, заңды тұлға, алып күш, билікті асыра пайдалану деген ұғымдарды табу мүмкін емес. Бірақ та бізге беймәлім түсініктер өте көп: сеніп тапсыру меншігі, қарсылас қанағаттандыру, эстоппель, треспасс және т.б. Бұл терминдердің мағынасы басқа тілдерге аударылмайды, бізге белгісіз терминдер. Оны аудару қажет болса, оның мән-мағынасы жоғалады. Ағылшын құқығындағы «келісім» мағынасы француз құқығындағы «келісім» мағынасына, ағылшындық әділ құқығы – equity франциялық «әділеттілікке» дәлме-дәл келмейді; administrative law – әкімшілік құқық емес, ал civil law – азаматтық құқық емес". [274]

Ағылшын құқығы континенталдық құқықпен үйлесімді бола алмауының бір себебі, континенталды құқық рим құқығынан шықты, ал ағылшын құқығы көптеген себептер бойынша рим құқығын өзіне ендіре алмады.

Біріншіден, рим құқығы жеке сипатта болды, оны патшалық – вестминстрлік соттар қолдана алмады, өйткені олар өз құзыреті шегінде жария-құқықтық дауларды шешіп отырды. Екіншіден, рим құқығының рецепциясы жолында Англияда рим құқығымен ұштаспайтын жергілікті әдет-ғұрып және салт-дәстүрлері кедергі болды. Үшіншіден, бұл Англияның эволюциялық және жалпы құқықтың шеңберінен шықпау қажеттігі болған оның құқықтық жүйесінің дамуы ерекшеліктеріне байланысты болды. [275]

Ағылшын құқығының өзіндік, қайталанбас ерекшеліктерінің бірі болып сот билігінің тәуелсіздігінің жоғары деңгейде болуымен ерекшеленеді. Ол жалпы құқықтың – соттық құқық екенін білдіреді.

Соттар құқықты қалыптастырады және бұл шынайы билік болып танылады.

Қазақстанның және ТМД елдерінің құқығына англо-саксондық құқықтың қағидалары мен элементтерін ендіру туралы түрлі қадамдар мен ұсыныстар жасалды әлі де жасалып жатыр.

Қазақстанда заң реформаларын өткізу кезінде американдық кеңесшілермен біздің жүйеге жалпы құқықтың элементтерін ендіруге белсенді жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде, 1998 жылы американдық кеңесшілердің ықпалымен Акционерлік қоғам туралы заң қабылданды. Бірақта бұл заң жұмыс істемеді. Өйткені ол біздің құқықтық жүйеге сай келмеді, 2003 жылы ол өз күшін жойып, орнына жаңа заң қабылданды. Бұл заң континенталды құқықтық жүйеге негізделген құқықтық құжат болды. [276]

Дей тұрғанымен, бізге жат ұғымдардан алшақтауға тұра келді, атап айтқанда сенім меншігі-траст институтын ендіру біздің құқықтық жүйеге әбден келмеді. Ресей мемлекеті де осы институтты ендіруге біраз күш жұмсады, бірақ

бұл қадамдары іске аспады. Біздің жалпы құқық пен континенталдық құқықтық айырмашылығын түсінбегенімізден жабық акционерлік қоғам деген ұғым пайда болды. Жалпы құқықтағы жабық акционерлік қоғам, континенталдық құқықта жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып шықты.

Бастапқыда континенталдық құқықтық жүйеге англо-саксондық құқықтық жүйенің элементтерін ендіру шын мәнінде өте қиын әрі түсініксіз болды. Түрлі қақтығыстар орын алды, өйткені біздің өнегеміз, дәстүріміз, халықтың психикасы, билік элементтері англо-саксондыққа мүлдем келмеді.

Айтылғандардың барлығынан ағылшын прецеденттік құқықтың қазақстандық құқықтық жүйеге көп элементтері келмейтіні аңғарылады. [277]

Сондықтанда ағылшын құқығының имплементациясына аса назар аударып, тек керекті жерін ғана, біздің құқықтық жүйеге келетін тұстарын алуымыз қажет. Сонымен қатар, ағылшын құқығының түрлі институттарын имплементация жасауға да аса көңіл бөлу керек.

Құқық субъектілері институтын пайдалану барысында өте абай болу керек, өйткені ағылшын құқығында «заңды тұлға» деген ұғым мүлдем жоқ. Өкілдік институты мен келісім шарт құқығында ұқсастықтар бар, осы тұстарда қазақстандық құқыққа пайдасы тиетін қызықты элементтер бар. [278]

Осы кездері құқықтық отбасылар дамуды жалғастыруда. Әрбір мемлекет өзінің жеке құқықтық жүйесін құрай отырып, жиынтығында халықаралық құқықты құрайды. Ішкі мемлекеттік жүйемен халықаралық құқықтық жүйенің бірі бірімен үйлесуі белгілі бір ерекшелікке ие болып табылады: халықаралық құқықтық нориалар ұлттық құқықтық нормиалардан басым болады. Халықаралық одақ құра отырып, мұнымен әлем елдерінің көпшілігіі келіседі. Сонымен халықаралық құқық мемлекеттің ішкі заңдарын жетілдірудің факторы бола алады. Әсіресе бұл адам құқықтарын реттуде көрініс табады, көптеген елдердің конституциялары халықаралық стандарттарға сай келеді.

Құқықтық жүйелердің дамуына тек ұлттық құқықтық жүйенің дамуына ықпал ететін экономикалық, әлеуметтік және өзге де интеграциялар үдерістері өз ықпалын тигізіп қоймай, сонымен қатар құқықтың қайнар көздеерінің эволюциясына да өз әсерін тигізеді.

Интеграциялық үдерістердің күшеюі елдердің халықаралық топтасуынан көрінеді (ТМД, НАФТА, ЕуразЭС, АСЕАН және т.б.). Халықаралық бірлестіктің ең жоғары нәтижесіне Еуропалық Одақ қол жеткізді. [279]

Қазіргі кездегі Еуропалық континентте болып жатқан үдерістерді талдасақ құқықтық саланың еуропеизациясын көруге болады. ЕуроОдақтың ұлттық құқықтарды құқықтық кеңістіктен бірте бірте ығыстырып, жалпы еуропалық құқықтық институттарға ауытқуы үдерісі байқалып келеді. Мұндай үдерісті гармонизация деп те атауға болады, яғни құқықтық жүйелердің өзара жақындасуы мақсатында түрлі қарама-қайшылықтар жойылып, жалпы құқықтық институттар мен нормалар белгіне бастайды.

Қазіргі кезде құқықтық жүйелердің дамуы дамыған елдердің экономикасындағы құрылымдық өзгерістермен, олардың қоғамдық құрылысындағы өзгерістермен, және саяси жүйесіндегі өзгерістермен тығыз байланысты.

Романо-германдық құқықтық жүйе мен англо-саксондық құқықтық жүйелердің өзара байланысы байқалуда. Мұндай өзара байланыс нәтижесінде жалпы құқық отбасында прецеденттік құқықпен қатар позитивтік құқықтардыңрөлі көтеріліп, басты қайнар-көз болып жатқанын аңғаруға болады. [280]

Құқықтық жүйелердің дамуы туралы мәселені қарастыру барысында құқықтық жүйенің жаһанданумен тығыз байланыста болатынын ескерген жөн. Ескі құқықтық теориялар өзгерістерге ұшырап, оның орнына жаңа «құқықтық модельдер» келеді, олардың негізін жаңа құқықтық мәдениет, жаңа идеология, адамның құқықтық ортасын тануға бағытталған жаңа методологиялық ізденістер құрайтын болады. [281]

Құқықтық жүйелерді түсіну үшін «құқықтық таным», «құқық шығармашылық», «құқық қолданушылық» категориялары түйінді болуы керек.

Құқықтық жүйелердің дамуына ықпал ететін консолидация, унификация және гармонизация секілді факторлар құқықтық жүйелердің өзара тығыз байланыста болуын және бірі бірімен өзара әрекеттесуіне көмектеседі, басқа құқықтық жүйелердің жағымды жетістіктерін өзіне алуға жәрдемдеседі. Бұл, қазіргі уақытта Ұлыбритания, АҚШ мемлекеттерінде жиі байқалады. Бұл елдерде прецедентпен қатар заңдар да қолданылады. [282]

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста докторант тарапынан мынандай ғылыми қорытындыларға қол жеткізілді:

1 Адам құқығы қоғамның дамуындағы белгілі бір кезеңнің нәтижесі болды, онда қоғамдық сана әр адамның барлық әлеуметтік перспективалар үшін сақталуының маңыздылығын түсіну деңгейіне жетті. Сондай-ақ, құқықтар адамның өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген белгілі бір әлеуметтік-экономикалық деңгейді бағындырған қоғамның нәтижесі болды. Әрине, мемлекет өзінің әлсіз экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да дамуы себепті адамның барлық өмірлік қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайды. Дегенмен, прогрессивті құқықтық мемлекет пен қоғамның дамуы үшін адам мемлекет саясатында іске асырылатын перспективалық идеялар адам мен азаматтың құқықтары саласы сарқылмас және ерекше маңызды болып табылады деп айтуға негіз береді.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі - қоғамның әлеуметтік құрылымымен, демократия деңгейімен, заңдылықтың, адамның табиғатымен тығыз байланысты болатын маңызды саяси және құқықтық санаттардың бірі. Адам құқықтары мен бостандықтарының үш буынын талдау негізінде құқық иерархиясының олардың маңызы жағынан қолайсыздығы негізделеді. Адамның құқықтық мәртебесі мен құқықтық мемлекеттің өзара әрекеттесуі адамның құқықтық мәртебесін және қоғамдағы және мемлекеттегі позициясын сипаттайтын адам құқықтары мен бостандықтарын бағалауға мүмкіндік беретін әлемдік өркениеттің жалпыға ортақ және әмбебап адами құндылықтары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында объективті түрде жүретін органикалық байланыс процестерінің аясында өтеді.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын заңи бекіту мен көрініс табу тәсілдері әр түрлі болады, бірақ та көп жағдайда олардың негізгі қайнар көзді конституциялар болып табылады. Жеке тұлғаның мәртебесі туралы мәселе конституцияның мазмұнындағы басты мәселелердің бірі. Адам мен азаматтың мәртебесін конституциялық реттеу негізгі, іргелі, сондай ақ бастапқы, туынды, базалық болып табылады, өйткені ол жеке тұлғаның мәртебесіне қатысты заңдардың және өзге де құқықтық актілердің мазмұнын анықтайды.

2 Қазақстан Республикасында азаматтық институты тек формальді-құқықтық институт ретінде ғана қалыптасып қойған жоқ, ол сонымен қатар, барлық азаматтармен танылған саяси-құқықтық құқықтар мен міндеттердің шынайы жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Қазіргі мемлекеттегі азаматтық либералды-демократиялық реформалар, адамгершілік және адам құқықтары, мемлекеттің әлеуметтік функциясы болмаса дамымайды. Азаматтықты қазіргі құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек, себебі, азаматтықтың дамуы, азаматтың әлеуметтік-саяси жауаптылығы қоғамдық қатынастардың саяси дамуын көрсетеді және мемлекеттің одан ары жетілуі және дамуы жолдарын айқындайды.

Шын мәнінде, алғаш рет адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттерін конституциялық тұрғыда бекіту 1937 жылғы ҚазССР-нің Конституциясында

орын алды. 1978 жылғы ҚазССР-нің келесі Конституциясы адам мен азаматтың құқықтық мәртебесін одан әрі нығайтты. Тек, тәуелсіз Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған қолданымдағы еліміздің Конституциясы алғаш рет адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық деп жариялады, адам және азамат құқықтарының халықаралық принциптерін ғана емес, сонымен бірге бірқатар халықаралық конвенцияларға кіруіне негіз болды.

Азаматтықтың болуы тұлға мен мемлекеттің өзара қатынасын және байланысын білдіреді. Біздің ойымызша, бұл байланыс азаматтықтың кең тұрғыда мазмұны мен әлеуметтік мәнін көрсетеді. Қазіргі кезеңдегі құқықтық мемлекеттегі азаматтықтың түсінігі мәні мен құқықтық нысаны ретінде адам мен мемлекеттің саяси байланыс болып табылады, ол бірінші кезекте тұлғаның саяси мүмкіндіктерін, екінші кезекте тұлғаның құқықтық мәртебесінің іске асырылуының қажетті жағдайы болып табылады.

Азаматтықтың негізі - адам мен қоғам арасындағы нақты әлеуметтік байланыс. Мемлекеттің еркімен бұл қатынас жаңа сапалы маңыздылыққа ие болады: ол тұрақты саяси және құқықтық байланысқа айналады. Бұл жағдайда азаматтықтың заңды ерекшеліктері оның әлеуметтік сипатын көрсетуі керек.

Азаматтықтың заңи қасиеттері оның тұрақтылығы мен уақыты, оның тиімділігі, азаматтыққа қатысты ресми дәлелдің болуы, азаматтарды шетелдіктерден ажырататын құқықтар мен міндеттердің ауқымы. Азаматтықтың бұл ерекшеліктері тек ұлттық ғана емес, халықаралық құқықта да сипатталады. Халықаралық құқық азаматтық концепциясын түсінуді дамытуға баға жетпес үлес қосты.

3 Ұлыбританиядағы адамның және азаматтың құқықтық мәртебесін құру конституциялық құқықты қалыптастырумен байланысты. Азаматтардың әртүрлі санаттарының негізгі құқықтары мен бостандықтары Ұлыбританияның «жазылмаған» конституциясының классикалық құқықтық актілерінде ғана емес, сонымен қатар конституциялық мазмұнды актілер ретінде шоғырландырылған Конституция болмаған кезде қарастырылуы тиіс 1215 жылы Еркіндіктің Ұлы Хартиясында, 1628 жылы Құқықтар петициясында, қазіргі таңдағы Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Конвениясында, 1998 жылы Адам құқықтары туралы Актісінде көрініс табады.

Халықаралық құқық азаматтық құқықтық реттеудің негізгі принциптерін қалыптастыруға ықпал етеді, мысалы, азаматтық алу құқығы, азаматтықтан ерікті түрде айыруға тыйым салу. Бұл жалпы қағидалар азаматтық мәселелері бойынша ұлттық құқықтық жүйелердің жақындасуына бағытталған, азаматтыққа қатысты ішкі мемлекеттік актілердің заңдылығына критерий ретінде қызмет етеді және конституциялық және халықаралық құқықтағы азаматтық институты арасындағы байланыс болып табылады. Ұлыбританияда, адам құқықтарымен айналысатын мамандандырылған үкіметтік құқық қорғау институттарының 3 түрі бар, бір-бірінен тәуелсіз жұмыс жасайтын - Омбудсмен (Парламенттік комиссары), Адам құқықтары жөніндегі комиссия, сондай-ақ субъективті құқықтары мен заңды мүдделерін жекелеген түрлерін қорғауға арналған арнайы комиссар. Британдық Достастық мемлекеттеріндегі

омбудсмен институты бірқатар жалпы сипаттамаларға ие: а) Парламентпен институционалды түрде байланысқан жеке тұлға болып табылатын мемлекеттік мекеме; б) тек қана қарауына «жаман басқаруға» («әкімшілік бұзушылықтар жіберілген») байланысты шағымдар жатады; с) оның адам құқықтары саласындағы қызметінің негізгі нысаны - белгілі бір азамат арасындағы дауларды реттеу және тараптармен келісу арқылы қоғамдық билікті ұйымдастыру және субъективті құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын жою туралы ұсыныс беру.

4 Қазақстан Республикасы және Британ құқықтық доктриналарына сәйкес, адамның құқықтық мәртебесінің негізін құрайтын маңызды элементтер азаматтығы (подданство, бодандық), құқықтық мәртебе қағидалары және тікелей азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің жалпы қағидаттары адамның құқықтық жағдайының негізгі шекараларын оның құқықтық қабілетін жүзеге асырудың барлық салаларында, қандай қоғамдық саладағы қоғамдық қатынастың реттелуіне қарамастан, алдын-ала анықтайды. Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер адамның құқықтық мәртебесінің негізін, өзегін, ядросын құрайды, ол Қазақстандық және Британ заңнамаларының барлық салаларының нормаларының тұтастығымен анықталады.

5 Қазақстан Республикасында адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын институттарды, органдар мен ұйымдарды көбейту қажет. Сапасына, атқаратын қызметіне, қойылатын мәселелердің заңға сәйкес оңтайлы шешілуіне назар аудару қажет. Кез-келген мәселенің тиісті заңнама арқылы құқықтық қорғалуы, халықаралық құқықтық шарттарды мемлекетте ратификациялау, қолданылу аясы іс жүзінде жүзеге асқан кезде кеңес беретін сапалы комиссиялардың көптеп ашылуы - елде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдерінің жетілуіне нық баспалдақ десек, қателеспеген болатын едік.

Алдына қойған мақсатты шешудің толықтылығы. Диссертациялық жұмысты дайындау барысында докторант жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне, оның ішінде адам құқықтары мәселесіне қатысты тұжырымға негізделген еңбектермен қатар, жалпы адам құқықтары мен бостандықтары, азаматтық институтының құқықтық негіздерін айқындауға бағытталған, отандық және шетелдік монографиялық және диссертациялық еңбектерді, мерзімді басылымдардағы адам құқықтары мәселесіне қатысты мақалаларды, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің түсінігі мен маңызын, тарихи даму ерекшеліктерін, жеке тұлғаның азаматтығы институтының негіздерін айқындайтын қазақстандық және шетелдік нормативтік-құқықтық актілерді кең көлемде пайдаланған. Сондықтан да, докторант тарапынан қойылған міндеттер толығымен өзінің шешімін тапқан.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін нақты қолдану туралы ұсыныстар:

1 Ұлыбритания мемлекетінің Омбудсмен институтының оңтайлы тұстарын еліміздің тәжірибесіне енгізу қажет. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі N 947 Жарлығымен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы

ережеге азаматтардың жағымсыз басқаруға берген шағымдарын қарастыру үшін “Әкімшілік істер жөніндегі Парламенттік Комиссар” қызметін, “Зейнетақы мәселелері бойынша Комиссар” қызметін, “Баспасөзге шағым бойынша Комиссар” қызметін, “Кәсіподақтар мүшелерінің істері бойынша Комиссар” қызметін енгізу керек;

2 Елімізде сот әділдігін жүзеге асыру үшін ағылшын құқығының қағидаларын ендіру қажет;

3 Британдық судьялардың беделінің жоғарылығы соншалықты, олар тек ел ішіндегі дауларды ғана емес, сонымен қатар халықаралық дауларды да шешеді. Британдық судьялардың әлемдегі ең мықты судьялар болып есептеледі. Еліміздің сот жүйесін жетілдіру негізінде судьялардың біліктілігін арттыру керек, сол арқылы судьяларымыз тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейдегі істерді шешуі үшін судьяларды дайындауымыз қажет;

4 Ағылшын қаржылық жүйесінің 70 пайызы ислам банкингіне негізделген, біздің еліміздің экономикалық жағдайын арттыру үшін ағылшын қаржылық жүйесінің тәжірибесін ескере отырып, ислам қаржыландыруын ендіруіміз керек;

5 Қазақстан Республикасының «Азаматтығы туралы» заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Біріншіден, Қазақстан Республикасының азаматтығын алатын, қабылдайтын талаптарды күшейту қажет. Дамыған елдердің тәжірибесін ескеріп, мысалы біз қарастырған Ұлыбритания мемлекетінің «Азаматтығы туралы» заңына сәйкес, әрбір ересек адам британ азаматтығын қабылдау үшін 1330 фунт (шамамен ол 600-700 мың қазақстандық теңгеге сай келеді), әр балаға 1012 фунт (шамамен ол 500-600 мың қазақстандық теңгеге сай келеді) көлемінде қаржы шығарады. Ұлыбритания елінің тәжірибесі негізінде, осындай талапты Қазақстан Республикасының да «Азаматтық туралы» заңнамасына енгізген тиімді әрі оңтайлы деп есептейміз;

6 Қазақстанда бизнесты дамыту мемлекеттің басым бағыттарының бірі болып саналады. Елімізде бұл мәселені реттейтін бірқатар заңнамалар бар. Бірақ бұл заңнамаларда бизнесты дамытуға қатысты, бір қадамның артынан екінші қадамдарды туындататын өте күрделі рәсімдер көп белгіленген. Осының нәтижесінде іс жүзінде судьялар бизнес саласын жоғары деңгейде түсінбеушіліктер туындап жатады. Осы ретте ағылшын құқықтық жүйесінде арнайы коммерциялық арбитраждар мен салалық аралық соттар жүйесі кеңінен таралған. Ағылшын құқықтық жүйесіне тән осы сот практикасын елімізге ендіруге әбден мүмкін болар еді.

Ұсыныс енгізудің тиімділігін бағалау. Алынған теориялық нәтижелер мен ұсыныстарды енгізу, бірқатар мемлекеттік органдардың – сот, прокуратура, ҚР ІІО, Әділет Министрлігі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі, жергілікті мемлекеттік органдардың қызметін нығайтуға көмектеседі, сонымен қатар нотариат пен адвокатура қызметтерін жетілдіруге және адам құқығын қамтамасыз ету саласындағы қолданымдағы заңнамаларды жетілдіруге бағытталған. Сондай ақ, әрекет етіп жатқан қолданымдағы заңдардың сапасын көтереді, қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетін

көтермелеуге және Қазақстандағы азаматтардың құқықтарының тиімді қорғалуын арттыруға ықпал етеді.

Осы аядағы үлкен жетістіктермен салыстыру. Адам құқықтарын қорғаудың жалпы сұрақтары Қазақстан және ТМД-ның кейбір елдерінің заң ғылымдарында қарастырылған. Салыстырмалы құқықтану, шын мәнінде, заң ғылымы үшін үлкен мәнге ие, өйткені шет елдердің құқықтық жүйелерін зерттей және талдай отырып, ішкі заң жүйесіндегі кемшіліктерді байқауға, анықтауға, өзгерістер енгізуге және белгілі бір мемлекеттің құқықтық жүйесін жетілдіруге болады.

